



# ҚАЗАК ӘДЕБИЕТІ

Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер апталығы

12+



№29 (3974), 25 шілде, 2025 жыл

1934 жылы 10 қаңтардан шыға бастады

www.qazaqadabiet.kz

## «...ӨЛЕҢІНЕ ӨЛМЕЙТІН ӨМІР ТІЛЕП, ЖЕР БЕТІНЕН БІР АҚЫН ӨТТІ ДЕРСІҢ...»

*Аз білерсің мен жайлы, көп білерсің,  
Бірмезгіл көңілге аза шектірерсің.  
Өлеңіне өлмейтін өмір тілеп,  
Жер бетінен бір ақын өтті дерсің.*

*Өтті дерсің бір ақын жарық күннен,  
Күлер болса өзегін жарып күлген.  
Талайлардың тұңғыық тағдырына,  
Абайлардың арманын алып кірген.*

*Болмағанмен ұлы Абай, ірі Қасым,  
Ақындар бар бірінен бірі басым.  
Соның бірі өмірден өтті дерсің,  
Музасы мен қалдырып мұңын асыл.  
Исраил САПАРБАЙ*



## НАҒЫЗ ШЫҒАРМАШЫЛ ТҰЛҒА

Ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері И.Сапарбайдың отбасы мен жақын туыстарына.

Көрнекті ақын, сазгер, Қазақстанның халық жазушысы, Парасат орденінің иегері Исраил Сапарбайдың дүниеден өтуіне байланысты отбасы мен жақын туыстарына көңіл айтамын.

Исраил Сапарбай ғибратты ғұмырын киелі сөз өнеріне арнаған, төл әдебиетіміздің көкжиегін кеңейтуге зор үлес қосқан

дарынды каламгер еді. Ұлттық поэзия мен драматургияда өзіндік қолтанбасын қалдырып, нағыз шығармашыл тұлға ретінде өнімді еңбек етті. Қалың оқырман өміршең туындыларымен қатар ұлтжанды азаматтығын жоғары бағалады.

Соңына бай әдеби-мәдени мұра қалдырған Исраил Сапарбайдың жарқын бейнесі мен есімі ұмытылмайды.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,

Қазақстан Республикасының Президенті

### «ӘДЕБИЕТ САЯСАТТАН ДА МАҢЫЗДЫ»



8-9-бет

### ДОМБЫРА – ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ БЕЙНЕСІ



13-бет

### ӘН-ӘМІРЕ



17-бет

### МӘРМӘР ТАСТАҒЫ ЖЫР ЖОЛДАРЫ



20-21-бет

## «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ» СҮЙЕНЕРІ — ОҚЫРМАН. ОҚЫРМАННЫҢ СҮЙІП ОҚИТЫН ГАЗЕТІ — «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ»

Газеттің индексі: жеке жазылушылар үшін – **65353**; мекемелер мен ұйымдар үшін – **15353**

Баспасөз-2025

«Казпошта» АҚ бойынша

Жеке жазылушыларға:  
Қалаларда:  
1 айға – 721,21 т.  
3 айға – 2 163,63 т.  
6 айға – 4 327,26 т.  
12 айға – 8 654,52 т.

Аудандар мен ауылдарда:  
1 айға – 721,21 т.  
3 айға – 2 163,63 т.  
6 айға – 4 327,26 т.  
12 айға – 8 654,52 т.

Кәсіпорындар мен ұйымдарға:  
Қалаларда:  
1 айға – 1 672,02 т.  
3 айға – 5 016,06 т.  
6 айға – 10 032,12 т.  
12 айға – 20 064,24 т.

Аудандар мен ауылдарда:  
1 айға – 1 416,21 т.  
3 айға – 4 248,63 т.  
6 айға – 8 497,26 т.  
12 айға – 16 994,52 т.

«Евразия пресс» ЖШС бойынша

Жеке жазылушылар үшін:  
1 айға – 746 теңге. 3 айға – 2238 теңге  
6 айға – 4476 теңге. 12 айға – 8952 теңге

Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін:  
1 айға – 1441 теңге. 3 айға – 4323 теңге  
6 айға – 8646 теңге. 12 айға – 17292 теңге



KASPI BANK

**ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН,  
«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» ГАЗЕТІНЕ  
KASPI GOLD ҚОСЫМШАСЫ АРҚЫЛЫ ДА  
ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ**

Ол үшін Kaspi Gold қосымшасына кіреміз:

1. ТӨЛЕМДЕР;
2. БАСҚАСЫ;
3. ҚР БАСЫЛЫМДАРЫ;

4. БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ (осы жерден «Қазақ әдебиеті» газетін таңдап, қанша айға жазылатыныңызды көрсетесіз).
5. Өз аты-жөніңізді, мекенжайыңызды толтырып, ақшасын төлесеніз келесі айдан бастап газетімізді ала аласыз.

# Исраил САПАРБАЙ

Қазақстанның Халық жазушысы, Тәуелсіз «Платиналы Тарлан» сыйлығының лауреаты, көрнекті ақын, белгілі драматург, талантты сазгер Исраил Сапарбай дүниеден озды.

Исраил Сапарбай — қазақ поэзиясының мәйегі мен драматургиясының терең иірімдерін қатар меңгерген біртуар суреткер. Оның ақындық жүрегінен туған махаббат лирикасы мен отаншыл рухтағы жырлары бірнеше ұрпақтың жүрегіне жол тапты. Сонымен қатар драматург ретінде де сахна өнерінде өзіндік қолтаңбасын қалдырды.

1941 жылы 15 мамырда Өзбек КСР-нің Самарқанд облысындағы Кушрабад ауданында туған. Шымкент педагогика институтының тіл-әдебиет факультетін бітірген соң, бірнеше жыл Шымкент облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газетінде жұмыс істеген. 1973—1975 жылдары Алматы Жоғары партия мектебін бітірді. 1976—1983 жж. Қазақстан Жазушылар одағының Шымкент облысаралық бөлімшесінде әдеби кенесші қызметін атқарып, 1983 жылы «Жалын» баспасына аға редакторлыққа ауысқан. 1984—1985 жж. «Қазақ әдебиеті» газетінде поэзия бөлімінің меңгерушісі, 1985—1992 жж. «Жазушы» баспасында поэзия бөлімінің меңгерушісі, одан соң «Қазақфильм» телестудиясында бас ре-

дакторының орынбасары, 1997—1998 жж. Сыртқы істер министрлігінің ТМД елдері бойынша Департаментінің I хатшысы, 1998—1999 жж. Өзбекстан Республикасындағы Қазақстан елшілігінде II хатшы қызметтерін атқарды. Алғаш бір топ өлеңдері 1975 жылы «Көктем тынысы» ұжымдық жинағында жарық көрді. Республикалық «Жалын» бәйгесінің жүлдегері. 50-ге тарта әндер мен 200-ге тарта ән мәтіндерінің авторы. «Ауылдан келген ару», «Әмір-Темір», Абай-Тоғжан», «Сыған серендасы», «Махаббат мейрамы» пьесалары театр сахнасында табыспен қойылып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Оның драмалық шығармалары — қазіргі заман адамдарының жан күйзелісі мен ішкі арпалысын шебер бейнелейтін терең туындылар.

Түркі поэзиясы халықаралық фестивалінің, Қазақстан Жазушылар одағының I. Жансүгіров атындағы сыйлығының лауреаты.

Қазақ оқырмандары Исраил Сапарбайды өз дәуірінің, шын мәніндегі рухани тұлғасы, көркем сөздің үлкен шебері ретінде ұмытпайды.

Қазақстан Жазушылар одағының  
Басқарма хатшылығы

## ОҚЫРМАННЫҢ ЖАДЫНДА САҚТАЛАДЫ

Халық жазушысы, лирик ақын, драматург, сазгер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Исраил Сапарбайдың қайтыс болуына байланысты орны толмас қайғыларыңызға ортақтасып, көңіл айтамын.

Исраил Сапарбай көптеген әндер мен ән мәтіндерінің авторы ретінде ұлт мәдениетін дамытуға өлшеусіз үлес қосты. Драма жанрында да айқын қолтаңбасын қалдырып, іргелі туындыларды өмірге әкелді.

Ағамыздың шығармашылығы мен жарқын бейнесі қалың оқырманның жадында ұзақ уақыт сақталады.

Марқұмның жаны жәннатта, иманы саламат болсын.

Мәулен ӘШІМБАЕВ,  
Қазақстан Республикасы  
Парламенті Сенатының  
Төрағасы

## ҚАРЫМДЫ ҚАЛАМГЕР, ДАРЫНДЫ ДРАМАТУРГ

Ұлттық әдебиетіміздің көрнекті өкілі, Қазақстанның халық жазушысы, белгілі ақын Исраил Сапарбайдың өмірден озғаны туралы суық хабар баршамыздың қабырғамызды қайыстырды. Ақын ағамыз беделін биікке көтерген қарымды қаламгер, дарынды драматург, қалың қазаққа кеңінен танымал тұлға болатын.

Оның сыршыл өлеңдері, жүректен шыққан бірнеше буын оқырман жадына жол тапқан жырлары қазақ поэзиясының рухани қазынасына, драмалық

туындылары сахна сәніне айналды. Артына мол шығармашылық мұра, өзіндік айшықты қолтаңба қалдырған абзал ағамыздың жарқын бейнесі жұртшылықтың жүрегіне сақталары анық.

Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын. Марқұмның туған-туыстарына қайғырып көңіл айтамын.

Ерлан ҚОШАНОВ,  
ҚР Парламенті  
Мәжілісінің Төрағасы

## ЕРЕКШЕ ТҰЛҒА ЕДІ

Қазақ әдебиетінің тағы бір алып бәйтерегі құлады. Халық жазушысы, алаш жұртының ардақты азаматы, көрнекті ақын Исраил Сапарбай ағамыз келместің кемесіне мініп, жарық жалғаннан өтті. Қаламгердің барша ағайын-туыстарына, отбасы мен жақындарына қайғыра көңіл айтамын.

Исраил ағамыз нәзік лирикасымен, сырлы да сазды жырларымен қазақ поэзиясында өз өрнегін қалдырған ерекше тұлға еді. Оның өлеңі елдің үніне, әні халықтың жүрегіне айналды. Сезімді тербеген сыршыл жырлары мен ойлы драмалары — руханиятқа қосылған баға жетпес қазына.

Сара сөздің, шынайы сезімнің шебері, көпшілікке қазақ поэзиясының кең тынысын танытқан ақын ағамыздың асыл рухы пейіште шалқысын.

Алла тағала рақымды алып, жаны жәннатта, топырағы торқа болсын!


Қош болыңыз, Исраил аға!

Аида БАЛАЕВА,  
ҚР Мәдениет және ақпарат министрі

## ӨНЕР МАЙДАНЫНАН ӨЗ ҮЛЕСІН АЛА БІЛГЕН

Егер Исраил Сапарбай сонау XIX ғасырда туылған болса, Ақан сері, Біржан салдар тәрізді аңыз тұлғаға айналар еді. Өйткені кинотеатры, радио, телевидениесі жоқ ол заманда сауықшыл халықтың өзі ақын, өзі сазгер, өзі әншіл бұндай бардтарға деген сұранысы сұрапыл болды. Тұлабойы тұнған өнерлі тұлғаларды халық аяғын жерге тигізбей қолдан-қолға көтеріп алып кететін. Исраил болса шоу бизнестен шаршаған біздің ғасырда дүниеге келсе де, бұл өнер майданынан өз үлесін ала білген бард болды. Осыған шүкір етсек керек-ті.

Смағұл ЕЛУБАЙ



## ЖАНЫ НҰРҒА, ЖҮРЕГІ ЖЫРҒА БӨЛЕНГЕН...

Иә...

Мына жарық ғаламды өмір дейтін ғажайып сұлу тіршілік айдының кейінгілерге аманаттап, бақи атты сыры мен жұмбағын Алладан өзге ешкім білмейтін екінші дүниеге аттанғанына, міне, төртінші күн болған Исраил Сапарбай, біз білетін Іскең шынында да осындай жаны нұрға, жүрегі сырға бөленген ерекше жан еді... Ол қашан көрсен, кеудесімен көңілін шүберекке түйіп, айналасына шуағы мен нұрын шашып, сезімі мен сенімін қанат етіп, құстай ұшып, бір күні киелі Қаратауды кезсе, бір күні айдынды Сарыарқаны шарлап, бір күні әулиелер мекені болған Түкістанға түнеп, бір күн арып-ашып, қасиетті Алатауына қайта оралып, жан жары марқұм Жұпарының қасына жеткеше құстай ұшып асығатын еді... Ағаға адал, ініге сыйлы, осынау екі келмес өмірді бар күнгей-көлеңкесімен қабылдап, достықты ардақтай білер, қайғы-қасырет пен қуаныш-шаттықты салмақтай білер Исраилмен алғашқы таныстығым осыдан түп-тура жарты ғасыр бұрын оқыған мына бір жыр жолдарынан басталып еді...

*«Өмір жолы қатпар сан,  
Әлімсақтан бұл аян.  
Түске дейін шаттансам,  
Түстен кейін мұңаям.*

*Жылдар көші жоңкіліп,  
Өтіп жатыр зырлап тым.  
Қанша күнді өлтіріп,  
Қанша түнді ұрлаттым...»* — деп басталатын жас ақындардың «Көктем тынысы» атты ұжымдық жинағына («Жазушы» баспасы, 1975.) енген топтама жырларының маған айырықша ұнағаны есімде. Жинақты құрастырушы ақын досым Жарасқанға Исраилдың өлеңдері ұнағанын айтқанымда, ол: «Дұрыс таныпсың. Нағыз ақын. Шымкентте тұрады. Бір келгенде таныстырамын. Достыққа лайық жігіт!» — деп еді... Бүгін, міне, Алматының ұлы қорымынан қайтып

келе жатып, жастық пен жырдың ессіз буы жетектеген сол күндер есіме түсті...

Исраилмен өлеңдері арқылы жастық шағымның көзіндей болған досым Жарасқан таныстырса, атын айтып, түсін түстеп жолықтырған, табыстырған бозбала күнгі досым Иранбек (Иран Ғайып).

1982 жылы әкем өмірден озғанда екеуі үйге арнайы іздеп келіп, көңіл айтып еді... Содан бері арамыз өзгерген емес. Өлең дейтін асау атты қатар жүріп тізгіндеп, адал әріптес, әділ қаламдас, дос, замандас болдық! Өмірдің асу-асу белдері мен сан қия соқпақтарында да бірге жүрдік. Іскең әдебиет дейтін әлемнің есігін бізбен бірге ашып, босағасын бізбен қатар аттағанымен, жасы бізден біраз үлкен болғандықтан ба, қаламдас-қатарластарының артық-кем мінездеріне кең қарайтын еді...

Өнер мен өмірдің өрісін тарылтар ұсақ әңгімеге бармайтын! Ол мына тазалық пен адалдық «қызыл кітапқа» еніп бара жатқан аса қиын да күрделі дәуірде өлең мен жырдың, ән мен саздың қанатында жүріп, жан-жүрегің пендешіліктің қакты-соқтығына ұрындырмай, ұлтына, ұрпағына деген махаббаты мен суреткерлік ұстанымына шаң қондырмай ғұмыр кешкен бекзат бітімді сиректеріміздің бірі, бірегейі еді...

Бақұл бол, қазақтың біртуар перзенті! Екі ғасыр тоғысында оқырман жүрегі мен көрермен көңілін қапысыз жаулаған сиректеріміздің бірі, айдынды сазгер, айтулы драматург, шебер аудармашы, ұлт лирикасының ұлы кеңістігіне өзінің өзгеше әуез-сарынымен енген классик ақын!

Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болсын!

Рухың пейіш төрінде шалқысын, Іске!

Нұрлан ОРАЗАЛИН,  
Қазақстан Республикасы  
Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

## ЕЛГЕ АДАЛ ҚЫЗМЕТ ЕТТІ

Исраил ағамыз — қазақтың ең бір нәзік лирик ақыны, оның жан дүниесінен шыққан шығармалары сұлулық пен ғашықтықты, адалдық пен адамгершілікті жырлайтын өлеңдерімен, жырларымен, әндерімен көпшіліктің көңілін жаулап алды. Себебі ақынның шығармалары жан дүниенді толқытады, тебіренеді, өлеңін оқып, әндерін естіген кезде демаласың, шаршағаның басылып, күш қуат аласың. Ақын ағамыз өз өлеңдеріне ән шығарып, көптеген белгілі сазгерлер мен композиторларға ән мәтіндерін жазды. Исраил аға — өте қарапайым, кішіпейіл, елге адал қызмет еткен тұлға. Өмір бар жерде өлім бар екені рас. Сонынан ерген ондаған, жүздеген шәкірттері бар ағамыздың есімі ешқашан ұмытылмайды. Өз ұрпақтарымен, қазақ әдебиетімен бірге жасай береміз.

Қазақтың көрнекті ақыны, сазгер, Қазақстанның Халық жазушысы Исраил Сапарбаевтың отбасына, туған-туыстарына, әріптес достарына, Қазақстан Жазушылар одағына, бүкіл қазақ еліне көңіл айтамын.

Қуаныш АЙТАХАНОВ

# ШЕКАРА САРБАЗДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Қазақстан Республикасының Ұлттық Қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Жетісу облыстық департаменті мен Қазақстан Жазушылар одағы арасында жасасқан меморандум аясында ҚЖО-ғы атынан мен – Бақытбек Бәмішұлы, ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облыстық департаменті атынан баспасөз хатшысы, әскери журналист, подполковник Манарбек Қарекеновтің басшылығындағы Алакөл аудандық шекара басқармасына сапарлап қайтқан еді.

Бұл біріккен жобаның негізгі мақсаты – шекаралық аймақтарда еліміздің түкпір-түкпірінен келіп шекара қорғап жүрген сарбаздармен бетпе-бет кездесу өткізу. Кездесу барысында шекарашы сарбаздардың қызметі, көңіл күйлері, жағдайымен жете танысу, олармен бабалық дәстүрлі Отан қорғау сабақтастығы, ұлттық дәстүр жайында тәрбиелік мазмұнды сабақ жүргізіп, ата-бабалардың ерлік жолын насихаттау, шекарашыларымыздың мәртебесін, ұлттық рухын көтеріп, отаншылдық, патриоттық рухта шығармашылық өнер өкілдерімен келелі кездесу өткізу еді.

Алакөл ауданының орталығы Үшарал кентіне көз байлана жеткен біз Қазақстан Республикасының Ұлттық Қауіпсіздік комитеті, Шекара қызметінің Жетісу облыстық департаменті Алакөл аудандық шекара басқармасының бастығы подполковник М.Рысдаулетов мырзаның қабылдауында болып, іссапар барысын таныстырдық. Біздің келетінімізден күні бұрын хабардар отырған басшы ары қарайғы сапарымыздың ойдағыдай орындалуы үшін барлық жағдай жасалатынын айтып, жылы жүзбен, сәт сапар тілеп аттандырды. Біз кештетіп Достық шекара бөліміне бет түзедік. Бұл – еліміздің қиыр шығысындағы Қытай мен аралықтағы Достық кеден бекеті. Жеткен күні кешкі уақытта



карамастан, «Жетісу» шекара бөлімшесінің жеке құрамымен кездесу ұйымдастырылды.

Достық кеден бекетінің заманауи жаңа қонақүйінде демалып, ертеңгісін Достық шекаралық бақылау бөлімінің сарбаздарымен кездесу өткіздік. Одан кейінгі жолымыз Жалаңашкөл, Айдала, Шыңдалы, Селті және Алакөл ауданы орталығындағы Кәсіби техникалық қайта даярлау бөлімінде жалғасты.

Шекара бөлімшелеріне апаратын жол тақтайдай, дірілдек, шокалақтың бәрін кырып тастаған, ойлы-шұңқыр түгел тегістелген, шашын тықырлап ұстарамен алған бастай жып-жылтыр майда жол асфальттай, тұяқ ілер тассыз, тап-тақыр. Жол солай болса да бізге тау тасқа жүйрік екі су жаңа авто көлігін дайындап қойған екен. Тізгінде шопыр-сарбаздар әрі автомеханик.

Әр бөлімшеде бізді сақадай сай, тап-тұйнақтай киінген, жұтынып тұрған жас сарбаздар қарсы алды. Сарбаздардың жай-күйі, жағдайы, ішкі жан дүниесі көз қарас, қабақтарынан-ақ көрініп тұрды. Көңілдері сергек, көздерінде от! Һәм қағылез. Қимылдары ылдым. Олардың тап-таза жатын орын, кітапхана, асхана, оқу-жаттығу бөлмелерімен танысып, емен-жарқын ашық әңгіме өткіздік. Аспаз-сарбаздардың өздері жасаған сорпа-суынан ішіп, өздері пісірген иісі бұрқыраған нанын, тәтті салаттарын сүйсініп жедік.

Біз әуелі амандасқанда «ел аман,

жұрт тыныш па?» дейтін халықпыз. Тілек тілегенде, көпке бата бергенде «ел іргесі аман болсын!» дейміз. Ел іргесі дегеніміз – шекара. Шекара аман болса, шекара қыл өтпестей берік болса ел аман, жұрт тыныш. Бұл амандықты көзінің қарашығындай сақтаушы біздің шекарашыларымыз. Шекарашы болу – ең қасиетті, ең мәртебелі, ең құрметті, ең абыройлы іс. Ол – екінші біріне бұйыра бермейтін, жігіттің жігітінің маңдайына жазылған бақ. Ертең әскери міндетін аман-есен абыройлы атқарып елге оралғанда ел қорғағанын, жер қорғағанын мақтанышпен жыр қылып айтады. Елдің тағдыры, жердің бүтіндігі шекарашылар қолында екенін жеткізуді өзімізге біз де міндет, борыш санағанбыз. Әрбір азамат үшін мемлекетшілдік сана басты ұстаным, ол от басынан, бесіктен, ана сүтімен бойға қонатын рухани байлық екенін әр кездесуімізде, шекарашы сарбаздар алдында сөйлеген әр сөзімізге арқау еттік.

Рухты өлеңдерімізді оқып, өнерлі, өнерпаз сарбаздарымыздың ән-күйін, өлең-жырларын тыңдап, бір атаның баласындай берекелі, ынтымақты, жұмылған жұдырықтай, ертеңіне деген сенімі зор, көңілдері тоқ Отан шебіндегі шекарашы жастарымызды көріп көзайым болып, бұндай кездесулер жыл-жыл сайын жүзеге асып, жалғасын тауып жатса құба-құп болар еді деген ізгі тілекпен оралдық.

**Б.БӘМІШҰЛЫ**

## ҚАЛАМҒЕРДІ ЕСКЕ АЛДЫ

Талдықорған қаласында Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, белгілі сатирик-жазушы марқұм Тұрлыхан Кәрімнің тұрған үйінің қабырғасына қалалық ардагерлер ұйымының мұрындық болуымен, Қазақстан Жазушылар одағының Жетісу өкілдігінің ұсынысымен ескерткіш тақта орнатылды.

Сатирик қаламгер тірі болғанда шілде айының 15 жұлдызында 70 жасқа толар еді. Ол «Тілімнің тікені бар», «Күлдіргім келіп тұрады» атты сатиралық жинақтарымен қатар «Махаббат оты сөнбейді», «Қаракөз» сияқты прозалық кітаптары арқылы және «Талдықорған» газетінің алғашқы редакторы ретінде де ел есінде қалды. Сондай-ақ еліміз тәуелсіздік алған жылдары жетісулық қаламдастары Тұрсын Әбдуәли, Әбен Дәуренбек, Қанат Асқаровтармен бірге қаладағы мектептер мен көше атауларын қазақыландыруға бел шеше атсалысқан қайраткер тұлға болғанын да жетісулық ағайын әлі ұмыта қойған жоқ.

2022 жылы ауыруы асқынған ағамыз өмірден өтерінен бір күн бұрын баласы Дәуренмен Кеңсаба әулие жатқан қорымның маңына барып, сол жерден өзі орын тандап, кездескен қабіршілермен әзілдесіп: «Біреу күнде бұл мекенге өзім де кеп қалармын», – деген екен, жарықтық. Тағдыр мұның әзілге жеңдірген оптимист жазушының дәл өмірге келген күні ұйымдастырылған осынау рухани шараға қалалық ардагерлер ұйымының мүшелері және жетісулық зиялы қауым мен БАҚ өкілдері жиналып, қаламгерді еске алды.

Шара барысында Талдықорған қалалық ардагерлер ұйымының төрағасы Ақшабай Керімбеков, Қазақстанның Құрметті жазушылары Әміре Әрін, Нүсіпбай Әбдірахым және танымал айттыскер ақын, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Айтқын Бұлғақовтар сөз сөйлеп, естеліктер айтып, тақтайшаның ашылу рәсімін атқарды.

Еске алу кешінің соңында Тұрлыхан Биаметұлының жары Гүлнар Ақойқызы мен ұлы Дәурен Тұрлыханұлы әулетінің атынан осынау игілікті іске атсалысқандарға алғыстарын білдіріп, жазушының рухына Құран бағыштатып, ас берді.

**Жангелді НЕМЕРЕБАЙ**  
Жетісу облысы

### «МЫҢ ЖЫЛДЫҒЫН БОЛЖАҒАН МӨҢКЕ БАБА» АТТЫ

#### Мөңке бидің туғанына 350 жыл толуына арналған республикалық жыр мүшәйрасының ЕРЕЖЕСІ

##### 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1.1. Ұлы ойшыл, дала философы, көреген Мөңке бабамыздың туғанына 350 жыл толуына орай «Мың жылдығын болжаған Мөңке баба» атты республикалық жыр мүшәйрасы 2025 жылдың қыркүйек айында Ақтөбе қаласында өтеді.

1.2. Жыр мүшәйрасының құрылтайшысы: Ақтөбе облысының әкімдігі.

1.3. Жыр мүшәйрасының уәкілетті органы: «Ақтөбе облысының Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» ММ. Байқаудың ұйымдастырушысы «Облыстық халық шығармашылығы орталығы» МКҚК.

1.4. Осы Ереже республикалық жыр мүшәйрасының мақсаты мен міндеттерін, жүргізілу тәртібін анықтайды.

##### 2. ЖЫР МҮШӘЙРАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ:

2.1. Ұлт тарихындағы елдік және ерлікті, мың жылдығын болжаған көріпкел, би, шешен атымен қалған Мөңке бидің өнегесін ұрпақ санасында насихаттау, ұлттық рухымызды асқақтатып, жас ұрпақтың

отансүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерін арттыру;

2.2. Ұлттық әдебиетімізді терең мағыналы, асқақ рухты жаңа жырлармен толықтыру, қазақ поэзиясына өзіндік үнімен келген дарынды тұлғаларды анықтау және оларды қолдау;

2.3. Рухани қазынамызды кемелдендіріп, тіл мәртебесін арттыру, елдегі береке-бірлікті және саяси тұрақтылықты дәріптеу.

##### 3. ЖЫР МҮШӘЙРАСЫН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ:

3.1. Байқауға үш тақырыпқа арнап жазылған шығармалар қабылданады:

1. «Мың жылдықты болжаған Тұранның ұлы тұлғасы» Мөңке би туралы поэзиялық шығармалар;

2. «Сөйлеген сөзі – сом алтын» Мөңке бидің шешендік сөздерін шығармаға арқау ету;

3. Еркін тақырып;

3.2 Республикалық жыр мүшәйрасына қатысушылардың жасына шектеу қойыл-

майды;

3.3. Үміткерлердің жазылған шығармалары берілген тақырыптар бойынша жазылуы тиіс және әрбір тақырыптардағы өлеңдер 25 шумақтан аспауы керек;

3.4. Шығармалар электрондық нұсқада Microsoft Word форматында (14 шрифт), жол арасы 1 интервал) Times New Roman (карпімен) ұсынылуы қажет;

3.5. Жыр мүшәйрасына бұған дейін ешбір газетте, журналда, кітапта, электронды ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде жарияланбаған жаңа шығармалар ғана ұсынылады;

3.6. Мүшәйраға қатысушы шығармасын бүркеншік атпен жолдайды;

3.7. Автор өзі туралы толық мәліметті мүшәйраға жолдаған шығармасынан бөлек gulnara.romanova.63@mail.ru эл. поштасына жазып жібереді;

3.8. Қатысушылардың жол шығыны жіберуші жақтан және орналасу орыны ұйымдастырушылар есебінен төленеді;

3.9. Ережеге сәйкес келмейтін шығармалар байқауға қатыстырылмайды.

#### 4. ЖЫР МҮШӘЙРАСЫНЫҢ МЕРЗІМІ:

4.1. Жыр мүшәйрасына қатысатын шығармалар 2025 жылдың 5 тамызына дейін қабылданады;

4.2. Қабылданған шығармалар ішіндегі ең үздіктері қыркүйек айында анықталып, жеңімпаздар арнайы марапатталатын болады.

#### 5. ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫ:

5.1. Қазылар алқасы қазақ поэзиясында өзіндік орны бар танымал ақындардан құралады. Олар жыр мүшәйрасына түскен шығармаларды саралап, үздігі анықталып ұйымдастырушыларға ұсынады.

#### 6. МҮШӘЙРАНЫҢ ЖҮЛДЕ ОРЫНДАРЫ:

Бас жүлде (біреу);  
I орын (біреу);  
II орын (біреу);  
III орын (екеу).

Ұйымдастыру комитеті:

Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы  
Женіс даңғылы, 14 а Облыстық халық шығармашылығы орталығы  
e-mail: gulnara.romanova.63@mail.ru  
Тел: 8-707-378-94-27 Гүлнар Романова

# «ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІН ДАМУЫ ТУРАЛЫ»

## ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫ ХАТШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫНА ҚАЛАМГЕРЛЕРДІҢ ПІКІРІ



**Нұрдаулет АҚЫШ**  
**БҰЛ – ҮНЕМІ КҮН ТӘРТІБІНДЕ ТҰРАТЫН МӘСЕЛЕ**

Қазақстан Жазушылар одағының хатшылығында балалар мен жасөспірімдерге арналған әдебиетті дамытуға қатысты жасалған тұжырымдар мен ұсыныстар құптарлық. Балалар мен жасөспірімдерге арналған бұрыннан айтылып жүрген конференцияны өткізу енді қолға алынып жатыр екен. Бұл – кеш те болса қуанарлық іс. Мұны құптауымыз керек. Конференцияға дайындық жұмыстарын жүргізу төрағаның жастар ісі жөніндегі орынбасары Бейбіт Сарыбайға жүктелуінің де өзі үлкен үміт күттіреді.

Келесі мәселе – мектеп кітапханаларын жасақтауға байланысты бағдарлама дайындау. Өте тамаша. Бірақ мұны тек Жазушылар одағы өзі ғана қолға алмай, бұл жұмысты Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігімен бірлесіп жасағаны абзал болар еді және бұл қажет те. Өйткені белгілі бір дәрежеде мектеп бағдарламасымен сәйкестендіру, үйлестіру мәселелері көзделетіндіктен аталған министрлікпен ақылдасып жұмыс істеген жөн болар еді.

Қаулыда айтылған бір тың нәрсе әр өңірдегі өкілдіктерге қатысты болды. Өкілдіктерде балалар әдебиетін дамытуға байланысты көп әңгіме бола қоймайтын сияқты. Дегенмен біз олардың жұмысынан бейхабармыз. Бірақ анда-санда өңірлерге шыққанда немесе телефон арқылы хабарласқанда: «Балалар әдебиетімен кімдер айналысып жатыр?» – дейміз ғой. Сонда кейбір өкілдер кідіріп, кібірткітеп қалатыны жасырын емес. Осы мәселені қолға алуымыз керек. Олай болатын себебі – біз балалар әдебиеті дегенде, көбінесе, Алматы мен Астана қаласындағы қаламгерлерді еске алып жатамыз. Өкілдер өз жұмыстарына осы мәселені де кіргізуі керек. Өйткені әр түрлі балаларға арнап өлеңдер жазатын, проза, өзге де жанрдағы дүниелер жазып жатқан қаламгерлердің сирек те болса кездесетіні рас.

Тағы бір айта кетуіміз керек дүние: қаулыда Олжас Сүлейменовтің аты аталған екен. Көкейімде «қазақ балалар және жасөспірімдер әдебиетіне Олжас Сүлейменовтің қандай қатысы бар?» деген сұрақ туды. Мен бұл сұраққа өз басым жауап бере алмадым.

Бұған қоса, демеушілер тарту деген үнемі күн тәртібінде тұратын мәселе. Демеушілер тарту, расында, онай шаруа емес. Менеджерлік қабілеті бар адамдар ғана бұл жұмысты іске асыра алады. Бұл жұмысы балалар әдебиетінің өкілдерінің бәріннің бірдей қолынан келеді деп ойламаймын.

«Жазушылардың қоғамдық жұмыстары бағаланатын болсын» деген талап та дұрыс, өйткені қазір баяғыдай үкіметтің қамқорлығында отырып, армансыз жазуды жаза беретін кез емес. Қаламгерлер қоғамдық іске де араласуы керек. Өйткені тіл мәселесінде, ұлттық құндылықтар мәселесінде жазушылар қай заманда да белсенді болуға тиіс.

Бір ауыз сөзбен айтқанда, хатшылықтың бұл жұмыстарын қолдауымыз керек. Дегенмен кейбір түсініксіз тұстарын нақтылай түскен абзал болар еді (Мәселен, балалар мен жасөспірімдер әдебиетінде жарияланатын байқау маған бұлдырлау болып тұр). Жалпы, тұтастай алғанда мұны қолдап, әрі қарай дамытуға байланысты жеке ұсыныстарымызды әзірлеген артық болмас еді деп ойлаймын.



**Алмат ИСӘДІЛ**

### ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯНЫҢ ТІРЕГІ БОЛҒАНДА ҒАНА ДАМИДЫ

Балалар әдебиеті – үлкен әдебиеттің бір бұтағы. Адамды адам етіп қалыптастыратын, тұтас қоғамның интеллектуалдық әлеуетіне ықпал етіп, ұлттық дүниетанымды кеңейтетін ең әуелі осы – балалар әдебиеті.

Алайда бүгінгі біздің қоғамда осы мәселенің көкжиегі әлі де кеңейе қойған жоқ.

Жақсы авторлар шыға бастағанымен, кітап таралымы, оқылым жағы кемшін. Балалар басылымдарының жағдайы да мүшкіл халде. Заманауи көзқараспен қарасақ, интернет кеңістігінде қазақ баласына арналған контент тым жұтан. Ю-туб арналар мен түрлі әлеуметтік желілер, жеңіл-желпі ойындар мен танымдық платформалар өзге жұрттың өніміне толып тұр. Бұған қоса кітап өнімдерінен бастап телеарна, кинотеатрларда шетелдік анимация, кино, мультфильмдердің басымдығы анық байқалады. Өзімізде бар нәрседен татымды дүние жасай алмаған соң өзгенің дүниесін тәржімалап қана отырған сияқтымыз.

Балалар әдебиеті ұлттық идеологияның тірегі болғанда ғана қанат жайып, дамиды.

Бұған бірінші кезекте мемлекеттің өзі мүдделі болуы тиіс.

«Қазақ әдебиетінің» өткен шығарылымында Қазақ балалар әдебиетін дамыту туралы Қазақстан Жазушылар одағы хатшылығының Қаулысы жарияланған екен. Бұл – қазақ балалар әдебиетін жаңа бағытта дамытуға бағытталған үлкен істің басы болады деп үміттенеміз.

Бастаған жобаны тиімді іске асыруға авторлар да, Жазушылар одағы да, өзге де шығармашылық ұйымдар, баспалар мен әдебиетке жанашыр меценаттар да жұмылуы керек.

Қазақ баласы ұлттық болмысынан ажырамай, қазақ балалар әдебиетімен сусындауы тиіс.

### ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІН ДАМУЫ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Жазушылар одағының хатшылығында балалар мен жасөспірімдерге арналған әдебиетті дамытуға қатысты жасалған тұжырымдар мен ұсыныстар құптарлық. Балалар мен жасөспірімдерге арналған бұрыннан айтылып жүрген конференцияны өткізу енді қолға алынып жатыр екен. Бұл – кеш те болса қуанарлық іс. Мұны құптауымыз керек. Конференцияға дайындық жұмыстарын жүргізу төрағаның жастар ісі жөніндегі орынбасары Бейбіт Сарыбайға жүктелуінің де өзі үлкен үміт күттіреді.

Келесі мәселе – мектеп кітапханаларын жасақтауға байланысты бағдарлама дайындау. Өте тамаша. Бірақ мұны тек Жазушылар одағы өзі ғана қолға алмай, бұл жұмысты Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігімен бірлесіп жасағаны абзал болар еді және бұл қажет те. Өйткені белгілі бір дәрежеде мектеп бағдарламасымен сәйкестендіру, үйлестіру мәселелері көзделетіндіктен аталған министрлікпен ақылдасып жұмыс істеген жөн болар еді.

Қаулыда айтылған бір тың нәрсе әр өңірдегі өкілдіктерге қатысты болды. Өкілдіктерде балалар әдебиетін дамытуға байланысты көп әңгіме бола қоймайтын сияқты. Дегенмен біз олардың жұмысынан бейхабармыз. Бірақ анда-санда өңірлерге шыққанда немесе телефон арқылы хабарласқанда: «Балалар әдебиетімен кімдер айналысып жатыр?» – дейміз ғой. Сонда кейбір өкілдер кідіріп, кібірткітеп қалатыны жасырын емес. Осы мәселені қолға алуымыз керек. Олай болатын себебі – біз балалар әдебиеті дегенде, көбінесе, Алматы мен Астана қаласындағы қаламгерлерді еске алып жатамыз. Өкілдер өз жұмыстарына осы мәселені де кіргізуі керек. Өйткені әр түрлі балаларға арнап өлеңдер жазатын, проза, өзге де жанрдағы дүниелер жазып жатқан қаламгерлердің сирек те болса кездесетіні рас.

Тағы бір айта кетуіміз керек дүние: қаулыда Олжас Сүлейменовтің аты аталған екен. Көкейімде «қазақ балалар және жасөспірімдер әдебиетіне Олжас Сүлейменовтің қандай қатысы бар?» деген сұрақ туды. Мен бұл сұраққа өз басым жауап бере алмадым.

Бұған қоса, демеушілер тарту деген үнемі күн тәртібінде тұратын мәселе. Демеушілер тарту, расында, онай шаруа емес. Менеджерлік қабілеті бар адамдар ғана бұл жұмысты іске асыра алады. Бұл жұмысы балалар әдебиетінің өкілдерінің бәріннің бірдей қолынан келеді деп ойламаймын.

«Жазушылардың қоғамдық жұмыстары бағаланатын болсын» деген талап та дұрыс, өйткені қазір баяғыдай үкіметтің қамқорлығында отырып, армансыз жазуды жаза беретін кез емес. Қаламгерлер қоғамдық іске де араласуы керек. Өйткені тіл мәселесінде, ұлттық құндылықтар мәселесінде жазушылар қай заманда да белсенді болуға тиіс.

Бір ауыз сөзбен айтқанда, хатшылықтың бұл жұмыстарын қолдауымыз керек. Дегенмен кейбір түсініксіз тұстарын нақтылай түскен абзал болар еді (Мәселен, балалар мен жасөспірімдер әдебиетінде жарияланатын байқау маған бұлдырлау болып тұр). Жалпы, тұтастай алғанда мұны қолдап, әрі қарай дамытуға байланысты жеке ұсыныстарымызды әзірлеген артық болмас еді деп ойлаймын.

**Алтыншаш ЖАҚИЯНОВА**

### ТАРАЛЫМҒА НАЗАР АУДАРСА...

Балалар әдебиетінің қаламгері ретінде бұл жанрға дұрыс көңіл бөлінуі керек екендігін айтқым келеді. Балалар әдебиеті туралы жиында барынша осы бағытта қалам тартатын барлық қаламгер қатысып, ой бөлісуі тиіс.

Өйткені балалар әдебиетін дамыту үшін авторлар бір-бірімен жиі бас қосуы өте керек-ақ дүние.

Биыл министрліктің қолдауымен «Бәсіре-жыр» атты балаларға арналған жыр жинағымының шығатыны туралы хабар естідім. Министрліктің қолдауымен жарық көретін кітаптар тізіміне іліккеніме, әрине, қуандым. Бұл талмай ізденудің, қажымай еңбектенудің нәтижесі шығар. Кейін кітапты шығарушылардан тиражын сұрағанымда, олар оның мың данадан жарық көретінін айтты. Ол кімге жетеді?! Көбірек шығатын шығар, көп жерге таралатын болар деп үміттенген едім. Меніңше, осыған үлкен мән беру керек сияқты. Таралымы көп болса, жазған дүниелеріміз балаларға да мольнан жетер еді.

«Балдырған» журналында бұрын көркемдігі төмен суреттер салынып жүрді. Бұл суреттердің сапасыздығы сондай, оны балаларға көрсетсең, оларды қорқытып алуың да мүмкін. Әрине, жақсы суретшілер жақсы ақша сұрайды. Мәселе – қаржы мәселесіне келіп тіреледі. Ал қазір осы журналдың сурет сапасы жақсарып келеді.

Тағы бір айта кетерім, қазір балаларға арнап шығарылып жатқан кітаптардың қатарында 300-400 беттік кітаптар жүр. Оларды балалар оқымақ түгіл, көтере де алмайды ғой деп ойлайсың. Мұндай шығармаларды шағын, жеңіл, тартымды етіп, балаларға лайықтап шығарған жөн. Балалар әдебиеті комиссиясы осыған да мән берсе екен.

Қаулыда айтылған ынталандыру, марапаттау деген дүниелер дұрыс-ақ. Алайда жүлдегерлердің, марапатталушылардың не нәрсеге де еңбекпен жеткені, олардың сараптау комиссиясының қатаң сүзгісінен өткені абзал.

Балалар кітапханасында болсын, басқа кітапханаларда болсын, балалар әдебиетінің авторларымен кездесулердің жиі өтіп тұрғаны жөн. Оқушылар өзі оқып жүрген кітаптардың авторларын танып өсуі керек. Оның үстіне, қаламгер деген қауымның өзінің көз алдындағы, жанында жүрген адамдар екенін сезінудің өзі оларды сол автордың кітабын оқуға жетелейді деп есептеймін.

жүр. Ағылшын, француз, корей тіліне т.б. аударылған шығармалар жоқтың қасы.

Сосын, қазіргі қазақ балалар әдебиетінде ірі тұлғалық кейіпкер жоқ. Бұрынғы әдеби мұрадағы батырлар мен ертегі кейіпкерлері болғанымен, бірақ заманауи «суперқаһармандар» жоқ. Бала өзін кейіпкермен салыстыра алмайды. Poké mon, Harry Potter, Frozen сияқты кейіпкерлер қазақ қарақоздерінің жүректерін жаулады. Ал бізде «Ер Төстік 2.0» сияқты kids-бренд жоқ. Ақиқатында, қазақ балалар әдебиеті әлемдік kids-контенттен артта қалды. Балаға арналған шығармаларға мультимедиялық интеграция жетіспейді.

Қазақстанда шетелге әдеби өнім шығару үшін тұтас әдеби-индустриялық экожүйе жоқ. Шетел түгелі еліміздегі кітап сату нарығы мен тарату жүйесінің сапасы сын көтермейді. Бұл мәселелер шешілмейінше балалар әдебиетінің насихаты да болмайды. Озық елдердің әдеби өнімдеріне қашанғы қызығып отыра береміз?! Ендігі таң – қазақ балалар әдебиетінің дамуына шапағатын тигізуі керек. Ол үшін әдеби мазмұн жанаруы қажет. Біріншіден, заманауи жанрларды игеруіміз керек. Екіншіден, ұлттық кейіпкерлер брендин қалыптастыруға тиіспіз, мысалы Steepe Kids Heroes сияқты kids франшиза құру. Үшіншіден, баспадан қағаз форматында шығатын әр кітапты цифрландыру: анимация, аудиокітап, веб-комикс қосу. Бұл ойымызды жазушы да, баспагер де ескерер.

Қазақстан Жазушылар одағының басқармасы балалар әдебиетін дамыту мәселесіне айрықша көңіл бөлгені қуантады. Ендігіде мемлекеттік тапсырыспен шығатын балалар әдебиеті өнімдеріне қатаң талап пен шарт қою мәселесін шешсе екен деген тілегіміз бар.

### Елдос ТОҚТАРБАЙ

## ӘЛЕМДІК АРЕНАҒА АЛЫП ШЫҒА АЛМАДЫҚ

Балалар әдебиеті – ұлт әдебиетінің ірі қазынасы. Сол қазынамызды жас оқырмандарға жеткізуіміз қиындау болып тұр. Бүгінгі қазақ балалар әдебиетіндегі ең негізгі мәселе – балалар әдебиеті бойынша шығып жатқан кітаптардың баспа-полиграфиялық сапасы. Не иллюстрациясы жоқ, не дизайн бәл тұлмақ үлкен кісінің өзін қызықтырмайтын кітаптар қаптады. Бүгінгі балалар визуалды буын (алфа-ұрпақ). Оларға кітап мазмұнынан бұрын иллюстрациясы қатты әсер етеді. Иллюстрациялары ескі стильде, баланың көзіне тартымсыз, шрифті тышқанның ізіндей, макеті ауыр, мультимедиялық нұсқалары жоқ кітаптардан арылмайынша, ұрпақ сұранысын қанағаттандыра алмаймыз.

Бүгінгі қазақ балалар әдебиеті цифрландыру көшінінен артта қалды. Аудиокітап, подкаст, веб-комикс форматы дамымаған, мүлде жоқ десек те болады. AR/VR технологиясын қолданатын интерактивті шығарма таппайсыз. Қазақ балалары Wattpad, TikTok-та ойнап отырғанда, біздің әдебиет қағаз күйінде ғана қалып отырғаны ойлантарлық жағдай. Бір сөзбен айтқанда, қазақ тілді контенттің цифрлық ортаға ену қарқыны өте төмен.

Қазақ әлемінің миф, фольклорлық мұрасы қанша бай болса да сол жауһарларды әлемдік аренаға алып шыға алмадық. Қазақ балалар әдебиеті әлі шетелдік көрмелерде, премияларда көрінбей



**Редакциядан: 24 шілде күні Қазақстан Жазушылар одағының ғимаратында «Қазақ балалар әдебиетін дамыту туралы» Қазақстан жазушылар одағы хатшылығының қаулысын талқылау мақсатында балалар әдебиетінің кеңесінің отырысы өтті. Отырыста көтерілген мәселелер мен айтылған ойларды газеттің алдағы сандарының бірінен оқи аласыздар.**



**Нұртура ЖҮСІП,**  
*Парламент Сенатының депутаты*

Қазақстан Жазушылар одағының «Еңбек адамы – 2025» байқауын жариялауы – қолдауға тұратын бастама. Мемлекет басшысы биылғы жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады. Сонымен бірге Қазақстан халқына Жолдауында, Ұлттық құрылтай отырыстарында еңбек адамының мәртебесін көтеруге байланысты көптеген жақсы ұсыныстар айтып келеді. Мұның барлығы не үшін деген сұраққа жауап іздеп көрейік. Басты мәселе, Қазақстан қуатты, мықты мемлекетке айналуы керек. Бұл бүкіл қоғамның адал еңбегінің арқасында, яғни әркімнің өз орнында, өз міндетін жауапкершілікпен атқаруының нәтижесінде қол жеткізер ортақ мақсат. Осы тұрғыдан алғанда қоғамымызда еңбеккерлік, кәсібилік, жауапкершілік сияқты қасиеттер өте жоғары бағалануға тиіс. Жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы еңбеккер және нағыз маман болу идеясын насихаттай отырып, қоғамда еңбек құлтың орнықтыруға жол беруіміз керек. Өйткені өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттырады. Мемлекет басшысының айтып отырғаны осы мәселе.

Қазір әлемде алға озған елдердің қай-қайсының болсын, айталық, мынау іргедегі Қытай Халық Республикасынан бастап, Жапония, Оңтүстік Корея, Сингапур, Малайзия, Индонезия, Вьетнам сияқты өзіміз тақылеттес шығыс-азиялық елдердің даму жолына қараныздық қарқынды еңбек үрдісі байқалады. Сондықтан біз де елімізді алға оздырып, мақсат-міндетімізге жету үшін барын салып еңбек ету дегенге айрықша көңіл бөліп, еңбеккерлікті негізгі басымдық ретінде ұстануымыз қажет. Өкінішке қарай, қазір қалада болсын, ауылда болсын еңбек етуден қашақтайтын, ештеңеге құлқы, ықыласы жоқ, іргеді кәдімгі табыс көзі тұрса да, жұмыс істегісі келмейтін азаматтар, әсіресе жас толқын, NEET санатындағы жастар тобы пайда болғанын жасыра алмаймыз. Кешегі кейбір сынаржақтау жүргізілген саясаттың да салқыны шығар, жастар арасында мол ақша табу, бірден бау деген басты мәселеге айналғандай. Аяқ астынан олжалы болуға, жеңіл жолмен табыс табуға деген қызығушылық, ұмтылыс басымдыққа айналған қоғам өркениетті даму жолына түсе алмасы анық. Сондықтан Мемлекет басшысының еңбек адамын дәріптеу, нағыз кәсіби маман мәртебесін көтеру арқылы еңбек құлтың орнықтыру жөніндегі тапсырмалары бірінші кезекте назарға алынуы керек.

Осы тұрғыдан алғанда Қазақстан Жазушылар одағының Ұлттық инженерия академиясымен бірлесіп ұйымдастырып отырған байқауы – Мемлекет басшысының тапсырмаларына сай еңбек адамының, әсіресе инженер, жұмысшы мамандарының бейнесін көркем әдебиет арқылы оқырман жүрегіне жеткізіп, қоғамда адал еңбектің мәртебесі жоғары болуына мүдделі көзқарастың қалыптасуына ықпал ету мақсатындағы өзекті де құптарлық мәселе. Әрине, мұндай үрдіс кешегі кеңестік кезеңде де болған. Мәселен, Шерхан Мұртазаның «Қара маржан» деген Мемлекеттік сыйлықты иеленген романы өндірістік тақырыпқа жазылған шығармалардың бірі болатын. Кезінде Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, тіпті Мұхтар Әуезовтің соңғы романдары осындай шаруашылық, өндірістік тақырыптарға арналғандығын шығармашылық саладағы көзіқаракты азаматтар жақсы біледі ғой. Бұл жерде де байқаудың негізгі шарты, ережелері қазақ инженерлерінің жаңа буынын қалыптастыруға арналғаны байқалады. Бұл – жақсы идея, қолдап-құптар-

Мемлекет басшысы биылғы жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялауына орай Қазақстан Жазушылар одағы ҚР Ұлттық инженерия академиясымен бірлесіп, «Еңбек адамы – 2025» байқауын өткізбек. Осы бастамаға орай бірқатар белгілі тұлғалар өз ойларымен бөлісті.

# ҰАДЫТ ЖҮГІ – Қаламгер қаламында

## «ЕҢБЕК АДАМЫ – 2025» республикалық байқауы

**КІРІСПЕ**  
Қазақстан Жазушылар одағы мен Қазақстан Республикасы Инженерия академиясының бірлесіп өткізілетін «Еңбек адамы – 2025» байқауының мақсаты – 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялауға орай республикалық деңгейдегі байқауының арқылы еңбек адамының мәртебесін көтеруге және нағыз маман мәртебесін дәріптеу, нағыз кәсіби маман мәртебесін көтеру арқылы еңбек құлтың орнықтыру жөніндегі тапсырмаларына сай еңбек адамының бейнесін көркем әдебиет арқылы оқырман жүрегіне жеткізіп, қоғамда адал еңбектің мәртебесі жоғары болуына мүдделі көзқарастың қалыптасуына ықпал ету мақсатындағы өзекті де құптарлық мәселе.

**ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**  
1. Байқауың мақсаты – «Еңбек адамы – 2025» республикалық байқауы – 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялауға орай республикалық деңгейдегі байқауының арқылы еңбек адамының мәртебесін көтеруге және нағыз маман мәртебесін дәріптеу, нағыз кәсіби маман мәртебесін көтеру арқылы еңбек құлтың орнықтыру жөніндегі тапсырмаларына сай еңбек адамының бейнесін көркем әдебиет арқылы оқырман жүрегіне жеткізіп, қоғамда адал еңбектің мәртебесі жоғары болуына мүдделі көзқарастың қалыптасуына ықпал ету мақсатындағы өзекті де құптарлық мәселе.

лық бастама, ал оның орындалуы жазушыларымыздың дүниетанымына, көркемдік шеберлігіне, қалам қуатына тікелей байланысты болмақ. Тапсырыстық сипатта көркем дүниенің жазылуы да оңай емес. Дегенмен бұл – бір жағынан, мемлекеттің жасап отырған қамқорлығының көрінісі, бұрын жазушыларымыз не жазамыз, қалай шығарамыз, шығарған кітабымызды қайда, қайтіп өткіземіз деген уайымның үстінде көбірек болатын. Сонымен бірге қаламақы мәселесі де қатты аландататын. Ал енді мына бәйгелердің бәсі жақсы, сондықтан қалам қуаты бойында тұрған азаматтар барынша атсалысатын болса, біз біріншіден, жақсы бір көркем әдеби туындылар шоғырын қалыптастырып аламыз, бұл үлкен рухани қазына болады. Екіншіден, осы тарапта жанағы кемшін тақырыптарды, қазақ әдебиетінде көтерілмей жатқан мәселелерді көрсетуге мүмкіндік болады. Сонымен бірге күні кеше жарияланған сұхбатында Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева қазіргі қазақ әдебиетінде жаңа тақырыптар, жаңа арналар, балаларға, жасөспірімдерге, ересектерге арналған әртүрлі жанрларда шығармалар көбірек керектігі туралы ой қозғаған екен. Әрине, құптарлық мәселе. Әдебиет – халықтың жаны. Адамға күнделікті азық қалай керек болса, рухани азық та сондай қажет. Сондықтан рухани кеңістігімізді толықтыру үшін көптеген жақсы, әдеби туындылар керек болады. Біздің алпысыншы, жетпісінші, сексенінші жылдарда қазақ әдебиетіне үлкен олжа салған жазушыларымыздың шығармалары осы уақытқа дейін бірнеше буын ұрпақты тәрбиелеп келді. Ал енді келесі жылы – тәуелсіздігіміздің 35 жылдығы, яғни егемен елімізде дүниеге келген жас ұрпақтың алдының өзі отыз беске келеді. Осындай жақсы жасқа келген азаматтардың да рухани әлемін байытуға күш салуымыз қажет екені анық. Осы тұрғыдан алғанда әдеби көркем туындылардың, әсіресе сұранысқа ие тақырыптардың қазақ суреткерлерінің қалам қуатымен оқырманның рухани дүниесін байытар қазынаға айналарына сенім мол.



**Ақылбек АСЫРАПҚҰЛҰЛЫ,**  
*ҚР Минералдық ресурстар академиясының академигі, ҚР еңбек сіңірген геологі, профессор*

Қазақстан Жазушылар одағының ҚР Ұлттық инженерия академиясымен бірлесіп ұйымдастырып отырған «Еңбек адамы – 2025» байқауы – құптарлық бастама. Мемлекет басшысы биылғы жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады. Елдің экономикалық тәуелсіздігінің түп негізі болып табылатын өнеркәсіп салаларын қаршыты дамытуға қажетті бірден-бір алғышарт – минералдық ресурстар екені бәрімізге белгілі. Ал сол ресурстарды ұтымды пайдалану, халықтың игілігіне айналдыру бағытында геологтердің атқаратын міндеті үлкен де жауапты. Экономикалық даму тірегінің бірінен саналатын аталмыш саланы заман талабына сай алға бастыру үшін білікті мамандар даярлау аса өзекті міндет. Демек, еңбек адамының мәртебесін кө-

теруге маңыз беріліп отырған бүгінгі таңда инженерлік кадрларға деген бетбұрыс жасалуы заман талабы деп қарау керек. Жаңа технологияны меңгеретін жастар. Сол жастарды инженерлік мамандықтарға тартып, өсіріп, баптап, жоғары білікті маман ретінде қалыптастыру бәріміздің міндетіміз. Өйткені инженерлік мамандық, оны өз деңгейінде оқып, меңгеру – табыс көзінің бір түрі ғана емес, адам баласының интеллектуалдық қабілетін жаңа деңгейге көтерудің бір жолы. Кітап оқып өскен, оның ішінде, көркем әдебиет классиктерінің айтулы шығармаларын іздеп жүріп оқитын ұрпақтың өкілі ретінде кезінде қазақ әдебиетінде еңбек адамының, өндірістегі инженер кадрларының жақсы образдары жасалғанын білемін. Кезінде сол кейіпкерлерге еліктеп, олардың адамдық бейнесі, азаматтық тұлғасы инженер мамандығын тандауға себеп болған, сөйтіп елімізді индустриаландыру ісіне сан салада атсалысқан білікті бір буын өсіп шыққаны белгілі. Сондықтан еңбек адамының бірі, инженерлер қауымының өкілі ретінде мен еліміздің Жазушылар ұйымының қолға алған бұл бастамасын қос қолдап қолдаймын. Бұл қазіргі заманның инженерлерін даярлау ісіне де жақсы септігі тиетін шаруа. Осы ретте айтарым жаңа заман еңбек адамының бейнесі азаматтық, кісілік, кішілік, психологиялық жағынан біздің классиктеріміз сомдап кеткен кейіпкерлерден кем түспесе деймін.

## Кәдірбек СЕГІЗБАЕВ, Мемлекеттік сыйлықтың иесі, жазушы



1934 жылы Қазақстан Жазушылар одағы құрылғаннан бері өндіріс, ауыл шаруашылығы тақырыбы, яғни еңбек адамдары туралы жазу біздің жазушылардың назарынан тыс қалып көрген жоқ. Осы тақырыптарда талай-талай жазушыларымыз атакты шығармалар жазды. Илияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллин, Бейімбеттерден бастап барлығының жазу объектісі – шын мәніндегі еңбек адамдары болды. Әрине, бұл басқа тақырыптар жазылмады деген сөз емес, ол кезеңде қазақ қаламгерлерінің қаламынан туған небір жауһар дүниелер әдебиетсүйер қауымының, жалпы халқымыздың рухани қазынасына айналды. Белгілі суреткерлеріміз Зейнолла Қабдолов, Шерхан Мұртаза өндіріс тақырыбы көтерілген «Жалын», «Қара маржан» романдарын жазды, қалай болғанда да еңбек адамдары, шаруашылық тақырыбы жазушылардың назарынан тыс қалып көрген жоқ. Мемлекет басшысы бытыр қыркүйек айында Қазақстан халқына Жолдауында 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады. Осыған орай Қазақстан Жазушылар одағы үлкен жұмысты қолға алып, көптеген іс-шаралар өткізуде. Одақ өкілдері облыстарға, өңірлерге барып, еңбек ұжымдарында, жұртшылық арасында болып, оқырмандармен кездесулерге қатысты, ой-пікір алмасты. Осыдан бір-екі ай бұрын Жазушылар одағы Басқарма төрағасы Мереке Құлқеновтің басшылығымен Атырау қаласында болып, еңбек адамдары туралы көшпелі конференция өткізді. Атап өтерлігі, еңбек адамдарының қатысуымен өткен осы үлкен жиынға жас жазушылар, мұнайшылар, кәсіпкерлер, тілшілер, өзен-көлде істейтін балықшылар дегендей, өңірдегі барлық еңбек ұжымдарының өкілдері қатысты. Мұндағы басты мәселе – еңбек адамдарымен кездесіп, пікірлесе отырып, қаламгерлер өз тақырыбын айқындап, межеледі. Бұл да Жазушылар одағының үлкен табысы деп ойлаймын. Мемлекет басшысының тапсырмаларына сай еңбек адамының, әсіресе инженер, жұмысшы мамандарының мәртебесін көтеру, адал еңбекті дәріптеу мақсатын көздеген әдеби

байқаудың жариялануы атқарылып жатқан жұмыстардың ішіндегі халыққа қажетті, қолдап-құптарлық үлкен шаруаның бірі деп санаймын. Менің түсінігімде еңбек адамы туралы жазған кезде, мысалы, от пен судың басында, тек өндіріс ортасында тұрған өмір емес, жалпы еңбек адамының жан дүниесі, ой-арман, мүддесі, тіршілігі, қоғамдағы орны деген мәселе қозғалу керек, яғни бұл жерде кейіпкердің кісілік, азаматтық бейнесі де қамтылып отырады. Әрине, қазір заман өзгерді. Тәлім-тәрбиенің мәні де басқаша болып кетті. Бүгінде жастардың көбі ауырдың үсті, жеңілдің астымен жүруге әуес. Онай жолмен ақша табу, қалай болғанда да бау дегенге ден қойып бара жатыр. Баянды болар нәрсеге қол жеткіземіз десек, аянбай еңбек етіп, маңдай теріміздің жемісін күте білуіміз керек. Еңбек ортасында қайнап, пісуіміз керек. Өкінішке қарай, бүгінде жастарымыз осыны түсінбейді. Тағы бір мәселе – білім ал, алма, әйтеуір қандай да бір жоғары оқу орнына түсіп, диплом алу. Қазір сатып алатыны, басқасы бар, екі-үш дипломды жастар көп. Соның кейбіреуі арба сүйреп жүр базарда. Демек, мұның бәрі айналып келгенде мамандықты дұрыс тандай алмау деген сөз. Президент биылғы жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялап, кәсіптік білім беру саласын реформалауға басымдық берді. Қазіргі таңда кәсіптік-техникалық орташа оқу орындарына маңыз беріліп жатқаны қуантады. Меніңше, мектепті әйтіп-бүйтіп әзер бітірген адамның жоғары оқу орнына түсуі шарт емес. Ақшасын төлеп, түседі, дипломын алады, бірақ маман болып жарытпайды. Жоғары мектеп дипломын алып, ештеңеге жарамсыз болғаннан гөрі, қолына балға-күрегің ала ма, зауыт-фабрикаға бара ма, қой-сиыр жайып, мал баға ма, сол әлдеқайда қоғамға пайдалырақ болар еді деп ойлаймын. Сондықтан жастар тәрбиесіне осы жағынан көбірек көңіл бөлу керек деймін. Кәсіби жұмысшы мамандағын беретін оқу орындары қазір көптеп ашылууда, осы орайда мектептер балаларға кәсіби бағдар беруді нақты қолға алуы қажет. Қорыта келгенде айтарым, жұмыстың жаманы жоқ, кез келген еңбек қадірлі. Ең бастысы, әркім өз орнында жауапкершілікті терең сезініп, жұмысын сапалы атқаруға тиіс. Кәсібіне адал адам қашанда лайықты бағасын алады.

Алдан Сапарғалиев көпвекторлы магнит өрісін ашып, оған негізделген электродвигательдің зертханалық моделін тұңғыш жасаған ғалым. Қолында Американың, Еуропаның және Әлемдік патенттері бар профессор. Ол Қазақстанда кенжелеп қалған электроника саласын жандандыру мақсатында алғаш рет радиофизика және электроника мамандықтары бойынша оқу бағдарламасының мемлекеттік білім беру стандартын жасап, 1990 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде, 2001 жылы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Физикалық электроника», «Радиофизика және электроника» мамандықтары бойынша оқу процесін ұйымдастырып, елімізде электрониканың дамуына айтарлықтай үлес қосты. Бұрынғы КСРО Қорғаныс министрлігінің әскери мекемелеріне арналған жаңа электронды жүйелердің құпия әзірлемелеріне жетекшілік етті. 1989 жылы «Физикалық электроника, оның ішінде кванттық» мамандығы бойынша физика-математика ғылымдарының докторы атанды. Ғалым ашқан жаңалықтың қыр-сырын оқырман назарына ұсынууды жөн көрдік

Бұдан біржарым ғасыр бұрын акын Абай атамыз:

*Дүние де өзі, мал да өзі,  
Ғылымға көңіл бөлсеңіз, — деп еді.*

Абай сөзінің ақиқаттығын ғылымы дамыған Жапония дәлелдеп отыр. Қымбат түсті металы, көмірі, темірі не мұнай, газы жоқ Жапония ғылымның арқасында дүрілдеп өзгелерге үлгі боп тұр.

Қазақстан өнеркәсіп өнімдеріне деген қажеттілігінің 80 пайыздан астамын импорт есебінен қамтамасыз етеді, яғни аз өндіреді. Валютаның сыртқа шығуының негізгі арналарының бірі — Қазақстанда мүлдем өндірілмейтін электронды өнімдер мен электр машиналары. Қазіргі таңда еліміз үшін электронды өнімдер мен электр машиналар аса ділгір болып тұрған соң, осы жөнінде әңгіме қозғамақпын. Мұның қазіргідей аласапыран заманда еліміздің қорғанысы үшін де алар орны айрықша.

Талдаулар көрсеткендей, жеке мемлекеттің экономикалық деңгейі мен өркениеті дамуының күрт көтерілуі үшін екі құрамдас — практикада кеңінен қолданылатын тың революциялық ғылыми-техникалық идеялар мен әзірлемелер пайда болуы және оны дер кезінде мемлекеттік қолдауды қамтамасыз ету сәйкес келуі керек. Бұған айғаққа екі нақты мысалды қарастырайық.

Екінші дүниежүзілік соғыстың басында мемлекеттің қолдауымен, яғни мемлекеттік тапсырыстармен өнеркәсіптік электроника АҚШ-та әскери мақсатта қарқынды дамыды және нәтижесінде әлемге әйгілі Силикон алқабы құрылды. Силикон алқабы бүгінгі күнге дейін бүкіл әлем бойынша инновацияның негізгі орталығы.

Жер асты қазба байлығынан жұрдай Оңтүстік Кореяның экономикасы да тұрмыстық электроника өндірісін жедел өрістету негізінде қарқынды дамыды. Кезінде Оңтүстік Кореяның жана президенті генерал Пак Чон Хи өнеркәсіптік және экономикалық реформаларды бастаған болатын.

1983 жылы дербес компьютерлер өндірісі ашылды. 1991–1992 жылдары жеке мобильді құрылғылар мен қалта телефонның алғашқы өндірісін дамыту аяқталды. Соңында, 1999 жылы Forbes жаһандық тұтыну электроника өнеркәсібі Samsung Electronics компаниясына берілді. 2008 жылдың үшінші тоқсанында Samsung өзінің негізгі бәсекелесі Motorola-ны еуропалық нарықта басып озды, сондай-ақ Nokia-ны ығыстырып, АҚШ-та «ұялы» деп аталып жүрген қалта телефондарды сату бойынша бірінші орынға шықты.

Біз білетін электроника саласы бойынша Қазақстанда тап сол Оңтүстік Кореядағыдай бір емес, екі революциялық жаңалық бар. Біріншісі — көлем бойынша меншікті моментін 4 есеге дейін арттыруға мүмкіндік беретін электр двигателдері мен электр генераторларын енгізудің жаңа тұжырымдамалары және технологиялары. Екіншісі — ажырату (разрешение) қуаты қазіргіден екі еседен астам масс-спектрометр (масс-анализа-

тор). Бұл жаңалыққа олардың қолында АҚШ пен Қазақстанның патенттері бар. Зертхана үлгілері (модельдері) үкімет қаражатына жасалып, есебі тапсырылған.

Бұл жетістік өз-өзінен пайда бола қалған жоқ. Соңғы 50 жылда әлемде осы ғылым салаларының дамуына Қаныш Сәтбаевтың шақыртуымен келген академик В.М.Кельманның шәкірттері — қазақстандық ғалымдар шешуші үлес қосты. В.М.Кельман мектебінің өкілдері орындаған жұмыстардың ішінде қазақ ғалымы Алдан Сапарғалиевтің 1989 жылы Харьковте қорғалған «Стационарлық электромагниттік өрістерде зарядталған бөлшектер ағындарының кеңістік және уақыт бойынша фокусталуының жалпы теориясы» деп аталатын докторлық диссертациясының орны ерекше. Бұл жұмыста корпускулярлық оптиканың (КО) статикалық электрлік және магниттік өрістерге арналған классикалық теорияларының орнына КО-ның Жаңа жалпы теориясы ұсынылған. Электр және магнит өрістеріндегі бөлшектер ағынын басқарудың жаңа жалпы теориясы ағынға айрықша әсер ететін ерекше нүктелердің 1-ші және 2-түрін ескере отырып әзірленген. Мұның маңыздылығын мынадан көруге болады, осы мәселемен әлемнің жетекші ғалымдары қарқынды жұмыс істеп (В.К.Сворикин — теледидардың атасы, Л.А.Арцимович — бұрынғы КСРО-да атом бомбасын жасаушы және т.б.), шешімін таппаған еді. Мұнымен айналысуларының себебі, бұл проблема шешілсе, ғылымның әр саласының дамуына айрықша ықпал ететіндігінде еді.

Қазақстанда профессор Алдан Сапарғалиевтің жетекшілігімен 1987–1990 жылдары әлемдегі бірінші RTOFMS (RTOFMS — бір рефлекторлық электростатикалық өрісі бар үшу уақытының масс-спектрометрі) әзірленіп, зертханалық үлгісі жасалды. Тәжірибелік зертханалық үлгідегі эксперименттер бұл жаңа құрылғының ажыратымдылығы бойынша — үш есе, ал жарық күші — сол кездегі белгілі TOFMS ShimadzuL AMS-50K қарағанда бірнеше ондаған есе жоғары екенін көрсетті

Тап осы тұста Қазақстанға «өтпелі кезең» тап болып, ғылымы дағдарысқа ұшырады. Өтпелі кезеңге байланысты сол кездегі Қазақстан билігі ғылыми-зерттеу мекемелерін мемлекеттік қаржыландырудан және ғылыми кадрлар даярлау құқығынан айырды. Соғыс кезінде ашылған Ұлттық Академияны жапты. Инновациялар мен ғылыми зерттеулердің нәтижелерін коммерцияландыруға бөлінген қаражат сыбайлас жемқорлық схемалары арқылы жұмсалды. Осының барлығының нәтижесінде: қабілетті ғалымдар Қазақстаннан кетуге мәжбүр болды; ғылымның көптеген маңызды салалары бойынша зерттеу, инновация, жас кадрлар дайындау процесстері тоқырады.

Сонымен қатар ең ауыр шығын — көреген Қаныш Сәтбаев ұйымдастырған, қалыптасуына көп жылдар қажет болған белгілі ғылыми мектептер (В.М.Кельман, М.И.Корсунская, Л.М.Неменов, т.б. мектептері) жойылып, ғалымдар



# ҒЫЛЫМҒА КӨҢІЛ

арасында ұрпақ алшақтығы пайда болды. Корпускулярлық оптиканың жалпы теориясының (КОЖТ) және қазақстандық ғалымдар әзірлеген әртүрлі физикалық электроника құрылғыларының үлгілері мен теориясының қызығын өзге елдер көріп, осының нәтижесінде соңғы 30 жылда дамыған елдерде жасалған бірегей физикалық электроника жүйелері пайда болды, медицинаның, биологияның дамуына жаңа серпін берді, олардың проблемаларын шешуге мүмкіндік жасады. Мысалы, америкалық аналитик химик Джон Беннетт Фенн — биологиялық макромолекулаларды зерттеудің масс-спектрометриялық әдісін, атап айтқанда, электроспрей әдісін жасағаны үшін 2002 жылы химия бойынша Нобель сыйлығын алды. Қазақстандық ғалымдардың ашқан жаңалықтары ол елдерде тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі, бактериологиялық, химиялық, жарылғыш, есірткі және басқа қауіптерді бақылау, қорғау, жүйелерін жетілдіруге есепсіз үлес қосты. Яғни жаңалық — біздікі, пайдасы оны іске асырған — өзге елдікі.

Жоғарыда аталған ғылыми мектептер жабылды, оның жетекшілері ғана емес, көптеген талантты шәкірттері жасап жатқан ғылыми жұмыстарын жалғастыру үшін амалсыздан мүмкіндігі мол шетелдерге кетті. Алайда, Қазақстанда қалған патриот ғалымдар да қарап отырған жоқ, бір кезде жүзеге асар деген үмітпен жұмыстарын жалғастыра берді. Мәселен, қазіргі дамыған елдердегі RTOFMS-тің заманауи түрлерінің бастапқы иесі қазақ ғалымы Алдан Сапарғалиев. Бұл патенттің негізгі элементтерін, физикалық электроника жүйелерін өндірушілер пайдалануда. Соңғы жеті жылда Қазақстан ғалымдары (авторлары А.Сапарғалиев, А.Жүнісбеков, А.Мит) жаңа заманауи теорияға сүйене отырып, физикалық электроника саласында да жаңа маңызды интеллектуалдық меншіктер (өнертабыстар) жасады.

Қазақ ғалымдары Алдан Сапарғалиев, Мұхтарбай Өтелбаев, Амангелді Жүнісбеков жасап жатқан дүниежүзіндегі ғылым мен техниканы дамытудың тағы бір маңызды бағыты — энергияның бір түрден екінші түрге өзгеруінің теориясы мен технологиясы. (Осы жерде оқырманға қосалқы ескерте кетерлік бір жайт: бұл іске жаңадан араласқан әйгілі акаде-

мик-математик Мұхтарбай Өтелбаевтың есімі, оның қауымына тегіс мәлім). Бұл жаңа бағыт жаңа математикалық әдістерге, түсініктерге және технологияларға негізделген, мысалы, көп векторлы электромагниттік өрістер және олардың индуктивті қосылу мүмкіндігі; ортада бұзылу кезінде (мысалы, қозғағыштардың көмегімен) ағымдағы ортада (газ немесе сұйық ортада) пайда болатын күш векторларын қайта бөлу заңдылықтары, соның ішінде «ZV-тарту және көмекші бет» технологиялары бар. Осы жаңа әзірлемелердің энергетика, машина жасау, экология және климаттың жағдайы үшін қаншалықты революциялық маңызды екенін бағалау қиын. Бұл жұмыстар, атап айтқанда, келесі жетістіктерге әкеледі: газ және сұйық ортада объектілерді (атап айтқанда, көлік құралдарын) энергиялық тиімді жылжыту технологиялары; қуат тығыздығы бірнеше есе жоғары электр машиналарының жаңа түрін (электр генераторлары мен электр двигателдерін)

пайдалану негізінде қазба отынынан жаңа энергия көздеріне жедел көшуге мүмкіндік береді. Мысалы, «ZV-тартқыш және көмекші бет» технологиялары қазіргі ортада қозғалатын объектілердің энергия тиімділігін оған жұмсалған энергияға қатысты 2 есеге түбегейлі арттыруға мүмкіндік береді. Алдан Сапарғалиев көп векторлы электромагниттік өрістер концепциясын және олардың индуктивті қосылу мүмкіндігін 2015 жылы патенттеді.

Бұл — аса ірі жаңалық! Мектеп оқулығынан білетініміздей, бұған дейін электр машиналары негізделген классикалық бір векторлы және толық қатарлы концепция және оны жүзеге асыру технологиялары пайда болып, Фарадей заманынан бері, яғни соңғы 180 жыл ішінде өзгеріссіз қалды. Көпвекторлы индукциялық ілінісу тұжырымдамасы белгілі аналогтермен салыстырғанда көптеген артықшылықтарға ие көпвекторлы магнит өрісіне негізделген электр машиналарының жаңа түрін жасауға мүмкіндік береді. Атап айтқанда:

— көлемі бойынша үлестік шығыс қуаты 4 есеге дейін жоғары;

— қуат бойынша үлестік материал шығыны 2-ден 3 есеге төмен.

Көпвекторлы индукциялық қосылыс тұжырымдамасы және оның жоғарыда аталған мүмкіндіктері қазір бүкіл әлемде танылды. 2019 жылдың тамыз айында, яғни патент жарияланғаннан кейін төрт жыл өткен соң және қазақстандық ғалымдар көп векторлы электр машинасының бірінші эксперименттік зертханалық үлгісін жасаған соң 2 жылдан кейін Linear Labs (АҚШ) төрт векторлы «HET» электр қозғалтқышының үлгісін жасады («HET» — Hunstable Electric Turbine), ал ол патент қазақстандықтардан алынған. Linear Labs қазірдің өзінде америкалық инженер-механиктермен келісімшарт жасап, олар үшін «HET» электр двигателдерін қарқынды түрде әзірлеуді бастады. Бір өзі 70-тің үстінде Нобель сыйлығының иегерлерін шығарған атакты MIT (Массачусет технологиялық институты) бұған 2023 жылы ғана қол жеткізіп, ұшақтарға арналған көпвекторлы магнит өрісіне негізделген электродвигательдің зертханалық үлгісін жасап шығарды. Қазір MIT Америкадағы ұшақ өндірушілерімен келісімшарттар жасауда.

Сапарғалиев ойлап тапқан көпвекторлы магнит өрісіне негізделген электродвигательді америкалық ғалымдар неге ұшақтарға пайдалануға құмар?

Мұның себебі бұл двигательдер қазіргі қолданыстағы двигательдерге қарағанда, 4 есеге дейін жеңіл. Салыстырмалы түрде алғанда, қазіргі 100 кг двигательдің қуатын 25 кг жаңа двигатель бере алады және көлемі кішірейген сайын пайдалы әсер коэффициенті (ПӘК) арта береді. Бұл артықшылықтар қазіргі негізгі соғыс қаруы дрондар мен ұшқышсыз ұшақтар үшін аса пайдалы екенін оқырмандарымыздың іші сезіп отырғанына еш күмәніміз жоқ. Әлбетте, мұны америкалық ғалымдар да жақсы пайдаланып отыр.

Кенес өкіметі кезінде А.Сапарғалиев бұрынғы КСРО-ның электроника саласы бойынша жабық әскери жұмыстарының жетекшісі болды. Сол кезде корпускулярлық оптиканың жалпы теориясын жасаған, 1-ші және 2-ерекше нүктелердің мәселесін шешкен Сапарғалиев электронды зенбіректің жетілген түрін ұсынып, патент алған еді. Оқырмандардың есіне сала кетейік, электронды зенбірек – атом бомбасынан кейінгі екінші қару. Қытай мен Америкада ғана бар. Мұндағы басты проблема – көлемі

Энергетика мен машина жасаудың салаларында әртүрлі жаңартылатын энергия көздерінің энергиясын электр энергиясына түрлендіруге негізделген жоғары, зиянсыз технологияларға көшудің аса маңызды мәселелері бар және оларды шешуге үлкен интеллектуалдық және қаржылық ресурстар шоғырланған. Мәселен, Еуроодақ 2035 жылға дейін табиғатқа өте зиянды қазіргі іштен жану двигательдерінен мүлде қол үзбек. Осы орайда көпвекторлы магнит өрісіне негізделген двигательдер мен генераторлар басты рөл атқарары сөзсіз.

МАСС-Спектрометрия: жетістіктері мен болашағы. Соңғы 100 жылда әлемде қол жеткізілген ғылыми-техникалық прогресс көбіне корпускулярлық оптиканың (КО) теориясы мен физикалық электроника құралдарының жетістіктерімен байланысты. Себебі қазіргі уақытта зарядталған бөлшектердің ағындары барлық дерлік салаларда қолданылады және олардың көмегімен шешілетін мәселелер шенбері үздіксіз кеңейуде.

Бүгінгі таңда масс-спектрометрия орын таппайтын адам қызметінің саласын елестету қиын. Көпшілікке белгілі болған кейбірін жай ғана тізбелеумен шектеліік: фармацевтика; тамақ өнеркәсібі; жартылай өткізгіш өнеркәсібі

біздің материяның құрылымы туралы көзқарастарымызды дамытуда өте маңызды рөл атқарды. МС көмегімен неон изотоптары 1912 жылы ашылды. Ғалым осылайша тұрақты изотоптардың бар екенін дәлелдеді. Фрэнсис Уильям Астон 1919 жылы жаңа МС жасады. Астонға оның көмегімен көптеген радиоактивті емес элементтердің изотоптарын ашқаны және бүгінгі сандар ережесін құрастырғаны үшін 1922 жылы химия бойынша Нобель сыйлығы берілді. 1950 және 1960 жылдары Вольфганг Поль квадрупольды массалық анализаторды және төрт полюсті ион тұзағын жасады. Қазіргі уақытта төрт полюсті ион тұзақтары әлемдегі ең көп тараған масс-спектрометрлер болып табылады, ал Вольфганг Поль өзінің инновациялық жұмысы үшін 1989 жылы физика бойынша Нобель сыйлығын алды. Сондай-ақ 2002 жылы химия бойынша Нобель сыйлығын алған жапон ғалымы Коичи Танака өз жетістіктерінің МС-сіз мүмкін болмайтынын атап өтті. Нарықтағы қол жетімді МС түрлерінің ішінде 2005 жылдан бері коммерциялық түрде шығарылып жатқан, А.Макаровтың ультра жоғары ажыратымдылыққа ие, көлемі шағын МС-ін атап өткен жөн болар.

Ғалымдардың болжамы бойынша,

руімен (процестің салдары кеңістікте таралады), атап айтқанда, заттар мен тірі объектілердегі процестерді, әсіресе жылдам процестерді дұрыс бақылау және басқару қажет. Ол үшін спектрометрдің бір арнасының әртүрлі нүктелеріндегі өзгерістерді бір уақытта бақылау (процестің жүру барысын анықтау) қажет.

Жер планетасының үлкен және маңызды құрамдас бөлігі органикалық заттардың аумағына кең түрде енуі үшін ең кемі 100 000-нан астам ультра жоғары ажыратымдылықтағы TOFMS қажет. Қазіргі уақытта нарықта белгілісі ең жоғарғы ажыратымдылыққа ие MR TOFMS «Pegasus GC-HRT» (LECO корпорациясы, АҚШ) ажыратымдылығы 45 300, яғни төменгі шектен 2 есе аз. Мұның өзі 1992 жылы қазақстандық ғалым Е.М.Якушев ұсынған технологияға негізделген.

А. Сапарғалиев ұсынып отырған жаңа тұжырымдамалар мен оларды енгізу технологиялары жоғарыда аталған барлық мәселелерді шешуге және TOFMS-дің жаңа түрлерін әзірлеуге және жасауға мүмкіндік береді:

- 150000 ультра жоғары айырғыштыққа ие шағын TOFMS, яғни белгіліге қарағанда айырғыштығы 3 еседен астам;

- диафрагма – белгіліге қарағанда 2–7 есе көп;

- көп жолдылық – анализатордың бір арнасындағы бірнеше ондаған жолға дейін, яғни талдау бір өрісте жүргізіледі, мысалы, бір иондық айнадан шағылысады. Профессордың қолында Американың, Еуропаның және әлемдік патенттері бар.

Жаңа типті TOFMS-тің мұндай көрсеткіштері биология, медицина, адам қауіпсіздігі жүйесін, технологиялық процестерді бақылау мен басқаруды дамытудың жаңа кезеңін қамтамасыз етеді. Айттық, қазіргі қол жеткен ажыратқыштық – 45 300. Бұл органикалық емес заттарды ғана зерттеуге жарайды. Айырғыштығы 100 000-ға жететін МС жасалған күні органикалық заттарды, тірі организмді зерттеуге үлкен мүмкіндік туады, яғни алдымен медицинада зор төңкеріс болады. Биологияның жаңа заңдары ашылады. Елдің қорғаныс қабілетін арттыруға үлкен үлес қосылады. Профессордың айтуына қарағанда, TOFMS масс-спектрометрдің айырғыштығын 500 000-ға жеткізуге болады. Яғни он есе арттыруға! Бұл енді, адам айтса сенгісіз жағдай! Бірақ ақиқат!

Академик В.М.Кельман мектебінің өкілдері Е.М. Якушев пен А.Сапарғалиев жоғарыда аталған басым ғылыми өзгерістерді жүзеге асыруда көшбасшы болды, олар жаңа математикалық әдісті жасағаны және физикалық электрониканың КО-құрылғыларының жаңа буынының қалыптасуы мен дамуына іргелі үлестері мен осы әдіс негізінде корпускулярлық оптиканың жалпы теориясын жасағаны үшін физика бойынша Нобель сыйлығына ұсынылуға лайықты. Жоғарыда айтқанымыздай, негізі бұлар Нобельдік баяғыда – электронды линзаның жарық күшін ондаған есе ұлғайтқанда алуы керек еді. Кенес едірі тұсында әскери жабық жұмыста отырған Сапарғалиевте бұған мүмкіндік болмады.

Ғалымның жоғарыда аталған жетістіктерін қазақстандық қана емес, америкалық, әлемдік патенттерде қолдап, мақұлдаған әлемнің жетекші сарапшылары тарапынан жоғары бағаланған, мысалы, АҚШ жетекші сарапшылары: 1. Кохей Арай, Бағдарлама төрағасы / Future Technologies Conference - FTC; 2. World Journal of Social Science, Sciedu Press; 3. Проф. Ю Сяо Ян соңғы бірнеше онжылдықта өз салаларындағы ең маңызды жетістіктер деп санайды.

Қазақ ғалымы Алдан Сапарғалиевтің бұл жаңалықтарын ғылыми-техникалық прогреске және экономиканы өрістетуге пайдалануды қазір Қазақстаннан басқа барлық дамыған елдер қолға алуда.

**Жұманазар АСАН,**

*филология ғылымдарының докторы*

# БӨЛСЕҢІЗ...



**A**



**B**

**Figura 2**


2017 жылы А.Сапарғалиев жасаған көпвекторлы магнит өрісіне негізделген электродвигательдің лабораториялық үлгісі.

аса үлкен, салмағы жүздеген тонна электродвигатордың керектігі. Байқап отырсаңыз, отырғандарыңыздай, Сапарғалиев патентінің Америкада расталуы – ол генератордың көлемін, тиісінше салмағын 4 есеге дейін жеңілдетуге мүмкіндік береді. Бұл жерде айтайық дегеніміз, орнымен пайдаланса профессор Сапарғалиевтің еңбектері еліміздің қорғаныс қабілетін арттыруға да керек-ақ.


Енді әскери қару-жарақ туралы айтуды қоя тұрып, қайтадан айтып жатқан негізгі тақырыбымызға көшейік. Осы жерде мынаған назар аудару керек, америкалық HET, MIT технологиялары Алдан Сапарғалиев ойлап тапқан ондаған көпвекторлы электромагниттік ілінісу технологияларының бір нұсқасы ғана деуге болады.

Қазіргі бір векторлы электр машиналарының көлемі зор, мысалы, қуаты 7 МВт болатын белгілі электр генераторлары бар қолданыстағы гидравликалық қондырғылардың салмағы 10 тоннадан астам. Қымбат электр көліктеріне арналған электр двигательдер 5-тен 26 мың АҚШ долларына дейінгі бағамен сатылады. Көп векторлы магнит өрісіне негізделген электр машиналарында қажетті жоғары айналу моменті мен жоғары тиімділікке қол жеткізу үшін қымбат сирек жер элементтері және өте жоғары электр тоғының қуаты бар тұрақты магниттерді пайдаланудың қажеті жоқ. Бұл одан әрі энергетика мен машина жасаудың барлық салаларында зиянды, энергияны көп қажет ететін, ауыр іштен жанатын двигательдердің орнына көп векторлы электр машиналарын кенінен енгізуге әкеледі.

және микротехнология (компьютерлерге, смартфондарға, телефондарға және т.б. интегралдық схемаларды, чиптерді өндіру); криминология; қоршаған ортаны бақылау; жана материалдарды өндіру; медицина және токсикология; биология; допингтік бақылау; есірткі және алкогольдік сусындарды бақылау; геохронология; археология; атом өнеркәсібі және энергетика; металлургия т.б.



*Бірвекторлы магнит өрісі/Фарадей XIX ғ.*



*Көпвекторлы магнит өрісі/Сапарғалиев XXI ғ.*

Масс-спектрометрдің (МС) ғылыми-зерттеу құралдары түрінде пайдалану мәселесіне келсек, бастапқы кезеңінде МС-дің қарапайым түрі – масс-спектрографтар түрінде орындалды, онда иондарды массасы мен зарядының қатынасы бойынша бөлу үшін пайдаланылды. Содан бері МС-ның 6 түрі пайда болды және олардың сезімталдық, жазылған массалар диапазоны (бір импульстік талдау циклімен), динамикалық диапазон, ажыратымдылық, өнімділік (сканерлеу жылдамдығы) сияқты негізгі сипаттамалары бірнеше жүз рет өсті.

Масс-спектрометрді пайдаланып Дж Томсон 1906 жылғы физика бойынша Нобель сыйлығының лауреаты атанды. Томсонның иондық сәулелерді талдау үшін жасалған зерттеуінің қорытындылары

XXI ғасырда адамзаттың негізгі күш-жігері биология, медицина және жаңа материалдар технологиясын дамытуға бағытталады. Біз білетіндей, биология және оған байланысты медицина ғылым ретінде салыстырмалы түрде нашар дамыған. Мысалы, физикамен салыстырғанда биологияның іргелі заңдары әлі дамымаған. Адамзаттың биология және медицина салаларындағы білімін одан әрі дамыту үшін, зерттеу құралдарын шұғыл жетілдіру қажет. Осы аспектідегі перспективті құралдардың бірі ұшу уақытының масс-спектрометрі (TOFMS) болып табылады, өйткені TOFMS жылдамдығы (секундына 40 000 массалық спектрлерді жазуға қабілетті) және жазылған массалар диапазоны бойынша масс-спектрометрлердің басқа түрлерінен 100 есе артық. Сондай-ақ төмендегі көрсеткіштері бойынша TOFMS ең жақсы өнімділікке ие:

- салыстырмалы түрде құны төмен;
- салыстырмалы түрде шағын өлшемдер;
- құрлысының қарапайымдылығы мен күтімінің жеңілдігі;

- сыртқы экстремалды жағдайларға төзімділігі.

Алайда TOFMS-ді кеңінен пайдаланып ғылым мен техниканың дамуына жаңа серпін беру үшін бүгінгі таңда төмендегі 3 мәселені шешу керек.

Біріншіден, ажыратқыштықты бірнеше есе арттыру қажет, бұл қазіргі уақытта төмен (45300).

Екіншіден, үлгідегі заттардың концентрациясын талдау үшін TOFMS-дің кез келген заманауи МС сияқты, жарық күші төмен. Бұл, әсіресе портативті TOFMS-де. Олардың жарық күшін арттыру үшін принципті жаңа тұжырымдамалар қажет.

Үшіншіден, барлық процестер уақытқа байланысты дамиды, сонымен қатар зерттелетін объектінің көлемінде оның айналасындағы кеңістіктің өзге-



31 шілдеде талантты публицист, жазушы, сыншы және аудармашы Бигелді Ғабдуллин 70 жасқа толады. Қазақстандық жаңа медиакеңістік архитекторларының бірі Б.Ғабдуллин соңғы жылдары әдебиетке нық және нақты бет бұрды. Мерейтой алдында жазушымен кездесіп, өмір, әдебиет жайлы әңгімелесудің реті келді.

## Бигелді ҒАБДУЛЛИН:

# «Әдебиет СЯСАТТАН ДА

— Бигелді Қайыр досулы, мерейтойыңызбен құттықтай отырып, шығармашылық табыс тілеймін. Белгілі жазушы Адольф Аршишевский сіз туралы ғұмырнамалық «Право на исповедь» романында жазған еді. Өз өміріңізге қандай баға берер едіңіз?

— Өзіңіз түсініп отырғандай, өмір сүру — өзен кешіп өту емес. Дүниедегі ең оңай нәрсе — өле қалу, ал ең қиыны — адамша өмір сүре білу. Өмірімнің баспалдақтары тікпен пен шөгінге толы: өміріме жасалған қастандық, АҚШ-қа эмиграцияға кетуге мәжбүрлік, соттың сансыз қысым-қудалауы түптеп келгенде мені темір тордың ар жағына тықты. Әр нәрсенің межелі уақыты бар демекші, бар қиындыққа барынша төтеп беріп, әр ауыртпалықтан сабақ алуды үйрендім. Бала күннен анық түсінгенім, арқа сүйер дөкей тума-туысым жоқ болғандықтан, тек өз-өзіме ғана сенуім еді. Мен — нағыз Self-made man, өз тағдырымды өз қолыммен жасаған адаммын. Өмірді жылдармен санамай, істермен мөлшерледім. Сондықтан келген жасыма байыппен қараймын. Адамның нағыз, шынайы өмірі шамамен 60 жастан басталады. Алла тағала маған 61 жасымда ұлды болу бақытын сыйлағаны кездейсоқ емес. Нақ осы жаста адам пісіп-жетіліп, өзгемен бөлісер тәжірибе жинақтап, артынан ерген жастарға ұстаз болар дәрежеге жетеді. Сондықтан өмірге өкпелеуге еш себебім жоқ.

— Сіз өміріңіздің қайғылы беттері болғанын жасырмайсыз. Әйтсе де, сізді жолы болмаған азамат деп атау қисынсыз. Өміріңіз шығармашылық жетістіктермен өрнектелді. Өзіңіз жүріп өткен жолдың жарқын жақтары, өмірлік ұстаздарыңыз, етене араласқан, үлгі тұтқан танымал тұлғалар туралы не айтар едіңіз?

— Сәттілік парасатты пайым иесіне ғана серік болады десіп жатады. Мейлінше еңбеккер, алдына қойған мақсатқа жетуде табандылық көрсете білгендерге деп қосып айтар едім. Сәттілік өмірімде аса маңызды рөл атқарды деп айта алмаймын. Бүгінгі күні жеткен межем тынбай еңбектенудің арқасында ғана енсерілді. Қарапайым отбасында дүниеге келгендіктен, бала күннен ұққаным: тапшылық пен шалғай жердің шектеуінен шығу үшін жақсы оқып, жан-тәнімді, рухымды шыңдап-шынықтырып, жоғары білім алуым ауадай қажет-тін. Алдыма қойған мақсатқа жеттім де. Қазақстанның озық жоғары оқу орнына түсіп, үздік атандым, содан соң КСРО-ның беделді оқу орны — Горький атындағы Әдебиет институтын алдыңғы қатарлы аяқтадым. Университетті аяқтарға бір жыл қалғанда әйгілі республикалық жастар газеті «Ленинская смена»-ға жұмысқа қабылдандым. Мақалаларым республикалық комсомол басшыларының назарына ілігіп, студент кезімде-ақ аталмыш ұжымның қатарына қосылдым. Қатан іріктеуден өтіп, 27 жасымда еліміздің бас газеті «Казахстанская правда»-ға мәдениет және өнер бөлімінің корреспонденті болып қабылдандым. Оған дейін бірнеше ай қазақтың атакты драматург, жазушысы Қалтай Мұхамеджановтың кеңесшісі болып қызмет істеп үлгердім. «Казахстанская правда» мен үшін нағыз өмір мен журналистика мектебі болды. Осы газетте жүргенімде біртуар тұлғалар: Әнуар Әлімжанов, Лияс Есенберлин, Дмитрий Снегин, Давид Симашко, Бауыржан Момышұлы, Қасым Қайсенов, Талғат Бигелдинов, Әзілхан Нұршайықов, Сағынғали Сейітов, Хамит Ерғалиев, Бақытжан Момышұлы, Максим Зверев, Леонид

Кривошеков, Леонид Скалковский, Оралхан Бөкей, Сәкен Жүнісов, Мұхтар Мағауин, Мұхтар Шаханов, Төлен Әбдіков, Сафуан Шаймерденов, Сағат Әшімбаев, Қалихан Ысқаков, Дулат Исабеков, Юрий Герт, Александр Жовтис және т.б. таныстым. Олардың қайсыбірімен сұхбаттасып, аралас болу мен үшін нағыз университет еді. Айтары жоқ, мен үшін өмірдің шуақты сәттері аз болмады. Мысалы, аудандық мектеп-интернатта оқып жүргенімде Бүкілодақтық «Артек» пионер лагеріне жолдама алдым. Еліміздегі ең беделді жоғары оқу орны Киров атындағы ҚазМУ-ге түстім. Еліміздің ең мықты газеттерінде қызмет істедім. Бауыржан Момышұлы, Олжас Сүлейменов, Әзілхан Нұршайықов, Анатолий Ким, Тимур Зулфикаров сынды заманымыздың үздіктерімен достасып, төрт жылға жуық Вашингтонда тұрдым. Сүйгеніме қосылдым, ұл-қыз өсірдім.

— Сіз он жылдан астам уақыт дегдар жазушылар ұйымы Қазақ ПЕН клубын басқарып келесіз. Бұл ұйым Қазақстанда қалай пайда болды?

— Иә, 2013 жылы Қазақ ПЕН клубының жалпы жиналысында бірауыздан осы қоғамдық ұйымның президенті болып сайландым. Клуб атауы — ПЕН. Ағылшынның «poet» (поэт), «essayist» (эссеист), «novelist» (романист) сөздері қысқартылып, «PEN» калам сөзінен құралған. Ұйымның мақсаты — дүниежүзі жазушыларының шығармашылық ынтымақтастығына ықпал етіп, көркем аударманы дамыту. Ұйым түрмеге қамалған, саяси режимнен теперіш көріп, репрессияға ұшыраған ақын-жазушыларға қол ұшын беріп, қолдап отырады. ПЕН клубы жазушы Кэтрин Эми Доусон-Скоттын бастамасымен 1921 жылы Лондонда құрылып, алғашқы басшысы болып жазушы Джон Голсуорси тағайындалған болатын.

Бүгінде клубқа 120 елден 160-тан астам ұлттық орталық мүше болып отыр. Ұлттық орталықтар тілдік принципке сәйкес құрылған. Қазақ ПЕН клубы осы беделді халықаралық ұйымның ассоциативтік 160 мүшесінің бірі болып табылады. Қазақ ПЕН клубын құру идеясын клубтың алғашқы президенті қазақтың көрнекті жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісов ұсынған еді.

— Соңғы жылдары сіз әдебиетке түбегейлі бет бұрдыңыз. Әдебиеттің біздің қоғамымызда алатын рөлін қалай бағалар едіңіз, әдебиет пен өнер саясаттан тысқары бола ала ма?

— Менің ойымша жазушы, суреткердің рөлі жұртқа ақиқатты бұрмалаусыз, нақты түрде көрсете білуде. Өмірді ұзын-сонар оқиғалар тізбегі ретінде ұсынып қана қоймай, сіздің осы тізбектегі орныңызды нақты айқындап беруінде дер едім. Немесе, кемінде, сізге тиесілі орынды өз бетіңізше табуыңызға мүмкіндік береді. Бір тұрғыдан алғанда әдебиеттің мәні саясаттан да жоғары: әдебиет санаға өзге деңгейде әсер етіп, «қарапайым өнер» қатарына жатпайды. Бұл жерде туындайтын сұрақ «әдебиетке саясат қажет пе?» Саясат — қоғамда қаралатын күрделі мәселелер тізімі, оны экономикалық теория деу жаңсақ пікір. Саясат — Қазақстанды алып қарағанымызда, сіздің күнделікті тұрмыс-тіршілікке деген көзқарасыңыз. Ал күнделікті тұрмыс-тіршіліктен қашу, бас тарту — меніңше, логикалық тұрғыдан алғанда қисынсыз нәрсе. Пушкин орыс поэтикасының негізін қалаушы ғана емес, орыс этикасының тұптамасының дінгегі,

ал пушкиндік этика саяси бейтараптықты құптамайды. Ахматова айтпақшы: «Вяземский өз күнделігінде күнкілдесе, Пушкин бүкіл Ресейге паш етті». Бүгінгі күннің шындығы — шиеленіске толы, жария етілуі қажет тақырып, әдеби мәнділігі соншама бай материалды бүгіп қалу қисынға келмейді. Протопоп Аввакумның «Әр қиындыққа — бір дұға» деген мағыналы сөзі бар. Адам қандай қиындықты бастан кешсе де, әдебиет оның көмекке келер дұғасы іспетті болуы тиіс.

— Сіз қазақ авторларының АҚШ пен Англияда аударылып, жарыққа шығуын ұйымдастырдыңыз. Қазақ ПЕН клубының қай жобасын аса маңызды деп санар едіңіз?

— Халықаралық Қазақ ПЕН клубы қазақтың классик жазушыларының шығармаларын ағылшын тіліне аударуды таңдауы кездейсоқ емес. КСРО ыдыраған соң әлемде ұлттық мәдениетке деген қызығушылықтың тоқырауы белең алды. Өткен 34 жылда Әбдіжәміл Нұрпейісов, Олжас Сүлейменов, Бақытжан Қанапьянов, Ұлықбек Есдәулетов, Данияр Сүгірәлиев сынды белгілі каламгерлерден өзге бірде-бір жазушы дүниежүзілік деңгейде танылмады. Бұл белеске көтерілу шығармалары ағылшын тілінде жарық көргендерге ғана бұйырады. Статистика бойынша бүгінгі таңда ағылшын тілі тек халықаралық қатынас тілі ғана емес, дүниежүзі мәдениетінің тіліне айналды. Осыған орай жазушының әлемге танымал болу-болмауы ағылшын тіліне тәуелді. Сондықтан осы олқылықтың орнын толтырып, классиктеріміздің кітаптарын АҚШ пен Англияда аударып, шығаруды жөн көрдік. Біз әлемді Қазақстанның шынайы бет-бейнесімен, халқы, тарихы, мәдениетімен таныстырмақпыз. Осы орайда аса күрделі шығармашылық мәселе — елдің өмірі мен тұрмысын, арман-мүддесін, проблемасын, адам жанын, қазақ әдебиетінің бет алысын неғұрлым терең, дәлме-дәл айқындайтын шығармаларды іріктеу қажеттігі туындады. Әрине, біз әр түрлі стильде жазатын жазушыларды тізімге қосқымыз келді. Сөйте тұра, ерекше «қазақи» әдебиет деп аталатын, өзбек, қырғыз, өзге де әдебиеттен ерекшеленіп тұрған, «мың өліп, мың тірілген» халқымыздың қасіретті тағдыры, сталинизм зобалан, ашаршылық, Арал трагедиясы көтерілген, «эпикалық» стильге, замана талаптарына сай, мүддесі ортақ авторларды жарияласақ деген едік. Осы шарттарды ұстана отырып, Қазақ ПЕН клубы мазмұны аталған талаптарға неғұрлым жақын «Біз — қазақпыз...» топтамасына 25 авторды іріктеп, шығармаларын бірінші кезекте АҚШ пен Англияда аударып, шығаруды жөн көрді. Бұл тізімде Абай, Мұхтар Әуезов, Мұқағали Мақатаев, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Олжас Сүлейменов, Әбіш Кекілбаев, Сәкен Жүнісов, Дулат Исабеков, Оралхан Бөкей, Мұхтар Мағауин, Қалихан Ысқаков, Бердібек Соқпақбаев, Смағұл Елубай және басқалар бар. Қазақ ПЕН клубын басқарғаннан бері өзімізін басты міндетім — дүниежүзі мәдени-ақпарат кеңістігінде Қазақстан мәртебесін жоғарылату деп бел-

гіледім. Әдебиет — ұлттық шектеу-шекарасыз дүние. Сондықтан ұлтаралық, халықаралық өзгешеліктерге қатысты қиындықтарға қарамастан, әдебиет халықтар арасындағы байланыс пен мәдениеттер арақатынасы құралы болып қалуы тиіс. ПЕН клуб ел мен елдің арасында түсіністік пен сый-құрмет орнату үшін құрылған. Қазақ ПЕН клубы да осы игі мақсатқа ұмтылады. Кеңестік дәуірде қазақ жазушылары халықаралық аренаға шығармаларын орыс тіліне аудару арқылы ғана шығатын. Заман өзгерді. Бүгін дүниежүзін Қазақстанның шынайы мәдениетімен таныстырып, тарихы, мәдениеті, әдебиеті бай халқымыздың нағыз бет-бей-

несін көрсететін уақыт жетті.

— 2013 жылы құрылған «Біз — қазақпыз...» топтаманыз, шындығында, бір институт атқаратын үлкен жоба. Шығармаларды іріктеу кезінде қиындықтар, даулы сәттер туындаған болар?

— Клуб президенті болып сайланған сәттен бастап, «Біз — қазақпыз...» Қазақ классикасының таңдамалы шығармалары жалпылама атауымен қазақ әдебиетін АҚШ пен Англияда аударып, шығаруды мақсат тұттым. Сол сәтте кімдерден бастасақ екен деген сұрақ туды. Бұл өте күрделі мәселе. Мен ағылшын тіліне бүгінгі Қазақстанның өмірі, өзекті мәселелері мен қазақ халқының ниет-ықыласын анағұрлым терең, дәлме-дәл айқындайтын танымал жазушылардың шығармаларын аударуды ұйғардым. Осы жылдар аралығында АҚШ пен Англияда Абайдың «Қара сөздері», Олжас Сүлейменовтың, Мұқағали Мақатаевтың таңдамалы өлеңдері, Мұхтар Әуезовтің таңдамалы шығармалары, Әбіш Кекілбаев, Сәкен Жүнісов, Оралхан Бөкей, Қалихан Ысқаков, Герольд Бельгер, Бердібек Соқпақбаев, Смағұл Елубаев, Қажығали Мұханбетқалиев, Ұлықбек Есдәулетов, Серік Ақсұңқарұлы, Раушан Бүртібаева және т.б. каламгерлердің романдары мен шығармалары аударылып, басылып шықты. Жоғарыда айтылғандай, ең алдымен, аудармаға автор іріктеу — бұл, шын мәнінде, өте күрделі, іріктеушінің әдеби, тарихи, зерттеу жүргізуін талап ететін үлкен жұмыс. Авторлар тізімі дайын болған соң келесі мәселеге көшеміз: қай жазушыны қай тілге аудару керек? Демек кей авторды ағылшын, бірін орыс, бірін неміс тіліне дегендей. Бір авторды бірнеше шет тіліне аудару тиімді бола қоймас, әрине. Осының бәрі атқарылған соң маман аудармашы іздеп-қарастыру қажет. Әрине, аудармашы аталмыш тілдің иесі, аударма әлеміне танымал, көркем аударма ісінде дарынды болуы тиіс. Әдебиет — адам жанының айнасы. Өзіне беймәлім халықты оның прозасы мен поэзиясына терең бойлап қана танып-біле аласыз. Менің бұл бастаған ісімді Йоханессбургтің Халықаралық ПЕН клубы жоғары бағалап, «Алматы бастамасы» деген айдар тақты. Қазақ авторларын ағылшын тіліне аудару өте қиын жұмыс. Тарихи, этнографиялық детальдардың көптігі, суреткердің тартымды және образға бай тілі, стилі мен ырғағы заманауи америкалық әдеби тілден алшақ.

— Соңғы бір атап айтарлық жобаныз — «Audarma» баспасынан шыққан алғашқы кітаптың авторы Нұрлан Оразалин. Өзіңіз романның алғысөзінде айтқандай: «Бұл — заманауи Қазақстанның сан қырлы дауыстарының бірі». Осы жобаға кеңірек тоқтала кетсеңіз?

— Жоғарыда айтылғандай, Қазақ ПЕН клубының алға қойған мақсаты — заманауи қазақ әдебиетінің бетке ұстар алдыңғы үлгілерін шет елдерге таныту. Бұл тұрғыда Қазақ ПЕН клубы қазақ классиктерін АҚШ, Англия, Франция, Германия және басқа да елдерде көркем аударма жасауда бай тәжірибе жинақтады. Біз кітап басып шығаруды еш ке-

дергісіз атқара аламыз – Amazon, Apple Books және Google Play Books сынды платформалар мәтінді цифрлы түрде басып, кітабыңызды сұранысыңызға сай жарыққа шығарып, төрткүл дүниеге қолжетімді етеді. Айта кетерлігі, біздің баспа арқылы шет елде кітаптың көркем аудармасын жасап, басып шығару қазақстандық жазушыларға арзанға түседі. Осы орайда Қазақ ПЕН клубының аясында біз қазақ-америкалық «Audarma» баспасын құрып, басты назарды қазақстандық авторлардың шығармаларын шет тілдерге аударуға бағыттадық. Жобаның артықшылығы – іріктеу жұмысының жариялылығы мен демократикалық тұрғыда өтуі, кәсіби редакциялау, ең ірі дүниежүзілік платформаларда басылып, кітаптың АҚШ-та шығуы, қазақстандық әдебиеттің шет елде таралуы. «Diverse Voices of Modern Kazakhstan» – қазақстандық авторлардың дүниежүзі бойынша өз оқырманын табуы. Әлбетте ұсынылған шығармалар қатаң тандау-талаптан өтеді. Бізге елдің шынайы өмірін анық, тереңнен көрсете алатын,

және т.б. құрып, басқардым. Сөз құдіреті біреуге шабыт берсе, шындықтан қауіптенетіндер үшін қорқыныш болғанына да көзім жетті. Шығармашылығымның сан қырына жалғыз ғана ортақ дүние – қалам дер едім. Әдебиет институтында оқып жүргенімде философ Георгий Куницын «адам жанына үш қабілет берілген», деп үйрететін. Атап айтқанда: 1. Адам ақиқатты тану үшін жаралған. Ертең жақсы өмір сүргенім емес, соны бүгін білгенім маңызды; 2. Адам жақсылық жасау үшін жаралған; 3. Адам әлемге сұлулық әкелуі тиіс. Бар шығармашылық қызметім осы үш қағидаға саяды. Творчествомды жақсылық жасау үшін жұмсаймын.

– Сан ғасырлық қазақ тарихынан мағлұмат беретін «Ұлы көш» атты еңбегіңізді ғылыми зерттеу деуден бас тартып, «тарихи ессе» деп атапсыз. Өз басыңыздан өткен оқиғалар тарихқа деген көзқарасыңызға ықпал етті ме?

– Эмиграциядан оралған соң 2004 жылы «Central Asia Monitor» газетін құрдым. Ал 2006 жылы мені «Астана» телеарнасына бір



# МАҢЫЗДЫ»



халықтың мұң-мұқтажы, проблемаларын, қазақ әдебиетінің үрдістерін жеткізе білетін шығармалар қажет.

Сәтті аударманы әдетте конгениалды деп атап жатады. Көркем аударманың басты тілдік мәселесін әр аудармашы өз бетінше шешеді: сөзбе-сөз, я болмаса көркемдік (fidelity of beauty). Дәлме-дәл, сөзбе-сөз деген нені білдіреді? Түпнұсқаның дәлдігі ме, шығарманың идеясы мен рухы ма? Осы тұрғыдан алғанда кей аудармашы мәтін ана тілінің, отандық оқырманның таным-түсінігіне сай болуы маңызды десе, енді бірі оқырман өзге мәдениет пен ойлау жүйесін қабылдап, ана тілін қалайда пайдалануды ұсынады. Бұл мәселеге біздің көзқарасымыз – екі жақтың ұсынысын бірдей қолданып, екеуінің бір-бірімен үйлесім табуы қажет деп санаймыз. Мұндағы басты проблема тек тілдік мәселе емес, оқырман жанын көркемдікке тартып, шығарма рухының әдеби әлемге сіңісуі. Сонымен, әдеби көркем аударма – ұзақ уақыт, қыруар еңбек жұмсалатын, аудармашының біліктілігі сыналатын, екі тілді жоғары деңгейде меңгерумен қатар, екі елдің мәдениетін де жете білуін талап ететін маңызды жұмыс.

– Горький атындағы Әдебиет институтында алған біліміңіз әдеби сананыңға, сөз құдіретіне деген көзқарасыңызға қалай әсер етті?

– Әдебиет – қоғам үні екені әркімге де түсінікті. Әдебиет – тек сөз өнері ғана емес, елдің тарихы, мұң-мұқтажы мен үмітінің айнасы. Абайдан Қуандық Түменбаева дейінгі атақты жазушылар – бұрын да, бүгін де қазақ халқының тағдыры туралы айтып қана қоймай, ұлттық сана-сезімді қалыптастырушы. Бүгінгі күні де ұлттық әдебиет осы дәстүрді жалғастыруда. Бірақ алда бізді әлі де талай сынақ күтіп тұр. Цифрлық технология заманында, оқырманның талғамы өзгеріп, мәдениет пайда табу көзіне айналған шақта әдебиет көмекке өте зәру. Көптеген жылдар «Ленинская смена», «Казахстанская правда» газеттерінде жұмыс істеп, «Новое поколение», «XXI век», Central Asia Monitor басылымдарын, «Радиоточка» порталын

сағаттық «Байыпты сұхбат» бағдарламасын жүргізуге шақырды. Сол кезде «Наркомы» деректі сериалын қолға алмақ болдым. Архивтерді ақтарып жүріп бұл адамдардың ұмыт болып, өмірбаяндары көмескі тартып бара жатқанын түсіндім. Сол кезде Қазақстанның басшылары туралы кітап жазу ойыма келді. Керей мен Жәнібек хандардан бастау керекін түсіндім. Әйгілі британдық тарихшы Томас Карлейль айтпақшы, дүниежүзі тарихы – ұлылардың өмірбаяны. Осылайша, 2012 жылы бестселлерге айналған «Ұлы көш» эссе кітабы дүниеге келіп, француз тіліне аударылды. Егер әріден тартсақ, кезінде бұл кітаптың идеясын Илияс Есенберлин марқұм ойыма салған еді.

– Соңғы кітабыңыздың атауы «Мараль» неліктен «а» арқылы жазылған, осы шығармаңызды оқи отырып анық ұғынғаным, оны өзіңіз жайлы емес, ашығын айтқаны үшін темір тордың ар жағына тоғытылатын журналистер қауымы туралы жазғандайсыз?..

– Егер де сөздің түбінде ақиқат жатса, қай елде болса да, оны естіріп құлақ табылады. «Мараль» – көнерген сөз. Жала үшін жауакершілік жүктеу сияқты, ұмытылып бара жатқан сөз. Өз басыма келсек, мен үшін жала жалаң метафора емес, жазалау үкімі болып шықты. Бұл сөз тек мен жүріп өткен жолдың символы ғана емес, ойындағысын жасырмай айтқаны үшін репрессияға ұшырай алатын бүкіл бір заманның атауы. Бұл кітаптың атауы, жала жабу – билік қаруына айналғаны туралы. Шындық – қауіпті, оны айтқан адам жазықты болуы туралы. «СИЗО», «Мараль» атты туындыларым кабинеттің салқынында емес, қанның қайнауынан шықты. Жасырары жоқ, роман желісі – өз өмірбаяным. Өз тәжірибем – бүгін журналист, қоғам қайраткерісің, ал қас-қағым сәтте – тұтқынсың. Бірақ бәрінен бұрын айтарым, роман шынайы сезімнен туды. Өміріме қауіп төнсе де, соттап, қысым көрсетсе де, қорласа да абыройыңды сақтап қалуға болатынына деген көміл сенімнен туды. Тіпті СИЗО-да. Тіпті тәуелсіз, еркін ойың жүйеге қарсылық болып саналатын елде де. Көп жұрт сталин-

дік лагерьлердегі қиянат өткенде қалды деп сенеді. Әттен, біздің пенитенциарлы жүйе зұлымдығы есте қалған кезеңнің естеліктерін әлі де балапандай баптауда.

Баяндалған дүние – ойдан құрастырыл-маған, өз басымнан өткен жағдай. Адам мен хайуанның арасындағы айырмашылық шекарасы қай жерде, соны түсінуге тырыстым. Айналаң бетон, темір тор, болашағың бұлыңғыр... сол сәт адами тұлғадан жұрнақ сақтала ма? Темір тордың ар жағына қылмысын үшін емес, коррупция, келенсіздіктерді сынағаның үшін түсу заңға деген сеніміңе сынақ болғанымен, өзіңді рух бостандығына жетелейсі. Мені жаздың деп кінәлады, БАҚ құрдың деді. Сөз бостандығын айып қып таңғанда, парадокс, төрт қабырғаға қамалғанымда алғаш рет еркіндіктің не екенін түсіндім. Тәннің емес. Рухтың. Еркіндік ойлау қабілетінде. Ойдан қорықпауда. Әділдік сезімі өлмегенде. Олардың мақсаты – жазалау емес, сағымды сындыру еді. Мен сынбадым. Өйткені шындық – қылмыс емес. Одан қорықса да. Қорқыныш бойымды билеген түндерді өткіздім. Сол түндерде санамда ең мықты ойлар туды. Үрей – жан айқайы емес. Үрей үнсіздікте. Ар-ұжданыңмен оңаша қалғанда. Қорыққаным рас. Азаптаудан емес. Кесілер мерзімнен емес. Өз болмысымды жоғалтудан. Айнадан адам емес, екі бүктелеген, енжар, сұлық көлеңкемді көруден. Сөзге тоқтадым. Ойға тоқтадым. Камерада сенделіп, күбірлеп айтқан өлең жолдарына тоқтадым. «Кешіруді үйрен... ренжіткенге дұға қыл...». Пастернак, Мандельштам, Олжас Сүлейменов, Бахыт Кенжеев, Варлам Шаламов... осылар мені дұға септігін тигізбеген кездерде шыңыраудан алып шыққан. Осылайша, аман қалдым. Ең бастысы, болмысымды сақтап қалдым. Өзім туралы кітап жазғым келмеді, бәріміз үшін жаздым. Өйткені өзіміңіз басымнан өткен дүние өзгелердің басына да түсуі мүмкін. Қазақстанда ғана емес. Бұл кітап адамның еркін басып-жаншу машинасының қалай жұмыс істейтіні туралы. Барыңнан айрылсаң да, абыройыңды сақтаудың маңызы туралы. Бұл кітап өзімді ақтап, өзгені құстаналау үшін жазылған жоқ. Біз тұйық кеңістікте мекен-демейміз. Есіңізде сақтаныңыз, әр сөздің, әр іс-қимылдың өзгеге әсер етері хақ. Әрбір адам қасиеттің көрінісі еді. Егер де «Мараль», «СИЗО»-ны оқыған бірде-бір адам өзінің жападан-жалғыз емес екенін түйсінсе, кітаптың бекер жазылмағаны. Біздің әлемде сөз қауіпті қаруға айналды. Алайда адам сөзіне ерік беруші күш – саясат, насихат, сот та емес, тек әдебиет қана. Менің кітаптарым – қарсыласу әрекеті. Кешірім әрекеті. Сөз құдіреті әлі де әлемді өзгерте алатынына сенімім.

– Енді «Қаңтар – 22» кітабына тоқтала кетсек. Осы күрделі тақырғапта документалистика жанрын таңдапсыз. Күеңер іздеп бүкіл елді аралап қайттыңыз. Осы туындыны дайындаған кезде қандай да бір қиындыққа ұшырадыңыз ба? Бұл оқиғадан қандай сабақ аламыз?

– Бұл кітап маған оңайға түскен жоқ. Кітапты жазу үшін ұшақпен, пойызбен, көлікпен, атпен мыңдаған километр жолды еңсеріп, еліміздің ондаған облысын аралап шықтым. Қиындыққа себеп болған, біріншіден, жұрт үндеуіме жауап беруге, кездесуге, естеліктерімен бөлісуге құлықсыз болды. Арасында «... тергеу абактысында, уақытша

ұстау изоляторында басымнан өткен жағдайды жазғаныңызды қаламаймын. Бір жағынан бөлісіп, ішімді босатып алғым-ақ келеді, ал екінші жақтан жанымды жаралап, ашылғым келмейді. Қорқынышты!» дегенді ашық айтқандар кездесті. Әсіресе кездесуден құқық қорғау органдарының өкілдері қашатын. Олар бастық жібермеді, қызметтен босай алмаймын дегендей сан түрлі сылтау айтатын. Арасында «Ескіні еске алып не керек? Әділдік іздеу? Біздің елде оны табу мүмкін бе?» деушілер де кездесті. Күеңерлер өзімізді, елімізді өзгертіп, кері дәуірге бір сәтте лақтыра салған үлкен трагедияға қатысқандарын түсінді. Іштей оларға түсіністікпен қарадым, өткеннен қорған іздеу қисынсыз. Өлген тірілмейді! Екіншіден, билік «құпия» грифпен белгіленген құжаттарды зерттеуге рұқсат бермеді. Қашан рұқсат берілерін ешкім ашып айтады. Үшіншіден, теңізге жалғыз жүзген шабақтың күйін кештім. Айтталық, 2022 жылдың қаңтар айында болған оқиғаны бір жыл бойы зерттеген адвокат Айман Омарованың комиссиясында 15-тен астам адам жұмыс істеді. Дәл осындай Абзал Құспанның комиссиясында да 10 адам болды. Мен болсам... «жалғыздың шаңы шықпас». Төртіншіден, бейбіт құрбандар туралы, оның ішінде бейкүнә сәбилер де бар... ол туралы тізбелеп жазу қиынға соқты. Бұл жұмыс автордан ерекше этикалық, моральдық, физикалық, тіпті метафизикалық күш қажет етеді. Өйткені жақыныңнан айырылу – бүкіл әлемнен айрылуға пара-пар дүние! Мұндай трагедияны жеткізу үшін Шекспир, Достоевский, Абай болуы тиіс... Жан түршігерлік азап пен қорлықты бастан кешкен күеңерлердің естеліктерін селт етпей тыңдау мүмкін емес. Он жерден момын болса да, әр елдің садистері мен қаншыерлері барын біліп, мойындаймын. Бірақ... қазақ қазақты азаптағаны миыма қонбайды! Жүздеген адамның өліміне, мысалы, Алматыда, полицейлер мен қауіпсіздік күштері кінәлі еместігіне көзім жетті. Олар өз қызметін орындап, басшылардың бұйрығына бағынды. Бейбіт тұрғындарға оқ атқан олар емес, дайындалып келген содырлар, діни радикалдар мен полиция киімін киген арандаушылар. Олар үшін өлім-жітім неғұрлым көп болса, президент Қасым-Жомарт Тоқаевты тақтан тайдыру соғұрлым оңай болатыны маңызды еді! Әйткенмен, жылқы ішінде ала да бар, құла да бар. Полицейлер арасында күшіне сеніп, қолға түскен кінәсіз жастарды қинап-азаптаған жауыздар да кездесті. Байғұс жастардың өз қорғансыздығын толық сезгеннен басқа қорғанар күші болмады. «Бір мұнда жүз көрініс бар» дейді Вильям Шекспир. Сол бастан өткен трагедияның бір көрінісін менің кітабымнан көре аласыздар. Нендей сабақ дейсіз? Қарапайым: ешбір жағдайда қос билікке – билік параллеліне жол беруге болмайды. Ондай ойын оңа әпермейді. Қоғамның негізгі қозғаушы күші халық екенін еш ұмытпау керек. Еліміздің Конституциясына сәйкес жұмыс істейтін мемлекеттік институттардың тұрақты және тиімді жүйесін құру мемлекет пен қоғам дамуының өзгермейтін заңы болып табылады.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан  
Маруана ХАМЗАҚЫЗЫ

(Соңы. Басы өткен санда)

Дабылы кеткен Кененің,  
Әубан мен Сыбанға.  
Мұнан үріккен көп қырғыз,  
Қайта барып камалды,  
Судың басы Дауанға.  
Ергенде қол, сыймайды,  
Алатаудың баурына.  
Дулатты соған айдады,  
Өшіккен қырғыз жауына,  
Он мың кісі аттанып,  
Кекіліктің тауына.  
Мұнарамен шаң болды,  
Қызылсу, Самса саласы.  
Ол сапарда қазақтың,  
Қабыл болды тәубесі (тобасы).  
Қол алдында жүргенде,  
Кәрібоз деген бір қырғыз,  
Ер Қанайдың баласы.  
Дулат осы бөлініп кеткеннен соң,  
астыртын қырғызға үндес болып, Кене  
ханға қиянат қыла бастады. Осы камалды  
бұзғанына қанағат қылмай, енді соңынан  
қалмай қуа бергені... Кәрібоздың елшілікке  
келіп, Наурызбайға айтқан сөздері:

Кәрібол сонда сойлейді,  
Сөйлегенде, не дейді?  
— Ай, Наурызбай, ай, төрем,  
Не жазығым бар еді.  
Кенесары ханына?!  
Бітті деп көңіл қылмадың,  
Қырғыздағы арына.  
Алмаған арын қалды ма,  
Қырғыздан сенің тағы да?!  
Қосшыны шаптың шулатып,  
Қарағаштай шөңгірден  
Қалшасын ұстап, байладың.  
Хан болып, халқын менгерген  
Сатуына қалшаның  
Тоғыз түйе арттырып,  
Отаулап қызды бергені.  
Атаң Абылайдың тұсында,  
Бар ма еді қалыңсыз!  
Саған қыз бергені?!  
«Абылай аспас» асудан,  
Аса келіп, ел шаптың.  
Туыңды тігіп Құмбелден,  
Қыстай шауып елімді.  
Баламды салдың тілімге.  
Босатып қойдың, бостырып,  
Атамекен жерімді.  
Жаманқарамды өлтіріп,  
Бір сындырдың белімді!  
Бұрынғы-соңғы ұлықтың,  
Салған бір жолы бар ма еді.  
Елшіге берген өлімді?!  
Қоқанда жатқан қорқытып,  
Аттарын (атларын) алдың бегімнің.  
Тіріме қылсаң, аз ба еді.  
Өлігім саған не қылды?  
Атаңның хақы бар ма еді.  
Енеңнің ақы бар ма еді,  
Ескожа, Қанай көрінде?!  
«Бұған ашу бассын!» — деп,  
Елімді саған тастадым.  
«Олжа қылып жатсын!»—деп,  
Жерімді саған тастадым.  
Бұ да алғаның емес пе?!  
Жалғыз да, жалғыз ат мініп,  
Қорғалап тауға босқаным!  
Білмейсің, Наурызбай,  
Меймананның асқаны?!  
Құдайыңның тосқанын,  
Жанқарамды өлтірдің,  
Суырып алып денесін.  
Сол әкенің басына  
Тірсегінен асқаны!  
Не себептен, хан Кене,  
Қырғызға мұнша өшіккен?  
Ақ қалпақты қырғыздан,  
Қазаққа жазған несіптен.  
Ат мініп, жарақ асынған,  
Бізді аяма, төрелер.  
Есіркесең болмай ма,  
Жолыңда жатқан бесікті?!  
Балалы арқар баурайды,  
Баласыз арқар маңырайды.  
Мейірімсіз мұнша болғанша,  
Не шүршіт пен, не қалмақ,  
Бірі де болсаң, болмай ма?! — деп,

Кәрібоздың бұл сөзіне пар келетұғын  
сөз жоқ. «Сөз аяғы құрып қалмасын!» — деп,  
ақша шықпаған мылжындық болған соң,  
уақыттың өтуі айға келмегендіктен, шерте  
бергеніміз ғой!

Сонда Науан не дейді?  
— Жақсы айтасың, Кәрібоз,  
Қонысын орыс алған соң,  
Кенекем кеткен жерінен.  
Бауыры суып ол жерден,  
Қарашы болған елінен.  
Он екі кісі бас қылып,  
Жеке батырымды жібердім.  
Қоқидың шалқан көлінен,  
Екі жыл жатты пенде болып,  
Жанғараш, Жантай бегіңнен!

Ауылым баса қонған соң,  
Әзер алдым өлімнен!  
Жанқаранды өлтірдім.  
Өзіңнің қылған кегіңнен.  
Кім таласар, жігіттер,  
Құдайдың берген бағына?!  
Әркім шыққан табына.  
Қанайынды мен сенің.  
Атаң ақы бар ма еді.  
Менің Сыпатай. Андасымның  
тамында?!

Білмейсің, Кәрібоз,  
Мойныңдағы жазанды?!  
Құл болмасаң Құдайға,  
Кенекем алар мазанды?  
Міндетін ханның алайын  
«Койдым, — деп, маған ант берсең,  
— Арағың мен бозанды!»  
Екі саба арақты,  
Жанғараш пен Жантайың,  
Артып келсін ант етіп,  
Тіліп қайтсын сабаңды!  
Қайтыс қылсын Кенекем,  
Қатын менен баланды.  
Арағыңды қоймасаң,  
Наурызбай берер жазанды!  
Кәрібоздың сөзі:  
— Бікпалын асқан күнінде,  
Айтарсың, төре сөзінді.  
Асқар тауға. Наурызбай.  
Мінгіз-ай берме өзінді!  
Алтын жаған қисайса.  
Бір күні қырғыз ояр көзінді!  
Атаң сенің Абылай,  
Он сан жатқан Орта жүз,  
Ұйтқысын өзін шайқадың!  
Қанды көйлек елінді.  
Кіші жүзге сыя алмай,  
Тастай қаштың жерінді.  
Төлеген ұлы Жанғабыл,  
Токсан кісінді өлтіріп,  
Бітеу сойып басыңды.  
Қоқанға берді тірінді.  
Басың кетер панадан,  
Жаның кетер танадан.  
Тіпті үміт қылмаймын,  
Қолыңдағы, Наурызбай,  
Қатын менен баладан.  
Атаң сенің Қасым хан,  
Қан шенгелдеп туыпты,  
Туғаныңда анадан.  
«Салтыма тарттым!» — десейші,  
Солайша десен, нанамын.  
Ержан кеткен тұн қатып,  
Қалың жаудың шегінен.  
Хан баршаға жіберген,  
Қудырып, дамыл таптырмай.  
Қашқан жаудың көтінен,  
Жасанған жауға жолығып,  
Мінген бір аты зорығып,  
Қолға түскен сықылды,  
Екпіндеп барған бетімен.

Қиссадан қисса: «Қашан да болса,  
адамның таласқан бір жері болады. Сол  
жерді алған соң, тұра қалу керек. Сол  
бетіммен тоқтамай жүре беремін!» — дей  
бермей, кезездескен Құмбелді алған соң,  
қашқанды қумай, Ержанды жібермей,  
Дулатты бөліп, жауға айдамай, Кәрібозбен  
елдесіп тұра қалса, еш пәле жоқ еді. Бұлар  
қосын қылып, Қырғызға аттанарда бір  
сыйыншы айтқан екен: «Бұл жолға Ержан  
бармасын, үйде қалсын! Іштеріңдегі  
құтың екен. Ержан үйде тұрса, жалғызын  
өлмейсің, аман келесің. Онан соң бұл жолға  
Ержан барып, қолға түсе қалса, бас көтеруге  
жарамайсыңдар! Ат арқасына мінген  
төреден бірде-бірін қайта алмайсың!» —  
деген екен. Бұл айтқанды төрелер керек  
қылмай:

«Үйде қалады деген не?!» — деп, көтеріле  
аттанған екен және Үшкенгірден Қоқидың  
көліне қарай көшкенде, бір қария айтқан  
екен:

— Бұрынғылардан тәжірибе бар еді:  
«Қоныс аударсаң, қосын қылсаң, күннің  
батысына қарай көш, не солтүстікке қарай  
көш! Егер онтүстікке не күншығысқа қоныс  
аударып, қос жүргізсең, қаны-жының  
төгілгеннен басқа дәнеме таппайсың!» — деп.  
Бұл сөзге де құлақ салмаған екен.  
Және Қарауылдан бір Бөгенбай деген  
қария қырғызға елшілікке барғанда,  
қырғыз бұлардың не айтқанын қылмақ  
болып, хазірет Ғалыдан ант ішіп: «Қай  
бұзылғанымызды аруақ пен Құдай тапсын!»  
— деп, елдесіп қайтқан екен. Соның үстінде  
тұрғанда Жеке батырдың бір қысырағының  
үйірі жоғалып, соны қырғыздан көріп:  
— Қырғыз, шіркін, уағдасында тұрушы  
ма еді?! — деп, — шауып ала қоямыз!—деп  
тура (тұра) аттаныса бастағанда, сонда  
Бөгенбай ақсақал:

— Қойыңдар, төрелер, қыздырманың  
қызыл желі, шағымшының шақпа тілі  
пайда бермейтұғын, залалға қалдыратұғын.  
Қырғыздың манаптары аруақ, Құдайдан  
ант айтысып: «Бірімізге біріміз қастық  
ойламасқа!» — деп, мал айтып сойысып, бата

кылысып едік. Сонда союға: «Құдай мен  
аруаққа!» — деп арнап асып келген қошқар  
еді. Үйге кіргізіп, бата қылдыруға есіктен  
мүйізі сыймап еді. Мен өзім бұл жолға  
жүрмеймін де және сендердің ұру, союына  
бата да бермеймін! Желкілдеген жеті  
Момынның баласы, жалғызын бармандар!  
«Жауға жүрмейсің!» — деп, хан өзі қырып  
тастаса, әуелі қолынан сендерді қырып  
аттансын! — деген соң, жеті Момыннан  
жан ермепті. Бөгенбайдың тілін алып қала  
беріпті де, жазған Арғынның аңғалдары  
төрелермен кете беріпті.

Қайыр, қара сөзде таусылу жоқ. Бір  
жекпе-жек десетұғын кезең жер келді. Соны  
біраз сөйлейік. Ержанның қолға түскенін  
Кәрібоз есіттіріп кеткен соң, Наурызбай-  
дың Кенесары ханға келіп айтқан жері:  
— Ержан жауға барыпты,  
Кешегі мінген бәйге көк,  
Бүгін мойыны талыпты.  
Уаллағылым Кенекем,  
Ержан да қолды болыпты,  
Бізді жоқтап көзінен,  
Ержан жасын төкпесін!  
Пенде болып Қырғызға,  
Ердің көңілі шөкпесін!  
«Батырды ұстап алдық!» — деп,  
«Байлауға мықтап алдық!» — деп,  
Қырғызға дабыл кетпесін!  
Ержан батыр аңсызда,  
Жолығыпты аранға.

Түсті бір таудан теңселіп.  
Сол арада Наурызбай,  
Жігіттерін қайрайды,  
Ғайбатбірлан (айбатпенен) ісі жоқ,  
Бұлбұл құстай сайрайды:  
— Жақсы (ихшы) болса, ханымыз,  
Қайтпас-ты бастан бағымыз.  
«Жау қарасын көргенде,  
Ойыннан шығар, — деуші едім,  
Үйдегі мал, бас, жаныңыз!»  
Қара ағаштай көп қырғыз,  
Қику сал да, дабыл қақ,  
Атын қой да, өзін шап,  
Қатты тарт та, көздеп ат.  
Майданға кірер күн бүгін,  
Бүгін жаннан кешіңдер,  
Көбінді қолдан пішіндер,  
Әрқайсың оннан шаншыңдар!  
Артықша туған ерлерім,  
Іс көрсетер күн бүгін!  
Таудың басы қарлы тұман,  
Қырғыздарға бермей аман,  
Бүгін болсын ақырзаман!  
Жанымдағы арыстандарым,  
Жаннан кешер күн бүгін!  
Жанымда жүрген шерлерім,  
Күміс қылыш, белдерім,  
«Осындай жерде керек!» — деп, —  
Көзімнің майын бергенім!

Солайша айтып Наурызбай,  
Тартып-тартып жіберді.

# КЕНЕСАРЫ-

Ағасы кетсе, артында,  
Інінің күні қараң-ды.  
Ержан жауға түскенде,  
Біздің мұнда, тақсыр хан,  
Тұрмағымыз арам-ды!  
Маған жауап беріңіз,  
Екі-үш жүз кісі бөліңіз.  
Ержан үшін жан кешіп,  
Бір қайратты бастайын,  
Тілеулес болып тұрыңыз!  
Үш жерден қаптап шабайын  
Асуына шығармай,  
Айырып алып қалайын!  
Қан құстырып келейін,  
Сақау қырғыз талайын.  
Кене хан жауап бермеді,  
Науанның көңілін көрмеді:  
— Шығар жаудың алдына  
Науанжан, маған ер! — дейді.

— Шабар мезгіл таянды,  
Ат пенен ердің өнері.  
Толды бір қолға сынысып,  
Қызылсу, Самса кенері.  
Қырғыздан кірді майданға:  
— Біреуін шық, — деп, — сайранға!  
Шеннен асқан бедері,  
Байзақ датқа (далхуан) сөйлейді,  
Сөйлегенде, не дейді:  
— Қызылсу мен Самсаның,  
Қолға толды арасы.  
Қара ағаштай көп Дулат,  
Ханға болдың қарашы.  
Қысылған жерде әркімге,  
Аруақ бір болсын панасы.  
Жемит болған дұшпанға,  
Алаш байдың баласы —  
Ауызының аласы.  
Кімнен таяқ жегендей,  
Бір ауызға қараса,  
Біздің казак баласы?!  
Біреуін атқа мініңдер,  
Бедерге жауап беріңдер!  
Олардың бізден артық па,  
Атасы менен анасы?!  
Таусылды ба Мәмбеттің,  
Найза ұстаған баласы?!  
Қайғыға толды бұл жолда,  
Қазақтардың қойыны.  
Батырлардың майданда,  
Қызбас болды ойыны.  
Ер Байзақтың сөзіне,  
Еш адам басын көтермей,  
Төмен де түсті мойыны.  
Қырғыздың қолы жиылды,  
Әр жерлерден құралып.  
Қыстай мінген қазақ ағ,  
Баса алмай жатыр аяғын,  
Қып-қызыл тастан тұралап.  
Майданға Бедер кірген соң,  
— Кел, қасақ! — деп тұрған соң,  
Шыдамады Наурызбай,  
Түрегелді-ау (тұра келді-ау) орнынан!  
Шыбықтай белі бұралып,  
Шыбықтай белі үстінде.  
Бауын үзіп белсеніп,  
Ақауызын мінді де,

Ақауыз атты жамбасқа (жанбасқа),  
Қолын бір сілтеп суырды,  
Тұрсынбай берген алмасқа.  
Артына көзін салмады,  
Үйде бір қалған мал басқа!  
Шыға шапты Наурызбай,  
Бұлдырықтай зырқырап.  
Бедер шықты қасқа атпен,  
Қояндай шаңы бұрқырап.  
Хан қасынан ұмтылды,  
Мендібай, Дулат, Ағыбай,  
Шәкір мен Жәуке, Төлебай,  
Арғыннан шыққан қос жігіт,  
Табыннан шыққан Бұхарбай.  
Төртуылдан — Жанайдар,  
Қарауылдан — Кенжетай,  
Он бір жігіт жөнелді,  
Наурызбайдың соңынан.  
Сол сапарда Наурыздың,  
Жұлдызы туды онынан.  
Сол уақыттар болғанда,  
Бедер де сонда сөйлейді,  
Сөйлегенде, бүй дейді:  
— Ай, Наурызбай, ай, төрем,  
Патшазада баласың,  
Ғақылың асқан данасың!  
Алдыңда айдап, шулатың,  
Қырғыздың қатын-баласын!  
Ер деуші еді Наурызбай,  
Бірін де келсең, болмай ма,  
Иттерінді шұбыртып,  
Төрем, қайда барасың?!  
Артына қарап Наурызбай,  
Ерлеріне сөйлейді,  
Сөйлегенде не дейді:  
— Әрқайсың бір шерге ұқ[са]п,  
Келдіңіз бе, бөріңіз?!  
Біздің бүгін кеудеден,  
Шықпақ бір болса ханымыз,  
Келгенменен, ерлерім,  
Қорғауға келмес халіңіз!  
Құдай берсе абыр,  
Түсірген атты алыңыз.  
Жазым болсам бұл жерде,  
Сүйегіме шабыңыз!  
Бедер айтты бір сөзді,  
Төгіле қалды-ау арымыз!  
Сөзге сынық болмайын,  
Ерлерім, кейін қалыңыз!  
Сол уақыттар болғанда,  
Бүрк-сарк етіп айкасты,  
Батырлар күшін байкасты.  
Төренің асты хайласы,  
Қайраттың (ғайраттың) тиді пайдасы.  
Айкасып қалған мезгілде,  
Шолтандап Бедер мырзасы,  
Аспанға ұшты найзасы.  
Бедер келіп жолыққан,  
Кекіліктің тауынан.  
Наурызбай келіп жолыққан,  
Қызылсу, Самса баурынан.  
Айкасқанда екеуі,  
Бедер мырза жығылды,  
Күрең қасқа аттың сауырынан.  
Мұнарамен шаң болды,  
Шу мен Таудың жағасы.  
Төрелердің жар (иар) болды-ау

Хан Абылай бабасы!  
Бедер аттан ұшқанда:  
— Иа, Құдай! — деп, шуласты  
Үш алаштың баласы.  
Аузы жетті тілектен,  
Найзасы тиді білектен.  
Шанышқан екен Бедерді,  
Наурызбай төре жүректен.  
Сыртынан шығып темірін,  
Суыра алмады-ау жақсылар,  
Қанменен қатты-ау жібектен.  
Әр тараптан қырғыздар (қырғызлар),  
Қоқиласып ат қойды,  
Үміті (мидді) болып сүйектен.  
Жалғыз шапты Наурызбай,  
Жауға қарсы еруге.  
Шауып барып Бұхарбай,  
Өткізіп алды жылбырын,  
Ер Бедердің беліне.  
Ордалы құлан серкелі,  
Малақай қылар үйегін,  
Үш ай тоқсан болғанда,  
Шаруа шешер күйегін.  
Түсіріп төре кеткен соң,  
Бұхар батыр ап кетті,  
Ер Бедердің сүйегін.  
Қарасайшы Құдайдың,  
Бұларға берген бактарын:  
«Бермейміз!» — деп артынан  
Қырғыздың қаптай шапқанын.  
Араласып соғысып,  
Бұхарбай батыр ап келді,

Қасында тұрған Наурызбай,  
Сұңқардай соғып ілінді,  
Және оқтап атқанда,  
Ұрмай, сокпай зеңбірек,  
Ортасынан бөлінді.  
Қырғыз қашты алақтап,  
Наурызбай кетті шабақтап.  
Бір тозаңның астынан,  
Тоғыз атты ап келді,  
Мендібай, Дулат, Ағыбай.  
Бір тозаңның астынан,  
Он екі атты ап келді,  
Шәкір мен Жәуке, Төлебай.  
Бәрі келіп қосылды,  
Қызылсудың беліне.  
Көңілі бітті Науанның,  
Түз татырған еріне.  
Шыға шапты Наурызбай,  
Екі мың қырғыз айналып (а)  
Мерген төккен жеріне.  
Он сегіз мерген бір жерде,  
Білте шекіп жатқаны.  
Жалғыз барған төрені,  
Тегісінен атқаны.  
Шара бар ма Құдайдың,  
Бұл сапарда қакқаны.  
Қой боғындай қорғасын,  
Ажалы жоқтан таппады.  
Мылтығын тастап, тау-тасқа  
Қайта қашты мергені.  
Мергеннің атын бермеді,  
Араға түсіп кернеді.



# НАУРЫЗБАЙ

Артында қалған аттарын.  
Алып келіп оларды,  
Хан Кенеге тартқанын!  
Ер Бедердің артынан,  
Олжаболат баласы,  
Ораз кірді майданға.  
Бастан ауған бағы бар,  
Қарайып тұрған ханы бар,  
Шығайын деп тұрған жаны бар,  
Жаны қайтты шыдасын.  
Наурызбайдың қосында,  
Некелеп (некахлап) алған жары бар.  
Ораз шапты ар жақтан,  
Наурызбай шапты бер жақтан.  
Айқасқанда екеуі,  
Ораз мырза жығылды.  
Телқоңыр аттың сол жақтан,  
Бір себептен Ағыбай,  
Қарайған екен қанына,  
Жеткен екен төпелеп,  
Наурызбайдың жанына!  
Түсіріп төре кеткен соң,  
Шауып барып Ағыбай,  
Оразды алды көтеріп,  
Телқоңыр аттың жалына.  
Қоқилай келген қырғызға  
Бермей кетті тағы да.  
Қазір оған қарап тұр,  
Наурызбайдың жібесі (жұмысы).  
Тасып, киімге сыймайды,  
Хан Кененің денесі.  
Қарала атты бір қырғыз,  
Тағы да кірді майданға.  
«Мынау кім?» — деп сұрасаң,  
Жанқараштың інісі.  
Інісінің бір ісі,  
Қыстай шауып жол қылды,  
Қызылсу, Самса жиегін.  
Наурызбай төре ағытты,  
Ерлігінің тиегін.  
Түсіріп төре кеткен соң,  
Жақын жерде қырғыздар,  
Алып бір қалды сүйегін.  
Шапқан сайын Ақауыз,  
Жерді таптап, өктеді,  
Қырғыз, казак ерлігін,  
Наурызбайдың сөкпеді.  
Екі мың кісі қырғыздан,  
Өзен жолын өрледі,  
Жаяу мерген төккелі.  
Оны көріп Кене хан,  
Иек қакты нөкерге.  
Арбадан арыс көтерді,  
Шымғалды (шымғалны) қойды қатарға,  
Жиылған көпке атарға.  
Зеңбірекке оқ берді,  
Құлағына от берді,  
Зеңбіректің аузына,  
Селдір сирек топ келді.  
Зеңбіректің аузы ауып,  
Қолдың болды көтінен.  
Сегіз кісі ұшырды,  
Селдір сирек шетінен.  
Бір боз атты ұшырды,  
Қырғыздың арғы бетінен.  
Сол арада қырғыздар,  
Ойран болып бүлінді.

Біреуін шанышып түсіріп,  
Екеуін шанышып, өлтіріп,  
Бес мергенді тірі айдап,  
Сегіз мылтық өңгеріп,  
Тартуға ханға бергені.  
Бұларға атын бер! — дейді,  
Қызылсудың жарында,  
Найзасын тұрды таянып.  
Ханды қара баспаң,  
Барса не етті сол жолда  
Қалың қолдан оянып.  
Күн батқанша атысып,  
Мерекеге бағысып,  
Ақауыз ат окка ұшты,  
Қызылсу, Самса боданның,  
Аңғарынан шаң асты.  
Атынан әркім адасты,  
Болған қырсық, міне, осы,  
Қырғыз, казак екі жар,  
Наурызбайға таласты.  
Қазақ аз да, қырғыз көп,  
Ортаға алып камасты.  
Наурызбайға түйіліп,  
Үсті-үстіне үйіліп,  
Аттарын басқа сабасты.  
Қияда жүрген Бұхарбай,  
Көре сала төрені,  
Жандамалап жанасты.  
Шауып келіп Бұхарбай,  
Ерінің мінді артына.  
Үзенгісін шығарды,  
Қиын жерден елбесіп.  
Төреге шықты мінгесіп,  
Қырғыз жетті алысып,  
Айғайлап, сүрен салысып.  
Ағыбай сыртын айналды,  
Құтқармаққа ойланды.  
Наурызбай мен Бұхарбай,  
Салар еді ойранды.  
Мінгесулі бір атқа,  
Бұлардың қолы байланды.  
Басшыны жетіп дендеді,  
Қорғауға әлі келмеді.  
Алдыңғы келген қырғызды,  
Ағыбай шанышып кернеді.  
Және қайта ұмтылды,  
Төрені жауға бермеді.  
Шәкір шапты бұл жақтан,  
Дулат, Қабан, Мендібай,  
О да келді бір жақтан.  
Жәуке менен Төлебай,  
Кертайлақ атты ап келді.  
Мініп алды Наурызбай,  
Көлденендеп тұрысты.  
Сегіз жігіт бас қосып,  
Су бойында ұрысты.  
Токта [та] алмай көп жауды,  
Белеңге ойнап шығысты.  
Шұбыртпалы Ағыбай,  
Талайды шанышты жүректен.  
Итшілесіп, сілкісіп,  
Қорғап шықты төрені.  
Қиын жерде түбектен,  
Кертайлақты мінеді.  
Ақауыздай болмады,  
Тасып жүрген Науанның,  
Көңілі бұған толмады.

Шанышпақ түгіл қырғызды,  
Болмады қорғау басына.  
Қайтып келіп Наурызбай,  
Ханның түсті қасына.  
Өсіп бір сонда сөйледі,  
Құдайменде төреге,  
Долданып, қатты ашына:  
— Тау суындай сарқырап,  
Дұшпан алды өренді.  
Қырғыз тұтқын қылыпты,  
Ержан сынды төренді!  
Қолға түскен шағында:  
«Екі інім, бір ағам бар,  
Сатылсам, менің бағам бар.  
Өлсем, алар құнымды.  
Ала алмас ешкім тонымды!»  
— Сөй деп айтқан Ержанның,  
Інісінің бірі — сен.  
Қалдым жалғыз қайранда,  
Ұзақ болдым майданда.  
Бір көрмедің мені сен!  
Ержан жауға түскенше,  
Сен-ақ түссен болмай ма?!  
Бар болса менің бір ісім,  
Жауға шабар белсеніп,  
Жігіттің жанға мырзасы.  
Тар жерде келер жолдас боп,  
Ерлердің — пайда — құрдасы.  
Ат жығылған шағында,  
Ержан болса қасымда.  
Болмас едім қазакқа,  
Әзіл сөздің олжасы.  
Бәрі де жау боп көрінді,  
Алатаудың тастары.  
Елден бұрын Нысанбай,  
Жок сұмдықты бастады.  
Қобызы қолда байлаулы.  
Қосшысының қасында,  
Қобызды қосқа тастады,  
Кейінгі қосқа қашкалы.  
Қыстай шауып, жол болды,  
Алатаудың дарасы.  
Бұл сапарда қазақтың  
Болмады қабыл тәубесі.  
Рүстем менен Сыпатай,  
Үндес болды қырғызға,  
Күн батқан соң қосылды,  
Әне, ауыздың аласы.  
Он екі ... Дулатты  
Рүстем айдап қашырды,  
Мойнына болсын жазасы.  
Амалдас болып қырғызға,  
Қанды екен қандай табасы?!  
Сол қалғаннан төрелер,  
Еліне қайтып келмеген,  
Қарашы халқын көрмеген.  
Жұрт сарылып тіледі,  
Тілеуді Құдай бермеген.  
Киімді бала тудырған,  
Алтынды қылыш будырған.  
«Абылайлап!» ат қойып,  
Жауды көрсе, қудырған.  
Көп сарғайтып келмедің,  
Кене хан, саған не болды?!  
Дорбадан жемін жегізген,  
Қысырдың сүтін емізген.  
«Басқыншы қалың жау келсе,  
Алып шығар!» — дегізген.

Кенекемді қалдырып,  
Көкбұрыл, саған не болды?  
— Патшада бар алтын тақ,  
Жасынан Құдай берген бак,  
Без миль кара бүркіттей,  
Шабытты туған суға нақ,  
Бір атадан жалғыз тақ,  
Көп сарғайтып келмедің,  
Наурызбай, саған не болды?  
— Қайғы түсті басым,  
Заманым бұлай тарылып,  
Салтанатты төреден,  
Қалғаннан соң айырылып...  
Енді жаны болмады. Бөлініп кеткен он  
мың Дулат:

Байзақ бас болып, Рүстем ұғлы  
Сыпатай қырғызға үндес болып: «Бір түн  
ішінде біріміз қалмай, қашалық. Аз ғана  
төленгімімен өздерін онаша тастап. Сонан  
соң алмайтуғын оның несі бар?!» — деп,  
Қырғызға бірігіп кетті. Наурызбайға бір  
Кертайлақ деген атты апарып мінгізіп еді.  
Ол ит түске шейін шабуға жарамай, көзі  
терлеп тұрып алды.

Кенені Құдай ондады,  
Қылған бір ісі онбады.  
Арам қатқыр Кертайлақ  
Ақауыз аттай болмады.

Кенесары ханның қолы Дулат дүркірей  
жөнелген соң, түн ішінде сатырлап қашты.  
Кене хан өзі тұрған жерінде тұрып қала  
берді. Ағыбай, Жанайдар үш қайырылып  
барды: «Жүріңіз, тақсырлап». Хан болмады.  
Сонда қырғыз Суанбек деген ханға қылыш  
суырып, дүрсе қоя бергенде, Жанайдар  
батыр Суанбекті жанаса беріп шауып  
қалғанда, Суанбектің басы допша домалап  
жерге түсті. Сол қылыш «Суанбекті шапқан  
көк қылыш» атанды. Жанайдар батырдың  
үйінде әлі бар. Ханның қашпасын білген  
соң, Арғынның сексен жігітіменен Ағыбай,  
Жанайдар бірі алдынан кезеуілші болып,  
артынан тосқауылшы болып, қуып жеткен  
қырғыздарды шанышып тастап, есен-аман  
құтылып елге келді.

Наурызбай аты болдырған жерде аттан  
түсіп, малдас құрып отырып алды.

— Сен кімсің! — деп сұраған қырғызға  
айтқаны:

— Сұрасаң арғы атамды, хан Абылай,  
Айтқаны Кене ағамның — күлдір Мамай,  
Ей, қырғыз, танымасаң, танытайын,  
[Қорқақты] қатын қылған мен — Нау-  
рызбай! — деп, қасқайып қарады да отырды.  
Наурызбай қолға түскен соң, осы  
әңгімені бастан-аяқ сөз қылған Нысанбай  
жыраудың айтқаны:

Не етейін — екі қанатым,  
Түбінен сынды қайрылып.  
Жаңбыр жаумай су болды,  
Үстіме киген манатым.  
Неше сынды достарым,  
Түрмеге түсті санатын.  
Еншілескен ерлерге  
Тиюші еді ғайратың!  
Тасқа тиіп, кептелді,  
Балдағы алтын болатым!  
Жаның қайда жай табар,  
Жадында Жаббар болмаса?!  
Көңілін қайда жай табар  
Қырық мың әскер аттанып,  
Бейшара ныжам болар ма,  
Ғасаба керней болмаса!  
Жұрттың екі бөлінді,  
Қайда барып, жұрт болар,  
Кенесары қасында,  
Ер Наурызбай болмаса!  
Халық иесі хандарда,  
Қандай айтса, мін бар ма,  
Шегірткеге талатқан,  
Қырғауылда жүн бар ма?!  
Жапалақтан жасқанған,  
Жалғыз демінде үн бар ма?!  
Ақауызын жүгіртіп,  
Көп қақсаң, жақсылар,  
Наурызбай келер күн бар ма?!  
Кене ханның тұсында,  
Қарт бұрадай жардық.  
Жауған қардай борадық.  
«Абылайлап!» ат қойып,  
Душпанның алдын ораддық.  
Кене хан жазым болған соң,  
Алды-алдына тараддық.  
Көрінгеннен қорғалап,  
Кісі аузына қарадық.  
Өзіміз шапқан Созақтан,  
Бір шақта ақыл сұрадық.  
Бастан ауды бағымыз,  
Иесіз қалды тағымыз.  
Төрелер өліп қалған соң,  
Ұстағанның қолында,  
Тістегеннің аузында  
Ат жемі болдық тағы біз!

Жанайым Ауғанбай – әдебиеттегі тың есім. Ол – шетелден оралған қандасымыз. Қазақы топырақта көктеп өскен тұғырлы ана тілімізді, ұлттық мінезімізді, әйелге тән қадір-қасиетімізді, махаббат-мейірімізді шашауын шығармай тал бойында сақтап, атамекен елімізге сағынып жеткен, киелі ұямыз – қасиетті қара шаңырақты аңсап оралған қазақ қызы. Өмірінің мағынасын өнерге теліген, жоғын жырдан іздеген ару.

Ол – Қытай телеарнасының бас дикторы бола жүріп, көмейіндегі әуезді әнді сызылта шырқап, туған еліне деген сүйіспеншілігін көңілінің түкпірінде аялап, жүрегінде сақтап, өз еліне, қасиетті топырақ – атамекеніне құстай ұшып жеткен өнер сандағы.

Жалпы, «шет елдік қандастарымыздың бізден ерекшелігі қандай?» деген сауалға оралсақ, тіл тазалығын берік ұстанып, ұлттық салт-дәстүрімізге қылау түсірмей, қазақы мінез-құлқымызды өз қалыбында ұстап келген жаз көңіл, жайлау мінез жандарға тәнті боларымыз анық. Олардың бойында шынайылық, терендік, тектілік, нәзік әсершілдік, қазақы эмоция берік сақталған. Әрбір сөздің астарына терен мән беріп, мазмұнына үнілген, айтар ойын кестелі сөзбен жеткізіп, айшықты мазмұндауға тырысқан, парасат-пайымды жоғары бағалап, адамгершілік негізді басты нысана етіп алған қандастарымыздың жөні, әрине, бір бөлек. Осы қасиеттердің бәрі бір Жанайымның бойында бар десек, қателеспейміз.

Шет елдік қандастарымыздың ішінен өлең жазатын сыршыл ақын-қындар әйелге тән нәзіктік, сыршылдық, ұяңдық пен әдеп, қазақы парасат, ұлттық пайым секілді асыл қасиеттерді өздерімен бірге ала келіп, қазақ әйелінің жаңа да биік образын әлемге паш етті. Олар ана махаббатын, таза сүйіспеншілікті, ақыл парасат пен адалдық туын көтеріп, кеңістік әлемін өздеріне жалт қартты.

Жанайым Ауғанбай – солардың бірегейі. Бірнеше жыр кітабын жарыққа шығарып, Марфуға Айтхожина секілді апайынан бата алып, ақын сіңіліміз жыр айдынына бет түзепті.

«Жұлдыздар сөйлеген түн». Қаламгердің өткен жылы «Балауса» баспасынан жарық көрген жыр жинағы осылай аталады. Жалпы әрбір пенде, әсіресе қаламгерлер қауымы аспан әлеміне құмар. Себебі ол – жұмбақ та тылсым, қол жеткізсіз биік әлем. Әрбір өнер иесі белгісіз, құпия, тылсым

сырға толы көктегі жаратылысқа ұмтылып, оның сырына үнілгісі келеді. Толықсып туған ай, жарығын шашқан жұлдыздар шоғыры, тылсым көк, бұлтсыз көгілдір аспан, жарқыраған күн сәулесі – бұлардың бәрі биіктікке, тазалыққа қол созған адам жанымен егіз дүниелер. Ол жақта жаратылыс күші және рухы бар.

Пенде баласының жаны да, арманы да биік. Ендеше, неге биіктікке қол созбасқа?!

*Сол аймақта менің құным бар,*

*Сол аймақта менің гүлім бар.*

*О, сонда ғажап сырым бар,*

*О, сонда азап, мұңым бар.*

## Жұлдыздармен



*Тілдесем кейде жұлдызбен,  
Мен өзім айдан жаралғам.  
Ай болсам егер күндіз мен,  
Түнде оның нұры таралған.*

*Теңізге ғашық жүрегім  
Кеудемде жатып бұлқынған.*

*Мен өзім де бір түн едім,*

*Тани алмайсың сыртымнан,* – деп Жанайым өзінің жан тербелісін аспан болмысымен суреттейді. Иә, әрбір адам тылсым, ол табиғат құпиясымен пара-пар құбылысқа ие.

Елге оралған аз ғана уақыт ішінде Жанайым Ауғанбай тынымсыз еңбегімен танымалдылыққа ие болды. Оның қаламы-

нан шыққан «Жанның жазбалары» атты шағын кітабы ой түйіндеріне, өмір сабағына, философиялық толғамдарға негізделген. Автор алақандай кітапта үлкен ой айтуға ұмтылып, өз оқырманын жақсылық пен ізгілікке, отбасылық қарым-қатынастың құндылығын пайымдауға, күнделікті өмірдің әр сәтін бағалауға, адамгершілікке шақырады. Содан да болар, аз да болса саз жазбаларымен өз оқырманын тауып, жүрек түкпірінен шыққан шынайы дүниелері сұранысқа ие бола бастады.

Өз ұстанымы, өнердегі із-өрнегі бар, ішкі мәдениеті қалыптасқан, ізденіс жолдарынан табаны таймаған, ізетті мінезге ие

маржан тізген нәзік әйел жаны әлемді аналық махаббатпен, жарға деген мөлдір сезім, кіршіксіз адалдығымен әлемге өзіндік үнмен өрнек салғысы келеді. Қарапайым жыр жолдарымен пенде баласын қанағатқа, мейірімге, кешірімшілдікке, жан тазалығына шақырады. «Ақ орамал» кітабында қазақ әйелінің басындағы ақ жаулықтың шаңырақ шаттығы, отбасы құндылығын паш ететін парасат белгісі екенін терен ұғындырып, перзент сүйу, бала тәрбиелеу бақытын әйел қауымына үлгі ете отырып, оны өзіндік үнмен, жарасымды пайыммен жырлайды.

Әрбір адам баласының жүрек түкпірінде өзіндік жазба бар. Кім-кімнің де өзіне тән айшықты өмір, тағдыр жолы бар. Жасынан анасыз өсіп, жетімдіктің тауқыметін тартқан қалам иесінің жанындағы жазулары өшпепті. Таусылмайтын сағыныш өрнегі, сәулелі мұң арудың қолына қалам ұстатқан.

## сырласқан

Жанайым Ауғанбай көптеген әдеби-мәдени шараға мұрындық болып, демеушілік көмек көрсетті. Жаксы істің жанынан табылып, азаматтық бейнесін танытты. Әуезді өндердің авторы ретінде сахна төрінен шыққан ән мәтіндерінің авторы да – өзі. Көрнекті ақын Бауыржан Жақып рухани қарындасын: «Шынайы жүрекпен жазды», – деп бағаласа, тағы бір жыр дүлдiлi Несiпбек Айтoв ағамыз: «Қазақ поэзиясына үкілеген ақ бота өз үлгісімен, өзіндік қолтанбасымен қосылған екен. Бұндағы нәзіктік – қазақтың ибалы келінінің нәзіктігі. Жанның тазалығы Жанайым поэзиясынан басталып тұрған секілді», – деп ақ батасын беріпті. Сондай-ақ аға буын өкілі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Марфуға Айтхожина апайы: «Жанайымның қаламынан ақын сезімінің шынайылығы, жүрегіннің адалдығы, сөзінің өткірлігі байқалады. Оның өлеңдерінің арқауы адал махаббат, інкәр сезім, достық пен сүйіспеншілік, адамның асыл сезімдері», – дей келе, қазақ поэзиясының салқар көшіндегі ақын сіңілісінің қадамына сәттілік тілепті. Дуалы ауызды сөз кеменгерлерінен өнер қуатын жинаған қаламгер бар күшін сарки жұмсап, поэзияның жұмбақ әлеміне терендей түсуді мақсат тұтқаны анық.

Ой өрнегінен кесте тігіп, жібек матаға

Қызылды-жасылды сан құрақтан сұлулық жасау, қоршаған әлемді, маңайын көркемдеу Жанайымға ғана тән мақсат болса керек. «Әлемнен іздеген тыныштықты өз жүрегімен тапқанда барып, жаным тынышталды», – деп өзі айтқандай, мейірім шуағын таратқан дүниеден өз керегін іздеген және тапқан да сынайлы.

*Мен шаршасам шындықты айтып шаршаймын,*

*Мен жыласам ақиқатты аңсаймын.*

*Адам түгіл бұл жүрегім сыздайды,*

*Жалғыз талға нұры түспей қалса*

*айдың.*

*...Шындық менің бақытым да,*

*қазынам,*

*Бір сәтім жоқ оны айтудан қажыған.*

*Мен әлемнің маңдайына жазылсам,*

*«Шындық» деген жазу болып*

*жазылам,*

– деп жырлағаны да сондықтан болар. Оның үстіне бота көзі мөлдіреген ару сіңіліміздің өзіне ұқсаған шынайы да, мөлдір сезімдеріне сенбеске амалымыз да қалмағандай. «Өлеңге әркімнің де бар таласы, бірақ та олардың бар тандамасы» деп хәкім Абай айтқандай, жыр әлеміне құлаш ұрған, жұлдыздармен сырласқан ару ақынның қадамына сәт-сапар тілейміз!

**Шәмшия ЖҰБАТОВА**

**Жақында Қызылорда қаласында «Сыр жұлдыздары» балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық-инновациялық академиясы жұмысын бастаған болатын. Мұнда балалар күнделікті үйірмелерге қатысып, жазғы демалысын қызықты өткізуде.**

Әр баланың қабілетін ашып, білім мен ғылымды үйренуіне мол мүмкіндік беретін орталықтың жұмысы жанданған. Бірі – үйірмеге әкелсе, енді бірі күтіп отыр. Алдымен, академия директорының міндетін атқарушы Жанар Бимұратқызы орталықтың жұмысымен таныстырып шықты.

– 2023 жылы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Астана қаласындағы «Сана» балаларға қосымша білім беру орталығымен танысу барысында өңірлерде осындай жобаларды дамыту жөнінде тапсырма берген болатын. Сол тапсырма аясында облыс әкімінің қолдауымен Сыр өрендерінің шығармашылығы мен зияткерлік әлеуетін дамытуға бағытталған «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясы бой көтерді. Академия балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім беріп, өнерге, ғылымға,

## ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР АЛАҢЫ

технологияға деген қызығушылығын арттырып, шығармашылық қабілетін ашады. Мақсаты – заманауи талаптарға сай жан-жақты дамыған, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, шығармашылық пен жанашылдыққа бейім тұлға тәрбиелеу. Бұл бағытта өнер, мәдениет, ғылым және IT салалары бойынша әртүрлі үйірмелер мен курстар ұйымдастырып, дарынды балалардың қабілетін ұштаймыз. Мұнда тек білім беріп қана қоймай, олардың азаматтық жауапкершілігін, патриоттық рухын, елге деген сүйіспеншілігін оятуға көңіл бөлінеді, – деді Жанар Бимұратқызы.

Оқушылардың игілігі үшін ашылған академия 3 қабатты, күніне 3000 баланы қамтиды, 7 бағыт бойынша 39 үйірме бар. Атап айтар болсақ, спорт және сауықтыру, ғылыми-техникалық, гуманитарлық-шығармашылық, көркем-эстетикалық, психологиялық дайындық, өлкетану және жастар қозғалысы.

Біз шахмат үйірмесіндегі оқушылардың ойынына куә болдық. Үйірмеде бала саны толық. Жетекші әдіс-тәсілдер үйретіп жатыр екен. Қатысушы Мәдина Нұртас 10 жаста,

қаладағы No101 мектептің оқушысы. Бұрыннан шахмат үйірмесіне қатысатын жеткіншек академия ашылып, қабылдау басталған кезде алғашқылардың бірі болып тіркеліпті. Қазір шахматтан бөлек математика үйірмесіне қатысады. Ол болашақта шахматтан чемпион болып, халықаралық жарыстарда ел намысын қорғауды армандайды.

Еркін күрес үйірмесінің жас қатысушысы Біржан Дарханбек осындай орталықтың ашылғанына қуанышты. Әлеуметтік желідегі хабарлама арқылы үйірмеге тіркелген. Кейін орталық мамандары хабарласып шақырған. Қазір ол жаттығудан қалмайды. Жетекшінің әрбір қимылы мен тәсілін қалт жібермейді. Содан болар еркін күрестің әдісін тез үйреніп алыпты. Академияда әлі де жұмысын бастамаған үйірмелер бар екен. Бұл туралы Жанар Бимұратқызы былай түсіндірді.

– Жоғарыда аталған 7 бағыт бойынша ашылған үйірмелер жұмысын бастады. Дегенмен кейбірі толық іске қосылмады. Себебі мамандарға конкурс жариялап жатырмыз. Қазір 16 үйірме жұмыс істеп тұр. Оған 2000-дай

бала тартылды. Конкурстан өткен мамандар келсе, үйірме қатары толығы береді. Оқу жылы басталған кезде оқушылардың сабақ кестесін ескере отырып, қосымша уақытын реттейтін боламыз. Мәселен, бір үйірме аптасына 2-3 рет, бір жарым сағаттан өтіледі. Жалпы, орталық – оқушылар үшін жаңа мүмкіндік алаңы. Кәсіби бағдар алып, болашақ мамандығын тереңінен зерттейді. Ғылыми жобалармен айналысады, IT саласын меңгереді, жетекшілер өнерге, колөнерге баулиды. Спортқа қызығушылығы бар балаларды дамытады. Үйірмеге келушілер көп, балаларға ұнап жатыр, – дейді ол.

Байқағанымыз, балалар белсенді әрі қызығушылығы басым. Тіпті бірнеше үйірмені қатар алып жүрген оқушылар да бар екен. Бастысы, мұнда олардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасалған. Осындай жобаның арқасында білім, ғылым, өнер, спорт саласын бағындырар талантты да дарынды жастар өсіп келе жатқанына іштей қуанып қайттық.

**Сара АДАЙБАЕВА**  
Қызылорда облысы

# ДОМБЫРА – ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ БЕЙНЕСІ

Киелілік статусқа ие «домбыра» сөзі індетте зерттеуді аса қажет етеді. Оны түсіндіру үшін, әуелгі ілім мен кәдуәлгі ғылымды қамтып зерттеу керек. Бүгінгідей еуро-палық-советтік зерттеу методологиясымен домбыраны тек музыкалық аспап дегеннен әріге бара алмаймыз. Мысалы, домбыраның екі ішегі мен қырық пернесін алайық.

Екі ішектің жоғарғысы – еркек (жуан дауыс), төменгісі – әйел (жіңішке дауыс). Қырық перне – қырық баласы. Еркек (отағасы) пен әйелдің (отанасы) үні бір үндіктен шығады. Бұл – ауыз-біршілік, берекелі отбасы құндылығы. Еркек бағыт-бағдар беруші, көп сөйлемейді, пернелерді жиі мазаламайды. Барлық қызмет пен тауқымет әйелдің мойнына түседі. Бұдан үнді модельдеу процесі көрінеді. Ондағы музыка, ырғақ, әуен, дыбыс, сыбыр, табиғат үні – бәрі ымдық жүйесі. Бастапқы ымдық жүйесінде сөз болмайды. Сөз болмаса, ымды қалай ұғамыз? Енді, когнитивті, нейробиологиялық жағына ауысамыз, яғни, логикалық ой ойлау жүйесінің қызметіне жүгінеміз. Ол (музыканы немесе ырғақты ұғу прогресі) әркімде әртүрлі деңгейде болады. Мұның мәні түсінікте жатыр. Түсініктен ой туады. Ойдың терең қабаттарын қозғайтын – сана. Сананың да өзіне тән қабаттары бар. Алайда біз оны еуропалық-советтік ескі тәсілмен ұғуға қауқарсызбыз. Ол таптаурын тәсіл қазақ тілінің қабылетін аша алмай, керісінше салмақ салып, бас көтерткізбей жатыр. Қазақ тілі – жанды тіл, ол уақытқа, ортаға, тарихқа сай өзгереді. Бұл – норма. Ең бастысы, ол тілді қолдану, сол тілде ойлану, сөйлеу, оқу, ұрысу, қалжыңдасу, ойнау, т.б...

Ішекті аспаптар – домбырадан, үрмелі аспаптар – сыбызғыдан, скрипка тектес аспаптар – қобыздан, барабан тектес аспаптар – дауылпаздан, дөңгелекті көліктер – арбадан, сарайлар – киіз үйден пайда болған. Оған сөз де, күмән да, дау да жоқ. Десек те әлі күнге дейін түйіні шешілмеген бір тақырып бар, ол – «домбыра» сөзінің шығу төркіні. Музыкатанушылар мен лингвистердің көпшілігі «домбыра» сөзінің түп-тамырын араб пен парсы тілдерінен іздейді. Композитор Ахмет Жұбановтың айтуынша «домбыра» «дунбаһ» және «бурра» деген араб сөздерінің қосылуынан шыққан...

Домбыра туралы алғашқы ғылыми дерек (әзірше) ұлы ойшыл әл-Фарабидың «Музыканың ұлы кітабы» трактатында «тамбур» деген атпен кездеседі. Музыкатанушылар «Әл-Фараби домбыраның атасы – тамбурды жетілдірді» деп есептейді. Аталған еңбекте сыбызғы, арфа (жеті ішекті), сырнай, керней, қобыз, канун, уд, цимбал (чанг), рабаб, дабыл, данғыра сияқты музыкалық аспаптар да сипатталған. Онда ғалымның өзі ойлап тапқан, үрленіп ойналатын «қыпшақ» деген аспап



туралы айтылады. Соған қарағанда әл-Фарабидың тегі қыпшақ болуы мүмкін. Ақын Мағжан Жұмабайұлы «Түрікстан» өлеңінде:

*«Түріктің кім кеміткен музыкасын,  
Фараби тоғыз ішекті домбырасын.*

*Шерткенде тоқсан тоғыз*

*түрлендіріп,*

*Жұбанып, кім тыймаған*

*көздің жасын?!»* –

деп жырлағанда, осы аспапты меңзесе керек. Түрік тілдерінің сөздігін жасаған ғұлама Махмұд Қашқари «Диуан-и лұғат ат-түрк» еңбегінде тамбурин, сыбызғы, қобыз, бубен, барабан, қоңырау, т.б. музыкалық аспаптар туралы құнды мәліметтер қалдырған.

Домбыраға ұқсас аспаптың (домбыраның арғы бабаларының бірі) алғаш табылған жері – Алтай, тапқан – археолог Зейнолла Самашев. Тарихи жәдігер сақ дәуіріне сәйкес келеді. Алтайдың сілеміндегі Жарғалант-Қайыркан жотасының үңгірінен табылған домбыраға ұқсас саз аспабын (дұрысы – адырна) түріктанушы Сарткожа Қаржаубайұлы біздің заманымыздың V–VI ғасырына жатқызады. 1986 жылы ғалым Сәбетқазы Ақатаев этнограф Жағда Бабалықұлының көмегімен Алматы облысының Жамбыл ауданындағы Майтөбе жайлауынан таңбалы тастағы домбыра бейнесін тапқан. Домбыраның артқы фондына билеп жүрген төрт адам бейнеленген. Басына үкі тағылған аспаптың екі құлағы, екі ішегі, ұзын мойны, кеудесі, бетқақпағы бар. Археолог Кемел Ақышев аталмыш петроглифті неолит (б.д.д. 4000 жыл) дәуіріне жатқызады. Қойқырылған қаласының (Түрікстан облысы) орнынан табылған «Қыш тас мүсінге» (б.з.д. IV–III ғасыр) шанағы дөңгелек, мойны қысқа, беті жабық аспап ұстаған домбырашы бейнесі түсірілген.

Домбыра тектес шертпелі аспаптарды түрік – томбра, казак, ноғай, башқұрт – домбыра, татар, өзбек – думбыра, тәжік – думрак, бурят – домбро, моңғол – домбор, қалмақ – домбр, телеуит – комыс, шор – кобус, қырғыз – комуз, қырым татарлары – кобуз, хакас – хомус, әзірбайжан – гопуз, алтай – топшур, тува – топшулур, түрікмен, каракалпак, ұйғыр – дутар дейді. Африкадағы Марокко елінің домбыраға ұқсас аспаптарының атауы – гамбри. Украин,

беларус, орыс халықтарында домра (үш немесе төрт ішекті), кобза, балалайка, бандура (адырна) аталатын ұлттық аспаптары бар. Домбыраның бұл елдерге түрік тілінен ауысканы ғылыми тұрғыда мойындалған. Орыс ғалымы В.Платоновтың еңбегінде: «Домра, домбра, думбыра, думбара, думбрак және т.б. қазіргі көптеген түрік, солардың ішінде казак, татар, башқұрт, өзбек, қалмақ тілдерінің этнографиялық лексикасында шертіп ойналатын ішекті музыкалық аспаптың атауы ретінде белгілі. Оны миграциялық термин деп қарастыруға болады. Ол Русьте XVI ғасырдың бірінші жартысында пайда болған» делінеді. Домбыраны славян елдеріне «скоромохтар» (орта ғасырдағы кезбе өнерпаз) таратқан. Орыс фольклорында «рад скомрах о своих домрах», «у Ерёмы гусли, у Фомы домра» деген жолдар кездеседі. Осы «домрадан» Домрин, Домрачёв, Домрачов, Домрачев, Домрачиев секілді әулеттік есімдер, Домрянкa, Домрачево, Домрино сияқты қоныс атаулары шыққан. Ресейдегі патша сарайында домра тартушыларды «домрачей» деп атаған. Бұл жайдан-жай емес. Егер олардың арасындағы орфографиялық өзгешеліктерді ескермесек, домбыра сол күйінше аталып тұр.

Ескіде домбыраның ішегі ешкінің не кәрі қойдың ішегінен дайындалатын. Қазір оған екіншісінің қолы жете бермейді. Сонымен қатар ішек тез шіриді. Бертінде ішек орнына жібек жіп пен қармақбау (леска) тағатын болды. Қазіргі домбыралар құралып жасалады. Бұрынғы шеберлер домбыраны тұтас ағаштан немесе найзағай соққан қарағайдан ойып жасаған. Жай оты түсіп, ішкі жағы үңірейген қарағайдың дауысы айрықша шыққан. Бір қызығы, қарағай ұрғашы және еркек болып бөлінеді...

Көне түріктердің мифологиялық дәстүрінде «рух», «жан», «өмір», «дем» категориялары тіршіліктің ең маңызды сипаттамалары саналады. Сондықтан «домбыра» – арабтың да, парсының да сөзі емес, көне түрік сөзі. Домбыра «дем+бір» деген қос сөзден тұрады. Домбырадан әлемдік тебіреніс термині – «тембр» сөзі шыққан. Бірақ бұл қаншалықты нақты дерек? Ғалымдар не дейді?

Қосымша дерек:

Домбырауыл – домбыра жасайтын шебердің ауылы; Домбауыл батыр – тарихи тұлға; Домбай – домбыраны алғаш жасаған адам; Домбай – жабайы сиыр; Домалақ – жұмыр зат; Домалақ ана – тарихи тұлға; Домбығу – ісініп-кебіну; Домбыаяқ – тобайқ болып қалған адам; Домбы – өзен атауы; Домбы әулие қорымы – Қызылорда облысы Жанақорған ауданының шығыс жағында 50 шақырым жерде Домбы өзенінің бойында орналасқан (басында кесене жоқ, қорымның ұзындығы – 20 метр, ені – 2 метр, биіктігі – 1,5 метр).

Айдын РЫСБЕКҰЛЫ,  
Геральдист



## АБАЙҒА АРНАЛҒАН АЛҚАЛЫ ЖИЫН

Алматыдағы Қазақстан жазушылары кітапханасында ұлы ақын, ойшыл Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толуына орай, «Абай – ұлы даланың ұлы ойшылы» атты дөңгелек үстел өтті. Мерейтойлық шараны белгілі абайтанушы-ғалым, профессор Серікқазы Қорабай кіріспе сөзбен ашып, жүргізіп отырды.

Дөңгелек үстелде ақындар Әділғазы Қайырбеков пен Саят Қамшыгер қазақтың бас ақынына арнаған өлеңдерін оқыса, танымал журналист, сазгер Серік Жанболат, жазушы Әбділлабек Салықбай, «Алматы» телекомпаниясы бас директорының бірінші орынбасары, филология ғылымының кандидаты Базарбек Атығай ұлы ақын шығармашылығы туралы ой өрбітті. Абайдың талантты шәкірті Шәкәрімнің шөбересі Нұрлан Зиятов ризашылық тілегін білдірді, дәстүрлі әнші Саят Нұрғазин Абай әндерін тамылжыта орындады. Мәслихат барысында әсіресе Серік Жанболаттың Абай шығармаларын модельдеп насихаттау туралы тың ұсыныстары тыңдаушылардың зор қызығушылығын тудырды.

Жиынға Әуезов ауданындағы білім беру мекемелерінің ұстаздары мен шәкірттері, Радиоэлектроника байланыс әскери инженерлік институтының сарбаздары қатысты. Білім беру мекемелерінің оқытушылары Хакім Абайдың жастар тәрбиесі, педагогика, ағарту жөніндегі ой-пікірлері туралы қысқаша хабарламалар жасаса, олардың шәкірттері Абайдың өлеңдерін оқып, әндерін шырқады. Әуезов ауданындағы Татар, Әзербайжан мәдени орталықтарының, басқа да мәдени мекемелердің өкілдері ұлы ақынның қазақ, орыс, француз тілдеріндегі жырларын оқып, жиынға қатысушылар қосыла отырып әндерін шырқады.

Жиын соңында Әуезов ауданы әкімдігі Тілдер және мәдениет дамыту бөлімінің жетекшісі Айгерім Исалиева мен Орталықтандырылған кітапхана жүйесі ардагерлер кеңесінің төрағасы Елена Ағайса жылы лебіздерін айтып, белсене атсалысқан қатысушыларға аудан әкімінің алғыс хаттарын табыстады.

Дөңгелек үстелде «Абай мұрасы – халық мұрасы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Абай атамның туғанына 180 жыл толу мерейтойы Қазақстан жазушылары кітапханасында осылайша басталып, Абай әндері Алматы аспанында қалықтады.

Аружан СІЛӘМБЕК,  
кітапхана қызметкері



Елеусіз МҰРАТ

Тірі пендеге қылаудай зияны жоқ, бар болғаны аядай ауылда қандай жағымды жаналық бар, кімнің баласы әскерден келіп, қай үйге келін түсетінін жұрттан бұрын естіп, хабарлап жүретініне қарап, «сымсыз телефон» атанып кеткен қалақтай ғана кара кемпір Күнипа туралы жүректі дір еткізетін жайсыздау хабар ауыздан-ауызға көшіп, лезде тарап үлгерген. «Байғұс үйінен шықпай қалыпты», — десті білетіндер. Ар жағында үлкен қауіп-қатері жатқан суық сөз бейне бір ажал антұрған ауылдың шетінен баса-көктеп кіріп келе жатқандай өз қызығы өзіндегі қамсыз пенделерін шошытып, әжептәуір қобалжытып тастады. «Е, бейшара көптен көрінбей кетіп еді, сөйтсек, науқас екен ғой», — десті Күнипаның сырқатынан бейхабарлар. «Алла тағала шипасын беріп, аяғымен жүріп кетсін», — деді күні кешеге дейін тыным таппай, домалаңдап жүгіріп жүретін қайыстай кара кемпірдің осы ауылға сызылып келін болып түскен сәтінен бастап, күні кеше ғана өлшеулі ғұмырдың алпыс жасын тойлап, ал бүгін аяғына тұсау салынып, төсекке танылғанына дейінгі көзді ашып-жұмғанша шолтаң етіп, өте шыққан өмірдің қысқа сәттерін тамсанып еске алғандар. Солай бола тұрса да, Күнипаның жағдайына қабырғасы қайысқандай сыңай танытқандар жемеге келгенде, бүгін-ертең жаратқаннан келетін қатал үкімді күтіп жатқан кара кемпірге қарағанда, өздерінің бақытты

екендерін, сондықтан да мына қызығына тойдырмайтын жарық дүниеде әлі де жер басып, тірі жүретіндеріне тәубе айтысқан. Қауқылдасқан топ қанша жерден: «Алла тағала Күнипаға шипасын берсін!» — деп Тәңірден тілеп, бет сипасқанымен олардың көкірегіндегі тайталасқан ойдың қалтылдаған таразысының басын: «Әй, бір жабысқан дерт түбі алмай қоймайды-ау!» — деген өлімсіреген үмітті үрлеп өшіретін үрейдің батпандаған ауыр салмағы басып жатыр еді. Ағайын-туыс қамшының сабындай келте ғұмырдың қырық жылдан астам уақытын өзімен қоян-қолтық өткізген Күнипаның ендігі жерде о дүниелік адам екенін сезсе де, ажал шіркінге қарсы тұратындай қауқардың жоғын мойындап, қатпа кара кемпірдің ендігі тағдырын адамдық ақыл-ойдан тысқары құдіретті күштің қолына тапсырған.

Осыдан екі жыл бұрын ғана кіндігінен өрген екі қыз бен жалғыз ұлдан тараған үрім-бұтақтың ортасында үстіне зерлі камзолын киіп, басына аппак орамалын салып, жасанып алған Күнипаның иегіндегі сойдақ тістерін көрсете күліп, алпыс жылдығын тойлағаны кеше ғана сияқты еді, енді мынау... Қағылез кейуананың өзі де өлім-қазға барған сайын жұмырбасты пендесіне хақ осы бір ауыр сәттің күндердің күндерінде мұның да алдынан сопаң етіп шыға келіп, көбінге оралған тастай денесінің ағаш сәкінің үстінде жататынын ойлағанда, жүрегі тас төбесіне шығушы еді, Жаратқанның сол таңдауы алпыс екіге аяқ басқан тұста елу түтіні бар аядай ауылдағылардың ішінен мұны таңдап алса, бұл тағдырға не айтарсың?..

Күнипа төсек тартып жатып қалғалы бері сақалы шоштандаған шалы Жұмагелдіде тыным жоқ, басы қалталақтап, ауызғы үй мен Күнипа жатқан төрті бөлменің ортасын кезіп, әрлі-берлі сенделіп, шайқатылып жүргені... бір кіреді, бір шығады... «Жазғанға қайбір онай дейсін». Күнипаның жүрегі сыздайды, бірақ өмір мен өлімнің ортасында жатқан мұның қолынан не келеді?

Қараша үйдің іші тым-тырыс. Қабырғадағы көне сағаттың ерсілі-қарсылы тербелген тасының тынымсыз тықпылы ғана өлі тыныштықтың құшағындағы бөлмеде тіршіліктің бар екенін аңғартып тұрғандай.

Кереует сықырлаған. Жұмагелдінің түс-түсқа алып қашқан көңілі орнына түскен. «Е, Алла, Күнипам тірі екен ғой. Жаратқан Ием, өзін жар бола көр...» — деп күбірлеп, түкпіргі жатқан естілген қозғалысты көңіліне медет тұтып, еті қашқан тарамыс саусақтарымен бетін сипады.

Жұмагелді төрті бөлмеге бір кіргенінде қабырғаны сипалап, қаракөленке қымтай бастаған үй ішіне жарық жаққысы келіп еді, төсек қайтадан сықырлаған. Бөлме ішіндегі қараңғылық көз байлай бастаса да, кемпірінің «керек емес» деп қолын ымдап көрсеткен сұлбасын байқап, жанына келіп жайғасты.

— Қалайсың? — деді бір уыс боп бүрісіп,

— Түү-у сен де қай-қайдағыны айтады екенсің, — деді Жұмагелді, — е-е-е деп шикылдап күлетін Жұмабай марқұмды білесің ғой.

Күнипа есімде дегендей, көзін ашып-жұмды.

— Сол Жұмабайды әні-міне үзіледі деп, бөлек киіз үйге шығарғанда, басында күзетіп отырған адамның бірі мен едім. Сөйткен Жұмабайдың ғайыптан жазылып кетіп, одан кейін он-он бес жыл өмір сүріп, бергінде дүние салды ғой. Қайта Жүмекең «Жұмабайдың палауын жейміз» деп түкіріктерін жұтқан талай құрдастарын о дүниеге аттандырып барып, өзі солардың жаназаларына қатысып,

## СОҢҒЫ СӨЗ

(әңгіме)

кереуетте жатқан кемпірінің үстінен төне қарап, — Еркінбекке хабар береміз бе, қайтеміз?.. — Жұмагелдінің үні құмығып шықты. Шалыныңдауыс дірілдеп, жанарының жасаурап тұрғанын Күнипа сезді.

— Үкіметтің жұмысындағы адамды қинап қайтесің, естісе уайымдап қалады ғой. Құдай алады дейсің бе, мені...

Жұмагелді әлсін әлі талықсып, есін жоғалтып, қиналып жатқан Күнипадан мына қалпында бүгін болмаса да, ертең айырылып қалатынын ойлағанда, демі тарылып, әжім торлаған жанарынан ыстық жастың қалай шығып кеткенін өзі де байқамай қалды. «Тірі жетім болып қалатын болдым ғой, Құдай-ау, Күнипаның алдында мені алатын ретің бар еді ғой». Көзінің жасын сүрткен Жұмагелді нәр сызбай, далаға шығудан қалып, төсекке танылғанына он күннен асып, екі дүниенің ортасында жатса да мендеп кеткен кеселмен арпалысқан кемпірінің жанының сірілігіне қайран қалды.

— Өліп қалатын сияқтымын, — деді Күнипа алқынып, — іші-бауырым өртеніп барады, — жәрдем күткендей езіліп отырған Жұмагелдіге қиыла қарады.

«Байғұс-ау, өзін сияқты Құдайдың құлы менің қолымда тұрған қандай күш бар».



## ҚОС БЕЙБАҚТЫҢ

Алпысбай денесі тоназып жатып оянып ажетті. Айдала, манайы ақ түтек, қасқыр боран ішін тартып ұлып тұр. Әдепкіде түсім бе деп ойлап еді, жоқ өңі екен. Қайда жүргенін де шамалай алмады. Жұқа пальто бетті сабалаған қар аралас кара суыққа қамсау болар емес, өнменнен өтіп, қалтыратып барады. Есепсіз ішкен арақтың уыты енді тарай бастады ма есіне әлденәрселерді емес-емес түсіре бастады. Бір купеде жанында қызы бар бөкселі келіншек пен басына такия кигенімен әр сөзіне орысша қосып, тұздықтап сөйлейтін екі жағына пышақ жанып алғандай өңі жүдеу қасқабас көсе болды. Төртіншісі кім еді, есіне түсіре алмады. Беталды қаңғып бара жатқан Алпысбайдың жолға ала шыққан үш шөлмеқ арақтың бірін дәретханаға кіріп, қайта-қайта ішкеннен масайып, иегінде сақалы жоқ көсеге мұның шағып, жылағаны есінде, әрі қарай не болды, бәрі бұлдыр. Осы таңертең ғана пойызда келе жатқан сияқты еді, енді мынау жынды адамдай жапан дүзде қалғыз жүр. О тоба! Төс қалтасын сипап қойды, әйтеуір төлқұжаты орнында екен. Көңілін орнықтырып алған Алпысбай мына қалпында үсіп өлетінін біліп, үрлеп тастаған қалың қарды осыбылап, алға қарай жүре берді. Көз ұшынан әлдебір жарық өлімсіреп көрінгендей болған. Әлде мұнарланған аспанның ашық тұсынан окта-текте жылт етіп көрініп қалатын жұлдыз ба екен... Қақаған кара суықтан аяғынан жан кетіп, былғары етіктің басы қайқайып қатып қалды. Көкжиектен көрінген жарық та көз алдап, бұл алға ұмтылған сайын жөнкіліп қашып бара жатқан сияқты, белкізер емес. Алпысбайдың қанша жүргені жеткісіз, бірте-бірте екі аяғынан әл кеткен. Есін бір жиғанында әуілдеген төбеттің үргенін естіген, екі адам өзін шанаға салып, сүйреп алып барады. Шананың сырлылы ғана құлағының түбінен естіледі.

— Бұл біздің жақтың адамы емес, пойыздан түсіп қалған бір бейбақ болды-ау шамасы, — деді бейтаньс еркек, — полиция шақыртамыз ба қайтеміз?

— Обал емес пе? — деді әйел. Алпысбайға үстінен төне қараған әйелдің түрін жүзіне қарай төгілген қолаң шашы көрсетпеді. Ыстық шайды толғап жұтты. Енді бір қарағанында, тұттай жалаңаш денесін әлдекімнің ысқылап жатқанын сезді. Қимылына қарап, әйелдің қолы екенін байқады. Аузынан суы аққан

Алпысбай әрі қарай мызғып кетіп, таң алаке-уімде ғана оянды. Табалдырықтың тұсындағы етікті қоңылтаяқ кие салып, сыртқа шығып еді, аспан шайдай ашық екен, жылт-жылт еткен күміс қар көз қарықтырады.

— Қалыңыз қалай? — деді әлдекім ту сыртынан. Қарсы алдында елудің үстіндегі әйел тұр, — пойыздан қалып кеттіңіз-ау шамасы.

Алпысбай төмен қарап тұнжырады.

— Үйге кіріңіз, тамақ дайын...

Үйден пісте майдың иісі көңірсиді. Дастарқанның үстіне бес-алты шелпек қатқатталып жиналып, бауырсақ тасталыпты.

Алпысбай тамағын қырнай жөткірініп:

— Мақұл десеніз, дұға оқып жіберейін, — деді.

— Қалауыңыз білсін, — деді бейтаньс әйел орамалын жөндеген болып. Алпысбай оқылған дұғаны аруақтарға бағыштар тұста сәл кідіріс жасап, әйелдің бетіне қараған. Ол әкесі мен шешесін, одан кейін тағы бір адамның атын атады.

— Күйеуім ғой, осыдан бес жыл бұрын пойыздың астына түсіп, мерт болды. Екі балам қызметте, окта-текте келіп-кетіп тұрады, — деді, — сосын бір-біріміздің аты-жөнімізді білмегеніміз ыңғайсыз болар, Кенжегүл, — деді. Бейтаньс әйелдің бетінің ұшына қызыл жүгірген. Алпысбай атын айтқан. Әңгіме арасында бұл жерге қалай тап болғанын да айтты.

— Енді қайда барасың? — деді әйел сізден сенге көшіп.

Алпысбайды үрейлендіріп отырған да осы сауал еді. Ол білмеймін дегендей иығын қозғады. Расында да қайда барады?

— Жол қайда қашар дейсің, алдымен әлденіп ал, — деді Кенжегүл. Құдды марқұм әйелі тәрзіді. Алпысбай қарап отырмай, бір бүйіріне қарай қисайған шақфты оңдап, сыртқы есікті киізбен қаптады.

— Енді үйдеп жел соқпайтын болады, — деп қойды. Алпысбай үй шаруасын бір ыңғайлап алғандан кейін сырттағы жұмысқа кірісті. Мөңіреп тұрған екі сиырдың алдына шөп тастап, қоранын астын тазалады. Кесілген

дөңбектерді жарып, отынды да үйіп тастады. Қуаты қайта қоймаған бейтаньс еркектің сырт киімін шешіп тастап, жесір әйел Кенжегүлдің есігінің алдында құлаштап балта сермеп, құлынып жұмыс жасап жатқанын көргендер таңырқап қарап өтіп жатты. Кенжегүл ыңғайсыздана ма деп еді, керісінше, оның жанарында әлдебір қуаныш бар еді. Алпысбай әні-міне кетемін деп қандап жолға жиналғанымен бойы үйреніп қалған бейтаньс ошақтан ұзап шыға алмай қалды. Кенжегүл де Алпысбайдың осында қалғанын қалайтын тәрзіді. Түні бойы бір-біріне қол созымай жерде жатқанымен төсекке бірге құлайтын ішкі шер екі мұңлыққа көкірегін тырналап, маза бермейтін тәрзіді. Әркімнің өз уайымы бар. Алпысбай жамбасына тас батып жатқандай ұзақ дөңбекшіді, кірпігі айқасар емес. Тас қараңғы бөлменің қабырғасын жол жақтан түскен жарық кезіп өтті. Тепловоз-ау шамасы өтіп бара жатқан...

Баяғы әдетінше, қолын созып еді, арбиған саусақтары төсектен асып барып, жалаңаш еденге тиді, әрі қарай артық қимыл жасаса, қолындағы қымбат дүниесін абайсызда сындырып алатын адамдай абдырады. Айшагүлдің көзі тірі кезінде қолын кемпірінің денесіне тигізбесе елегізіп ұйықтай алмайтын. Ондай кезде кем иек кемпір бүйірінен түртіп, құлағына сыбырлар еді. «Не болды соншама Құдай-ау, көзіңнен ұшып барамын ба?» — дейтін. Шынында да Құдай сездіріпті, Айшагүл көзінен ұшып барады екен, былтыр ойда жоқ жерден домалаңдап тыным таппай жүгіріп жүрген кара кемпір «басымның сақинасы ұстап қалды» деп құлап еді, содан тұра алмай, ауруханада көз жұмды. Алпысбайдың тамағы жыбырлады, қу жөтел қысып барады, алақанымен аузын басып, тұншыға жөткірінді. Марқұм кемпірі ауруханаға кетіп бара жатып бойы ұстындай сорапып тұрған Алпысбайға нұры сөніп бара жатқан жанарын суарып ұзақ қараған, сонда бейшара қимағаны екен ғой. Әлде «байғұс мен кеткеннен кейінгі күнін не

болар екен» деп уайым жегені ме? Енді ойлап қараса, анығында да қатпа кара кемпір бойы сораптаныммен не балаға, не келінге сөзі өтпейтін Алпысбайға кәдімгідей сес, сүйеу болған екен. Айшагүлдің көзі кетісімен кара шаңыраққа сұмаңдап салқын леп еніп, бұрынғыдай емес, жалтақтап, келіннің қас-қабағына қарайтын болды. Жетім бала сияқты. Ұлы Арыстан окта-текте келіншегіне қарап: «Осы көкемнің қарны ашып жүрген жоқ па?» — деп сұраған-сиды. Алпысбай не десін, қатты айтса, баласы мен келіннің арасынан кара мысық жүгіріп өте ме деп қауіптеніп, тілін тістеп, үндемейді. Шалдың қауқарсыздығын сезгеннен кейін келіні Жазира да дандайсың деген. Ықыласы түссе шайын беріп, көңіл хошы болмаса, кешке дейін дым татырмай жүре береді. Алпысбай бірте-бірте кезінде іргетасын өзі қалап, түтінін түтеткен кара шаңырақта басы артық жат адамға айналғанын сезбей де қалған. Бірақ қайда барады? Алыстан тарайтын аталас ағайын болмаса, бір әке-шешенің кіндігінен өзінен басқа өрген ешкім жоқ. Алпысбай атадан жалғыз. Келінінің сырт көзге сырын білдірмей, «ата» деп елпілдегенімен шалдың ішкен-жегенін есептеп, іштей түйіліп отыратынын Алпысбайдан басқа ешкім байқай бермейді. Есесіне келінінің төркіндеріне деген ықыласы бөлек. Олар келгенде аста-төк дастарқан жайылады. Арыстан үйде болса, жақсы, ал жоқ кезде түрлі сылтау тауып, атасын ас басына жақында бермейді. «Айып етпеніздер, атамыздың мазасы болмай отыр, сәл науқастанып қалыпты», — деп сылап-сипап, әңгіменің тігісін жатқызып жіберетін шеберлігі тағы бар.

Бүгінде үйлеріне бір топ адам сау ете қалған. Қазан көтеріліп, у-шу болып қалды. Құдағиы Алпысбайдың қолын сілкілеп:

— Құда қалайсыз, сырқаттанып қалды деп естідік, қалайсыз? — деп жалпылдап көңілін сұрап жатыр. Алпысбай дені сау, делбездесі бүтін өзін сыртынан кімнің ауру етіп төсекке тандырып қойғанын, мұндай әңгіменің қайдан

соңынан кетті емес пе?

Алайда Жұмагелдінің жарымжан көңіліді көтеру үшін айта салған бұл әңгімесін жаны қиналып жатқан Күнипа құлықсыздау қабылдады.

— Түс көріппін, — деді ол алқынғанын басып, — ауылда, Хантәңірінің етегінде жүр екенмін. Қол созым жердегі ауылда шыбынсыз жаз, ал мұнда сіресіп қар жатыр. Төбемнен төне қараған шынға өрмелеп келеді екенмін деймін, кенет аяғым тайып кетіп, төмен қарай құлдилап жөнелдім. Енді өлдім-ау деген кезде бастырылып жатып оянып кеттім.

Жұмагелді Күнипаның «төмен қарай құлдилап кеттім» дегенін естігенде, бейне бір құзға өзі құлап бара жатқандай денесі мұздап, жүрегі солқ ете қалды. Күнипа «мына түсімді қалай жорыр екенсің» дегендей, өзіне тесіле қарап отыр екен.

— Биікте жүргенің жақсы, Құдай қаласа, енді мына наукастан құлан-таза айығып кетеді екенсің... — деді Жұмагелді. Алайда Күнипаның сенбегенін өзгеріссіз жүзінен байқады.

— Егер мен олай-бұлай болып кетсем, сүйегімді сақыратып, сонау Нарынқолға тасып әурелемендер. О дүниелік болатын адамға қай топырақтың астында жатса да бәрібір емес пе? Еркінжанға айт, разымын... — Күнипаның даусы дірілдеді.

Арадағы едәуір үнсіздіктен кейін:

— Жұмагелді, екеуміздің алғаш танысқан кезіміз есінде ме? — деді құдды баяғы жас күніндегідей. «Әй, Жұмагелді оны көзі тірісінде ұмыта қояр ма екен» оқтан да ұшқыр ой соңында сағым болып қалған қырық жылғы өмірді қас-қағым сәтте адақтап, аралап өтті. «Құдай-ау, оны қалай естен шығарады».

Күнипа — Оңтүстіктің тумасы емес, Нарынқол жақтың қызы. Жұмагелді әскерде жүргенінде танысып, теріскейге әкелген. Бәрі де күні кеше ғана сияқты еді, енді қарап отырса, қас пен көздің арасында жастық шағын ұрлаған қырық жыл әлдеқашан қыр асып кетіпті... Қайран өмір-ай... Мына жүзін әжім торлап, бір уыс болып жатқан шүйкедей кемпірдің бір кездері талайдың көз құртына айналған көзі мойылдай қап-қара тұнық, қолаң шашы иығына төгілген сұлу бойжеткен

болғанына қазір кім сенеді?

Қарағайы таудың етегінен бастап, жоғары қарай өрлеп өсетін Нарынқолдың табиғаты шынында да, керемет еді. Төңірегіне тәкаппарлана қарайтын Хантәңірінің өзі неге тұрады. Бірақ өмірі ауылдан ұзап шықпаған Жұмагелдіге шаны суырып, шілдесі кенезенді кептіріп, қуырып жіберетін теріскейі бәрібір ыстық еді. Кейін Күнипаны ауылға алып келгенінде: «Жұма, мынандай табиғатта қалай өмір сүріп жатырсыңдар?» — деп таңғалғаны есінде.

Таныстық кездейсоқ басталған. Шекара маңайына орналасқан ауылға күн сайын қатынап, тексеру нүктесінің жанына дейін қою шаңын ілестіріп әкелетін жолаушылар автобусы бекеттің жанына жетіп, кілт тоқтағанда маңай көпке дейін өз суырған топырақтан көрінбей қалатын. Құжат тексеру онша қиын жұмыс емес, шекара маңындағы ауылда тұратындардың дені таныс. Бірде жолаушылардың құжатын тексеріп біткен кезде жұрттың соңын ала автобустан үстінде көгілдір көйлегі бар бойжеткен түскен. Оның жүзінен әлденеге қобалжып тұрғаны байқалған.

— Ағай, — деді ол Жұмагелдіге таяп келіп, — мен мына Қызылшекара ауылынан едім, асығып жүріп арнайы рұқсат қағазымды ұмытып кетіппін, — деді. Жұмагелді жалғыз өзі болса, өткізіп жіберер ме қайтер еді, дәл төбесінен қыдырып қарап тұрған қарнының жуандығынан үстіндегі кителінің түймелері бырт-бырт үзілуге шақ тұрған прапорщик Клименко бойжеткеннің құжатының дұрыс емес екенін оның абыржыған жүзінен байқап, басын шайқаған.

— Болмайды, кері қайтарыңдар! — деп өзі кішкентай үйшікке кіріп кеткен.

— Ағай, енді мен не істеймін? — деді бойжеткен сасқалақтап. Маңдайына түскен шашын сүйіктей саусақтарымен кейін қайырып, ептеп езу тартқанда ақша бетке ойнап шыға келген оймақтай шұңқыр бейтаныс қызды мүлде сұлуландырып жіберген. «Ағай, не айтасыз?» деген бейкүнә көзқарас Жұмагелдіні жіпсіз байлап тастады.

— Алматыға оқуға тапсыратын едім, қырсыққанда бір құжатымды ұмытып кетіппін, енді не істеймін... Үйге келіп тұрып,

қайтқаным қалай болады?

Қарлығаштың қанатындай қастарының түйісіп, ренжігенінің өзі қандай сүйкімді.

— Атыңыз кім? — деді Жұмагелді.

— Күнипа, — деді бойжеткен.

Жұмагелді Клименко кіріп кеткен кішкентай үйшіктің есігін қаққан. Прапорщик қалайы кружкаға шай құйып жатыр екен. Жұмагелді:

— Александр Иванович, — дей беріп еді, ол:

— Түсіндім Алмабаев, түсіндім, әлгі қыздың шаруасымен келіп тұрсын ғой, мені алдай алмайсың, көзіңнен басқа нәрсені көріп тұрмын, жарайды рұқсат, тек кейін анықтамасын алып келіп көрсетсін, — деді.

Жұмагелді Күнипамен осылай танысқан. Енді жолдасы Оңғар қиылған.

— Жұма, мына қызға мен ғашық болып қалдым, сен маған қарағанда көріктісің ғой, серігінді тауып аласың, ал мен сияқты табақтай бетіне жапсыра салғандай қонқақ мұрыны бар өңсіз жігітке кім қарайды?

Жұмагелді екі оттың ортасында қалған. Оңғарды да, Күнипаны да қимайды. Бір күні демалыс алып, серуенге кеткен Оңғар салы суға кетіп оралған.

— Жолым болмады, — деді ол күрсініп, — Күнипа қайта-қайта сені сұрай береді. Эттеген-ай, сол күні құжатын жалғыз өзім тексергенде бәрі де басқаша болар ма еді, — деп өкінген.

Жұмагелді әскери міндетін өтеп, ауылға қайтар кезде Күнипа қатты қобалжыған:

— Жұма, мен не істеймін, сені қалай ұмытамын?..

— Мен сені қалдырмаймын, өзіммен бірге алып кетемін..

— Оңтүстіктің адамдары шетінен қу деп естимін, сол рас па?

Үркектеген сұлу бойжеткеннің көзінде үрей бар еді.

Жұмагелді езу тартқан. Сөйткен Күнипа теріскейге тез сіңіп кетті. Кейін:

— Құдай құртсын ауылға барсам, Оңтүстікті сағынып тұрамын дейтінді шығарған.

Темір керуеттің серіппесі қайта шикылдаған.

— Шыныңды айтшы, сол жолы сен мені Оңғардан қызғандың ғой, ә?.. Жұмагелді

заматында көмейіне лықсып келіп қалған осы сауалды Күнипаның оқып үлгергеніне таңғалды.

— Ал сен мені жақсы көрдің ғой, — деді Жұмагелді Күнипаның сауалын жауапсыз қалдырып, өзіне қарсы сұрақ қойып. Ауызғы үйден төргі бөлмеге себездеп түскен жарықтан Күнипаның езу тартқанын байқап қалды. Әлде ол Жұмагелдіге солай көрінді ме екен... Ол әлсіз саусақтарымен Жұмагелдінің қолын аялай сипады:

— Жұма, мен саған оны сәлден соң айтамын, қазір маған Абай бұлақтың тастай суынан әкеліп берші, іші-бауырым өртеніп, күйіп барады, — деді. Жұмагелді былай шыға бере өзін-өзі жерлеген. «Құдай-ау, неткен ақымақпын, сен мені жақсы көрдің ғой» деген не сөз. Жақсы көрмесе, қол ұстасып осында келер ме еді...  
Дәл іргеден сүттей жарық ай сәулесімен Абай бұлақтың Жер-ананың төсін бұрғылап, бұрқылап шығып жатқан мөлдір суы сылқ-сылқ құлап ағады.

— Күнипа, алып келдім, — деді Жұмагелді үйге енгізіп кіріп. Қараша үйдің ішін біртүрлі өлі тыныштық буып тұр еді. Темір керует сықырламады. Бір жамандықты сезген Жұмагелді төсекте бір уыс болып жатқан кемпірдің тастай саусақтары ұстап көріп:

— Әй, әй мұның не?! — деп жанұшыра айқайлап жіберді, — Күнипа-ау, мен келдім ғой, Абай бұлағынан саған су алып келдім... — тарамыс саусақтары дірілдеп, Күнипаның бейнебір мына тіршіліктен шошынған адамдай тас төбеге тесіле қарап, қатып қалған жанарын жапты.

— Мүсәпірім-ау, бұл не істегенің?.. мені жалғыз қалдырып кеткенің не, енді сенсіз қалай өмір сүремің?.. Еркінбегіне не деймін?.. Соңғы сөзіңді неге айтпай, іркіп қалғаныңды енді түсіндім. Тектім-ай, жантәсілім етер сәтіндегі ақтық жан қиналысыңды көрсеткің келмеген екен ғой.

Сақалынан тарам-тарам болып жас аққан Жұмагелді тастай денені құшақтап, еңкілдеп жылады.

... Асау уақытта тыным жоқ, асығыс алға ағып барады...

# МҰҢЫ

шыққанын іштей сезгенімен амалы құрып, айта алмады. Әшейінде атасын қақпайлап, дастарқанға жақындатпайтын келіні бұл жолы шешесінен сескенді ме екен, төрге озған құдағиының жанына жайғастырды. Туралған бес-алты тілік нанмен дүкеннің сары майынан өзге ешнәрсе қойылмайтын жүдеу дастарқан сүр мен қазы салынған ағаш табақтардан қайысып тұр. Жеңсік асқа төбеті шауып, асап-асап жегісі келгенімен өзгелерге жайрандай күліп: «Алыңдар, алыңдар!» — деп ақжарқын адамның кейпін танытып елпілдегенімен, мұның ішкен-жегенін көзінің қиығымен сырттай аңдып отыратын келінінен жасқанады. Абдырап отырып, шайын төгіп алса, келіні жақтырмағанын артық қимылы мен «и-и-и» деген ренішімен ұқтырады. Соңғы кездері баласы мен келінінің арасында ұрыс-керіс көбейген. Тіпті арадағы айқай мен жанжалдың басы да өзі екенін сезіп, мүжіліп те жүрді.

— Алпысбай ұйықтаған жоқсың ба? — деді Кенжегүл.

— Жоғе, — деді ол, — қай-қайдағы есіме түсіп жатқаны...

Кенжегүл Алпысбай жаққа қарай аударылып түскен.

— Құданың құдіреті қайбір күні түсіме Алпамыс кіріпті, марқұм күйеуімді айтамын да... «Тоңып жүрсің бе?» — деп, тонын менің иығма жабады. «Жазған-ау өзін тоңасың ғой» — деймін... Ол үн-түнсіз соңына қарамастан, қыр асып жүре береді. «Алпамыс, Алпамыс...» деп жатып өз даусымнан өзім шошып, оянып кетсем бола ма...

— Марқұм бірнәрсені дәмәтіп жүрген шығар... — деді Алпысбай.

— Өлген адамға не керек? — деді Кенжегүл.

— Е, жеті шелпек пісіріп, Құран бағыштағаннан басқа не керек дейсің... — Алпысбай күрсінді...

— Бүгін екі шелек көмір салып едім, тоңып жатқан жоқсың ба, — деді Кенжегүл.

Алпысбай бір жамбастап жылжып, Кен-



жегүл жатқан тұсқа жақындайын деп ойлады да іле-шала бетімді қайтарып тастай ма деп тосылып қалды...

— Негізі мен он жетінші разыдан емеспін. Күршім ауданынанмын. Өскемен жақтағы ауылшаруашылығы техникумын бітіргеннен кейін осында жолдас қызыммен қыдырып келіп, ақырында қалып қойдым. Алпамысты құлай сүйіп ұнаттым ба, ол жағын да білмеймін, әйтеуір тұрмыс құру керек болған шығар... — Кенжегүлдің күрсінгені естілген, — марқұммен бір-біріміздің көңілімізді қалдырмай, жиырма бес жыл отасыппын. Екі бала өсірдік. Қазір екеуі де үйлі-жайлы. Келіндердің қолына қарағым келмейді. Алпамыс та осында жатыр...

Егер олай-бұлай болып кетсем, көрші-қолаң өздері көмер... — Кенжегүл соңғы сөзді үрейсіз, тіпті жайбаракат айтты. Өлімді естігенде, Алпамыстың денесіне діріл жүргірі. Ал мұның арманы өзі туып-өскен Көлтоғанның бас жағындағы қорымға жерленген өке-шешесінің жанына жайғасып, етектегі тіршілікке төбеден көз салып, қарап жату еді. Енді туған жерден топырақ та бұйырмайтын секілді... Жаны ащымайтын жалғыз ұлдың мұның сүйегін

саудыратып сонау ит арқасы қияндағы Көлтоғанға апарып қоятынына да сенбейді. Әй, бірақ көзін жұмылғаннан кейін денене қай жерден топырақ бұйырса да бәрібір емес пе?

— Әйелің қай жақтыкі еді? — деді Кенжегүл. Үнінен қызғаныш сезілген. Алпысбай самарқау үн қатты:

— Оңтүстіктен, өзіміз жақтан...

— Осы сендер жақта жанадан түскен келінді құлша жұмсайды деген рас па?

— Қайдағы... жұрттың айтып жүрген сандырағы ғой...

Келін болып түспей тұрғанда Айшагүл де осы сұрақты жиі қойып, бұрттытын.

— Алпыс, сиыр сауа алмаймын ғой...

Өмірінде Айшагүлдің бір рет ғана көңілін қатты қалдырыпты. Бір отырыста көршінің жігітімен билегені үшін Алпысбайдан таяқ жеген. Сонда Құдай-ау, не бүлінді десейші... Кейін ақымақтығы үшін кешірім сұраған... Айшагүл кінәсін кешіргенімен, қол көтергенін Алпысбайдың өзі кешіре алмай қойды. «Әй, тағдыр-ай», — деді күбірлеп.

— Бірдене дедің бе? — деді Кенжегүл.

— Жай, бір ақымақтығым есіме түсіп жатыр, — деді Алпысбай, — марқұм әйеліме жасаған қиянатымды әлі күнге дейін кешіре алмай-ақ қойдым. Қайтесін бәрі де қу арақ пен қызғаныштың кесірі ғой... Кім ойлаған мына бес күндік өмірді жалған деп...

— Таусыма, өтер іс өтті, енді өкінгеннен не пайда? — деді Кенжегүл жұбатып...

Сол бір қарғыс атқыр күні танертен келінінің ащы айқайы оятқан.

— Өккеннен басқа жау келген жоқ, ақшаны сол алды. Арыстан шабаландаған әйеліне еркектік мінез көрсетіп, «не оттап отырсын» деген сөзді айта ма деп үміттеніп еді, керісінше, дауысы жалынышты шықты:

— Қойшы, көкем не істейді сенің ақшанды, өзің бір жерге қойып, ұмытып жүрген шығарсың, — деп ақталады. Алайда аталы сөзге тоқтайтын келіні жоқ:

— Арыстан, — деді даусын қатайтып, — есім орнында, ақшамды өккеннен басқа ешкім алған жоқ.

Бұл жолы баласының үні шықпай қалды. Жүйкесі сыр бере бастаған ұлы бұл жатқан бөлменің есігін жұлқи ашқан.

— Әке, келінініздің ақшасы жоғалып, айқай

болып жатыр, алсаңыз қайтарыңыз, — деді. Жат адам сияқты.

— Балам-ау, ол ақшаны не істеймін, ішіп-жеміме зейнетақымының өзі жетпей ме? — деп еді, екі оттың ортасында қалған баласына жеме-жемге келгенде қойнындағы әйелі жақын болып шықты.

— Әке, сізден басқа ешкім жоқ ғой, — деді «сіз алдыңыз» деген сөзді анық айта алмай, — айтыңыз, ақшаны қай жерге жасырдыңыз?..

Жалған-ай туған баласы ұры санаса оған не айтарсын... Алпысбайдың жанарынан жас сырғыған. Жол сөмкесіне қолына іліккен киім-кешегін салып, вокзалға қарай тартқан. Ынжық ұл «әке қайда барасыз» деген сөзді айта алмай, тұтығып қалды. Қайда барады? «Мойныма бұршақ салып жүріп өсірген Арыстаным едің ғой». «Әй дүние-ай».

Жала мен жалғыздықтан жаны күйзелген қарт ағыл-тегіл жылап келеді. Билет сататын кассаға келген.

— Қызым, мына пойыз қайда жүреді? — деді. Бойжеткен жылы жымиды:

— Өскемен жаққа, ата.

Көрген қорлығы мен теперіші есіне түсіп езілген Алпысбай үнін шығармай қыстыға жылады. «Құдіретті күшті Құдай-ай көрсетейін дегенің көп екен-ау». «Жаратқан-ау, бұлай қинайтының бар екен, Айшагүлдің орнына неге мені алмадың?!»

— Көңілің босап жатыр ма, — деді дәл жанынан Кенжегүл.

— Жай, — деді Алпысбай көзінің жасын сүргіп...


Пештің шытынаған қақпағының саңылауынан көрінген жалынның сәулесі қаракөлнеке үйдің төбесінде ойнайды. Алпысбай жамылған көрпенің етегі ашылған. Кенежгүл қасқырдан қорыққан көкектей бүрісіп, құшағына еніп барады.

— Алпыс, мен саған әбден бауыр басып қалыппын... Кетіп қалмайсың ғой... айтшы «кетпеймін» деп...

Алпысбайдың енді ғана батылы жетіп құшағындағы әйелдің шашынан иіскеді.

— Қайда барамын?..

Қос бейбақтың мұңын сырттағы уілдей соққан ақ түтек боран алысқа әкетіп жатқандай...



**Бекшүкір  
КАРШАЛОВ**

## Музаны аңсау

Естіліп тосын дүбір құлаққа жат,  
Екпіні жан шошытар, бірақ ғажап!  
Түсіме жиі енетін бала кезде,  
Есілген жал-құйрығы бір ақбоз ат!

Сол рух деймін әр кез бірге болса,  
Рақат табар көңіл жырға қанса!  
Оралмай көп күттіріп қойған кезде  
Жүремін бір делқұлы «жынды адамша...»

Тым ұзап кетпеуші едің, сірә, бұлай  
Мазалайды мені осы сұрақ ұдай,  
Құлағыңды қайшылап, оскырынып  
Неден ғана үріктің, пырағым-ай?..

Сағыныштың сарғайтпас жолы кімді,  
Жүрегім аңсап күткен соны ұғынды,  
Жалыңнан тартып мініп, ақбоз атым  
Басайын жырмен бір сәт солығымды...

Бәйге атындай жүйіткіп топта озатын,  
Ер қанаты делінбес текке затын!  
Қайдасың, желдей ұшып жетші маған  
Ай-жұлдыз арасымен, ақбоз атым!

## Тылсым түн

Бұл өзі,  
қандай сезім,  
сиқыр ма ашық?  
Түнімен жата алмадым ұйқым қашып,  
Жүрегім дүрс-дүрс соғар, көңіл ояу  
Тұрғандай тылсым түннен күй тындасып.

Жаярдай алдыма әкеп сырын ғалам...  
Көкте анау сансыз жұлдыз жымындаған,  
Жақындап қалғандай ма олар-дағы  
Тым алыста көрінер бұрын маған.

Түн сырын бұрын мұнша ұғынбағам,  
Ойды бөлер тек, жоқтай тыным да оған,  
Алыстан анда-санда үрген ит пен  
Шегірткенің дауысы шырылдаған...

Ұйқымды десем, шіркін, кім ұрлаған,  
Екен ғой осы тылсым түн ұрлаған,  
Естілер еміс-еміс бір үн маған,  
Секілді құлағыма сыбырлаған...

Шіркін, мына түн еді мақпал қандай,  
Мақпал түнде шалқалап жатқан қандай?!  
Күбірлеймін ішімнен бір өлеңді  
Кілтін сырлы әлемнің тапқан жандай.

## Замана сыры

Дүние-дүрмек, жақсыға құштар  
жан болдық,  
Тірлікте мына, жоқ болдық,  
бірде бар болдық,  
Сәби де болдық,  
бозбала болдық, боз желең  
Жігіт те болдық,  
бір сұлуға, сосын, жар болдық.

Ата дер жастар ақсақал болдық,  
«шал» болдық  
Бота да болдық, атан да болдық,  
нар болдық,  
Тап болып бүгін сұрқия, сұрбет заманға  
Қоғамның қыбын түсіне алмай  
дал болдық.

Уақыт таксыр, заманға ізгі жолықтыр,  
(Мөңке бабамның айтқаны  
бүгін келіп тұр).  
Қазақтың мынау елі мен байтақ жерінің  
Ертеңі қандай болады – бізге соны ұқтыр!

Заманның желі бүйірден  
ұйытқып соғып тұр,  
Өксікке толы кеудемде сұрақ толып тұр...  
Білмекке соны дүниені шарлап кетер ем  
Асан қайғының желмаясы  
керек болып тұр!..

Саңырауқұлаққа ұқсаған  
Сұлбасы жұрттың көмескі...

Таңдандырмас Тәшкенде,  
Адамның ығы-жығысы...  
Жылаған қызда таксиде,  
Бар дейсің кімнің жұмысы?

Қиындық, бәлкім, көрдің бе,  
Тірлікте мынау қым-қуыт?  
Қапасың, қарғам, сен кімге  
Жылайсың неге булығып?

Жанары балықшының жағадағы,  
Міз бақпай қалтқыға қадалады,  
Бар қызық өзеннің сол айдынында,  
Ісі жоқ тіршілікпен қаладағы...

Анхор жатыр мамырлап, жайлап ағып,  
(Ол, шіркін, құяды екен қайда барып?)  
Оқта-текте білдіріп бар екенін,  
Су бетінде шоршиды майда балық.

Қызықтап қарап тұрмын көпір үсті,  
Білмеймін, ерігу ме, не тұрыс бұл?

# ҚАЙДАСЫҢ, КИЕЛІ РУХ – АҚБОЗ АТЫМ?!



*Ташкент дәптерінен*

## Такси және жолаушы қыз

*Ташкентте бүгін жаңбыр  
Толассыз жауар сыңайлы,  
Таксиде бір қыз үнсіз жылайды...  
(Өзбек әуенінен)*

Қоңырқай өңді жас гөзәл,  
Жабырқау неден көңілің?  
Тұнжырап тұр-ау қос жанар,  
Ренжітті екен сені кім?..

Жарасар атлас көйлек те,  
Талдырмаш, нәзік тұлғана.  
Жүзінді бұрып әйнекке,  
Қарайсың сыртқа мұндана.

Сүртесің еппен, бүлінген,  
Көзіңе жаққан сүрмені.  
Ернің де сәл-пәл дірілдер,  
Аңғартар, шіркін, бұл нені?..

Қалғандай түгел тазарып,  
Жол бойы терек-тал, шынар.  
Солардың шайып тозаның,  
Сырғиды төмен тамшылар...

Көліктер жүйткіп, ағылған,  
Тұрады бір сәт кептеліп.  
Толассыз жауған жаңбырдан,  
Асфальт үсті ақ көбік...

Қолына шатыр ұстаған,  
Асығыс бәрін демес кім?

Жағдайға, сірә, бір ағат  
Тап болған, бәлкім, жанбысың?  
Біреуден көріп қиянат  
Тапталған, әлде армысың?

Жылайсың өксіп сен неғып,  
Жаныңды бөгде ұға ма?  
Андаусызда алданып,  
Баттың ба екен күнәға?..

Жетімек пе едің қамкөңіл,  
Тағдырыңа күйінген.  
Өгейлік көріп, әлдебір  
Шықтың ба қашып үйіннен?..

Қыстақта алыс, туылып,  
Жоқ, әлде бұла өскен бе ең?  
Бақытыңды іздеп қыдырып,  
Таппадың ба екен Ташкенттен?..

Жүретін ылғи теңселіп,  
Қонақүй, клуб, би-кеште,  
Ұқсатқым келмес мен сені,  
Жеңілтек, сылқым бикешке.

Себебін болсам сұраған,  
Дерсің бе, менде ісің не?  
Ей, жас гөзәл, жылаған  
Осынау такси ішінде.

## Анхор\* жағасында

Көшенің у-шуынан болып аулақ,  
(Өзеннің арғы беті бәрі бау-бақ).  
Көзім түсті Анхордың жағасында  
Бір кісіге отырған балық аулап.

Қырсығып, балықшының қармағына  
Түспеді-ау бір балық та, өкінішті...

Бұл жағдай өз халімнен бір аумаған,  
Қандай ұқсас десенші мынау ғалам?  
Ұқсаттым оны ақынның кей сәтіне,  
Қиялдың айдынынан жыр аулаған.

## Алтын қазық

*(Толғау)*

Ордасы – бақыт пен күт-берекенің  
Туған жер, босағана тәу етемін!  
Сен болмасаң, шынында, кімге керек  
Өмірде мына менің бар екенім?!

Бесігінде тербеліп мен өскенмін,  
Түлеп ұшқан бір құсың емес пе едім?!  
Алтын ұям, оралдым артқа тастап,  
Өмірдің талай асу-белестерін.

Ел-жұртыммен бірге өмір мен сүрейін,  
Ендігі өз орнымды еншілейін.  
Жат жұртта кетіпті өтіп көп жылдарым,  
Жазықты болған кейбір елшідейін.

Жетуге елге неге қам қылмайын,  
Жат жұртта енді өзімді қалдырмайын...  
Дедім де, бетті түзеп, белді будым,  
Батырлар жырындағы Ер Тарғындайын.

Бірі едім арманы асқақ бөрікті ұлдың,  
Демеспін, жасымда көп желік қудым.  
Ойлаппыз «Мырзашөл\*» өз жеріміз деп,  
Бөгде елде жаман-жақсы көріп білдім.

Қайран ел, қадірінді сен ұқтырдың,  
Әркез мені аңсаттың, еліктірдің...  
Тағзым етіп, боз қырау басымды иіп,  
Алдына бүгін, міне, келіп тұрмын!

Жеттім ғой аңсап, неге толқымайын,  
Сенсіз мына көңілім олқы дәйім...  
Кесесін сол көңілдің босап қалған,  
Ессесін өлең-жырмен толтырайын.

Бәйге ілер бағы бар, не бабы барлар,  
Көзі қарақты көпшілік бәрін аңдар.  
Көрінбей кеткен еді, сол бір ақын,  
Бар екен ғой дер, мүмкін, танығандар...

Шықпасам болды осылай, сірә, есіңнен,  
Жайым жоқ айтар ойы түгесілген.  
Мен де жанның бірі едім, жыр дегенде,  
Кенде емес өз несібе, үлесінен.

Туған жер, айтсам өзің жайында шын,  
Ниятім пәк, кім қалай пайымдасын.  
Айналып тапқан алтын қазығымнан  
Ешқашан деймін енді айырмасын!

\* «Анхор» – өзбек елі астанасындағы өзен.  
\* «Мырзашөл» – Өзбекстанда қалып қойған қазақ жеріндегі аудан аты.



**Арасанбай  
ЕСТЕН**

### Кіріспе

(Ұзынқұлақтан)

– Тәнті қылған әніне,  
Құлан жүйрік термеге.  
Әлгі біздің Әміре  
Бармақ дей ме көрмеге?!

– Еуропа көгінде  
Қалықтатып қыранша.  
Ұлы Париж төрінде  
Сынап көрмек Франса<sup>1</sup>.

Желдей ескен бұл хабар,  
Қайран қылып жаранды.  
Жаналық боп бір сонар,  
Аймаққа тез таралды.

«Жел соқпаса бекерден  
Шөптің басы тербелмес».  
Дәм бұйырып шет елден,  
Жүрмек міне, керуен-көш.

Бетке алып Парижді,  
Шыққан ұлы сапарға.  
Жұлдызқұрты тәрізді,  
Зымырайды отарба.

### Жол үстінде

(Ұлтарак астындағы аманат)

Бойындағы бар талап,  
Сенген асқақ әніне.  
Үлкен үміт арқалап,  
Келеді әнші Әміре.

Қара жұмыс, қол еңбек  
Қалып бәрі кейінде.  
Әнмен нұрға бөленбек,  
Түсіп талқы-зейінге.

Өркениет өнер мен  
Хас талантты таныса.  
Асып-шалқып кемерден,  
Шырқалмақ «Балқадіша».

Жетелеген мақсатқа,  
Ойға бөлер жол қилы.  
Алып-ұшып сан-саққа  
Көңіл, шіркін толқиды.

Жүзу өнер-айдында  
Басты мақсат діттеген.  
Оған қоса мойнында  
Аманат бар жүктеген.

– Мұстафа сол Парижде,  
Қамқор болған талайға.  
Аңду салған әр ізге  
Тыңшылар көп, алайда...

Аса сақ бол, абайла,  
Тәуекелге барыспа.

1. Франция

Ұлт өмірінің мазмұны мен мағынасына айналған айтулы даталы күндер болады. Қазақ халқын әлемге паш еткен сондай ұлы күннің бірі – Әміре Қашаубаевтың осыдан жүз жыл бұрын халықаралық ЭКСПО көрмесінде Париж сахнасынан ән салып, дүниені дүр сілкіндірген күн. «Эйфель мұнарасындағы үшеу» («Қазақ әдебиеті», 27.06.2025) атты мақаласында Қали Сәрсенбай осы ұлы оқиғаның ел көлемінде өз деңгейінде аталып өтуін әңгімелепті. Осы ойды қолдау мақсатында мен де «Ән-Әміре» атты туындымды ұсынғанды жөн көрдім.

Ебін тауып қалайда,  
Осы хатты табыста.

Сәлем де ақ жүректен,  
Табыспен қайт толайым!  
Мұстафа өзі ретпен,  
Келістірер орайын.

Деген сөзі Ахаңның  
Ой түбінде жаңғыра.  
Соңын күтті сапардың,  
Талай танды таңға ұра.

Көңіл тасқын ғаламат,  
Жүрексініп, сассынба.  
Берік жерде – аманат,  
Ұлтарактың астында.

### Парижде

Аманаты Ахаңның  
Көкейінде жаңғыра.

Таппай тосын тенеулер,  
Жандары жоқ шығарға.

Қалың нөпір көрермен,  
Жаудырғанда шапалақ.  
Таңдай қакты Ромен  
«Паһ, шіркін-ай, паһ-палап!»

Асыл жанның зиялы  
Ұмыттырып наласын.  
Кезіп кеткен қиялы  
Байтақ қазақ даласын.

Үзіп алып мақпалдай  
Жүректің бір парасын.  
Жалғастырып жатқандай,  
Париж – Семей арасын.

Құшақ жая үр бағы,  
Әнге айналып күллі мұн.  
Париж ұйып тыңдады  
Адамзаттың бұлбұлын.

Сол мереймен жарасты,  
Оралған-ды шет елден.

### Түнгі тергеу

(Алматыдағы азапты жылдар)

Әр ізінен көрінеу,  
Күдік іздеп астарлы.  
Келісімен еліне  
Азапты күн басталды.

...Қиын сәтте сол аса,  
Сезбес үшін бейпенде.  
Мұстафамен оңаша  
Шыққан еді Эйфельге.

Көзден таса көреген,  
Жерге әкелген табанды ер.  
Үшіншісі – Ромен,  
Француздық қаламгер.

Қылмысынды мойында  
Күнін ойлап өлмеудің.  
Деп оралған бойында,  
Астына алған тергеудің.

Сұрағы осы жаттанды,  
Тергеушінің жексұрын.  
Тапқандай-ақ жат жанды,  
Тепті өзекке текті ұлын.

Болсын дей ме тірі өлік,  
Мәнгүрттенген көр кеуде,  
Күндіз үйге жіберіп,  
Түнде алар тергеуге.

– Айналана тіс жарып,  
Жақ ашсаң жан адамға,  
Дереу қайта ұсталып,  
Атыласың табанда!

Жүрген-тұрған, тоқтаған,  
Әр қадамың аңдулы.  
Бас еркіндік жоқ саған,  
«Тіл»<sup>2</sup> бергенше мандымды.

Деген зәрлі зіркілмен  
Түнгі тергеу басталар.  
– Сыбайласың кім-кіммен?  
Тағы кімдер басқалар?!

Түні бойғы тергеуден,  
Таңға жуық көз ілді.  
Осы сүргін-сергелден,  
Сегіз жылдай созылды.

«Не болады алдағы іс?..»  
Ойлағанмен уайым ғып,  
Театрда – алданыш,  
Күні бойғы дайындық.

«Қыз Жібек пен Төлеген»  
Операсы қойылмақ.  
Озып келген сөреден  
Бұл рөлге лайым бап!

Сахнада ол Төлеген,  
Қылшылдаған бозбала.  
Жігіт болып түлеген,  
«Жібегімен» мәз бола.

Жетіп шіркін, сол шаққа,  
Бет ашса бұл қойылым.  
Ана жансыз найсап та,  
Тыяр бәлкім, «ойынын».

Танып олар мұны ертен,  
Қалар бәрі жабулы.  
Деген күні таңертен  
Денесі өлі табылды!...

Азаптаудан түніге...  
Тума талант тұсалып,  
Ән-ғұмырдың түбіне  
Жетіп тынды үш әріп!..

### P.S.

Бейбіт күнде айналаң,  
Аң да аумап, ел көшпей.  
Тағдырлармен ойнаған  
Заман өткен сенбестей.

...Шейіт болған ұлы ерім,  
Сол аламантасырда.  
Түріп түннің түнегін,  
Жетті міне, ғасырға!

Сақтап әнін, тегін де,  
Рухымен табыса.  
Қазағымның көгінде  
Асқақтар «Балқадіша!»

# ӘН-ӘМІРЕ

(дастан)



Келіп түсті шаһардың,  
Келбет-көркі таң қыла.

Самаладай жайнаған,  
Сән-салтанат келісті.  
Қошаметшіл айналаң,  
Жұмақ дерлік жер үсті.

Сарайлар ақ шағала,  
Көшелері октаудай.  
Алуан сансыз самала,  
Жымың қакқан от қандай!

Ғажап сурет, тосын жай,  
Қыл пернеде ән шертсе.  
Көңіл күймен осындай,  
Келіп кірген концертке.

### Ән-құдірет

Тау толқыны тәрізді үн,  
Бөлектене басқадан.  
Аспанында Париждің  
Әуеледі асқақ ән.

Өршіл әуен бебеулер,  
Өрлеп шырқау шығарға.

Сарай іші сілкініс,  
Қошаметте шек болмай.  
Шапалақ боп сүйсініс,  
Жалғасуда тоқталмай.

Тыңдарман таң-тамаша,  
Тербеткендей Ән-ғарыш.  
Пікірлесер таласа,  
Жүздерінде танданыс.

– Саф алтынға телінген,  
Үнін кетер мың жылға!  
Қазақ ұлын тегіннен  
Тенемепті бұлбұлға!

Деп қысқа да, нұсқа да,  
Ой қорытты Роллан.  
Тарқатқанда Мұстафа  
Әнші жайлы сыр одан.

Өнеріне табынып,  
Көрме Халықаралық.  
Күміс алқа тағынып,  
Танытқан ол даралық.

Данққа бөлеп Алашты,  
Төл парызы өтелген.

– Аяғына бас ұрып,  
«Мәртебелі тақсырдың»,  
Оңашада жасырып,  
Шоқайға не тапсырдың?!

Мырзаңызға елшідей,  
Кім, не берді бұл жақтан?!.  
Айтсаңшы тез, мелшімей,  
Айырылдың ба тіл-жақтан?!

– Бөтен жерде жәрдемші,  
Тілмаш болды ол маған.  
Деген сөзге тергеуші,  
Сенсін қалай оңбаған.

– Ана мырзаң өзінді  
Не кәдемен сыйлады?  
Айт, – деп –  
шындық сөзінді,  
Ұрып-соқты, қинады.

«Басшыңды айт.  
Ол кім?» – деп,  
Әзірейіл қу малай.  
Зікір сала зіркілдеп,  
Шабынады бурадай.

2. Барлаушылар мен тыңшылар тілінде ақпар, мәлімет деген сөз

Мәншүк (Мәнсия) Жиенғалиқызы Мәметова (23 қазан, 1922 жылы Жиенқұм, Бөкейордасы ауданы, Батыс Қазақстан облысы – 15 қазан, 1943 жылы Невель, Калинин облысы, РКФСР) — 100-атқыштар бригадасының пулеметшісі, 1944 жылы Кеңес Одағының Батыры атағын иеленген тұңғыш қазақ қызы. Ол 1922 жылы қазіргі Батыс Қазақстан облысында дүниеге келген. Азан шақырып қойған есімі — Мәнсия. Анасы еркелетіп, Моншағым дей бергеннен, Мәнсияның тілі келмей өзін Мәншүк деп атап кеткен.

Мәншүктің өз әкесі — Жиенғали Мәметов, туған шешесі — Тойылша. Бірақ Мәншүкті 1925 жылы әкесінің інісі Ахмет Мәметов бауырына басады

Ахметтен бала болмаған. Мәншүктің туған әке-шешесі қызы зиялы отбасында өссе, жоғары білім алады, биік шыңды бағындырады деген ниетпен қызын туысының қолына берген екен.

Ахмет Мәметов — Батыс Алашорда жетекшілерінің бірі, жұқпалы ауруларды емдейтін дәрігер. Ахмет Саратов қаласында оқып жүргендіктен, Мәншүкті сол жаққа алып кетеді. Көп ұзамай аласапыран заман басталғанда, Ахмет бірнеше жыл ағасымен хабар алыса алмай қалады.

Саратовта, Маңғыстауда, Орал қаласында жұмыс істейді. Тек 1931 жылы Алматыға келгеннен соң, жылдың соңында бір-ақ естиді: ағасы Жиенғали аштық жылдары отбасымен түгел аштықтан қайтыс болыпты. А.Мәметовтің өзі Халық жауы деп қараланып, 1938 жылы ату жазасына кесілген...

Ахметтің әйелі Әмина Мәметова — Әбілқайыр ханның ұрпақтарының бірі. Атасы молда, әкесі елге сыйлы адам болған, өзі патша заманында әйелдер гимназиясында оқыған, Саратовта аспирантура бітірген, елге келген соң әдебиет пәнінің мұғалімі болып, сол кездегі газеттерге әртүрлі сыни мақалалар жазыпты.

Мәншүктің Алматыдағы өмірі аса жемісті болыпты. Қазақ республикасы астанасы Алматыда Мәншүк жұмысшы факультеттегі оқуын бітіріп, медициналық институттың екі курсын оқып шығады. Мұнда Қазақстан Халық Комиссарлар Кеңесі төраға орынбасарының хатшысы болып қызметке араласады. Ол кезде осы аталған қызметте Төлеген Тәжібаев болған еді. Қайда жүрсе де қазақ баласын оқу мен білімге жетелейтін қазақтың біртуар ұлы Төлеген ағамыз «Жалғыз Рабфакпен қалып қойма» деп оны Алматы Мед. институтіне түсіреді. Әрине, Төлеген ағамыз болмағанда Мәншүк сияқты халық жауы болып сотталып, атылып кеткен адамның қызына Совнаркомның қызметі де, Медицина институты да бұйырмас еді...

1938 жылы Мәншүктің әкесі Ахмет Мәметовті НКВД тұтқындап, ату жазасына кескен еді. Анасы Әмина бүкіл құжаттарда Мәншүктің туған әкесі Жиенғали деп жаздырып, халық жауы деп айыпталған Ахмет Мәметовтің зи-

яны тимесін деп алдын алса да Мәншүк өз бетінен қайтпай, тегін ауыстырмайды. Мәншүк әкесі Ахметтің кінәсіздігіне сеніп, оның адал есімі үшін көп күресіпті. Коммунистік көсем Сталинге үш хат жазып, әкесін ақтауға тырысқан, алайда ешқандай нәтиже шығара алмаған.

Ұлы Отан соғысы басталған кезде, Мәншүк Алматы медициналық институтында оқып жүрді және Совнаркомдағы секретарлық қызметін атқарды. 1942 жылғы тамызда өз еркімен Қызыл Армия қатарына жазылып, Алматыда құрылған 100-атқыштар бригадасының алғашында кеңсе хатшысы және медбикесі болып қызметтер атқарған. Өзі сұранып атқыштар курсына қатысқан. Майданда пулеметтік курста жүргенде мергендігімен көзге түседі, әрине, курсты бітірген соң, қан майданға қатысты.

Мәншүктің соғысқа өз еркімен жазылып баратынына қатты қайғырған адамдар — белгілі қоғам қайраткерлері Т.Тәжібаев, А.Қойшығұлов және С.Баишев екен. Жалпы, Мәншүктің қысқа өмірі мен тағдыры осы аталған кісілерге байланысты болған екен. Олар осынау аса білімді қазақ қызының соғысқа кетуіне, шын мәнінде, қарсы болған. Біріншіден, Мәншүк аса білімді жас маман, Қазақстанның өзінде де ондай мамандар өте тапшы еді... Екіншіден, Совнаркомның өзіне де ондай білімді хатшы өте қажет еді.

Ахметжан Қойшығұлов майданға барарда Мәншүкті Сақтаған Баишевке мықтап тапсырған. Ал С.Баишев соғыс басталғалы 100-атқыштар бригадасының саяси бөлім бастығы (Политрук) еді. Майдандағы дивизия штабтарына Мәншүк сияқты сауатты писарь-хатшы мамандар өте қажет болды. Сондықтан Мәншүк майданда жауынгер емес, штабта кеңсе хатшысы болып қызмет етуге міндетті еді. Алайда батыр қыз Мәншүк майданға қатысқысы келіп, атқыштар курсына сұранады.

Ол аға сержант болып әскери қызмет етті. Ерекше мергендігімен назарға ілінді. Сонда Невель қаласы үшін болған шешуші ұрыста Мәншүк ақтық демі біткенше пулеметтен оқ боратып, қаһармандықпен қаза тапты. Соңғы минуттарына дейін қақтығысып, 70 солдаттың көзін жойған.

Мәншүкке ерлікпен қаза тапса да, Отан үшін жанын қиса да «Совет Одағының Батыры» атағын алу оңай болған жоқ... Соғысқа бір миллионға жақын қыз-келіншектер қатысқан, соның 86-сы ғана «Совет Одағының Батыры». Жоғарыда көрсеткеніміздей Мәншүк майданда 1943 жылы 15 қазанда ерлікпен қаза болған. Ал оған «Совет Одағының Батыры» деген атақ бір жылдан кейін, яғни 1944 жылы берілген. Батыр деген үлкен атақты беру үшін Мәскеудегі басшылар Қазақстандағы билікпен формалды болса да ақылдасатын болған. Сол сияқты әлдеқашан қаза болған М.Мәметова мен басқа да батырларға осы құрметті атақты беру үшін «Қолдайсыздар ма?...» деген сұрақпен Алматыға ресми хат жіберген. Осы кезде Қазақстан билігіндегі адамдар кәдімгідей сасып қалады. Мәншүк күні кеше ғана айыпталып, атылған халық жауының қызы, оны қолдап істі болып қалармыз деп көптеген адамдар қолдаудан бас тартқан...

Мәншүктің әке-шешесін және өзін жақсы білетін Ахметжан Қойшығұлов бұл мәселеге қызу кіріседі. Сол кез-

де ол, Қазақстан компартиясы Орталық комитетінің қорғаныс өндірісінің секретары еді. Нағыз патриот, жалынды қоғам қайраткері А.Қойшығұлов өзінің лауазымды үлкен қызметіне қарамастан, қарсы шыққан адамдарға:

— Жарайды, оның әкесі «халық жауы» болсын делік. Бірақ оның өзі халық жауы емес. Кеудесін оққа төсеп, елімізді қорғаған Совет жауынгері емес

# МӘНШҮК

## Төлеген Тәжібаевтың алғыр шәкірттерінің бірі еді

пе және өз еркімен майданға аттанған қас батыр еді ғой?! Оған батыр атағын бермегенде кімге береміз?» — деп айтып, осы аса көкейкесті мәселені ойдағыдай шешкен еді. Әрине, көптеген қызметкерлер бірдене айтудан қорқы, бұғып қалғанда А.Қойшығұлов осы мәселені, яғни Мәншүкке батыр атағын беруді батыл шешкен еді. Шын мәнінде, ол өз басын қатерге тіккен еді... Оны осы мәселеде қызу қолдаған адамның бірі, әрине, Төлеген Тәжібаев сол кезде Совнарком Председателінің орынбасары еді. Осындай аталарымыздың жанкешті батыл қимылдарының арқасында Мәншүкке батыр атағы берілген еді.

Өмірі қысқа болса да, Кеңес өкіметінің асыра сілтеушілік қанқұйлы саясатының құрбаны болса да, аса жемісті өмір өткізген Мәншүк сынды батыр қыздың тағдырына тікелей қатысы бар Т.Тәжібаев, А.Қойшығұлов және С.Баишев сынды Қазақ елінің біртуар азаматтарымен бүгінгі жас ұрпақты таныстырғанымыз жөн болар.

Төлеген Тәжібаев (1910, Сүткент ауылы, Шардара ауданы, Түркістан обл. — 1964, Алматы қаласы) — ғалым, педагогика ғылымдарының докторы, Қазақстан ҒА академигі (1954), 1935 ж. Мәскеудегі коммунистік тәрбие академиясын, аталған академияның аспирантурасын бітірген. 1938—1940 жылдары ҚазПИ-де кафедра меңгерушісі, 1940—1944 ж. Халық ағарту комиссары, 1944—1957 ж. ҚазКСР-нің Сыртқы істер министрі, 1948—1953 ж. ҚазМУ-дың ректоры, 1957—1961 ж. КСРО-ның Үндістандағы елшісі, 1961—1964 ж. ҚазМУ-да педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарған. Ол педагогика ғылымы саласында Қазақстандағы тұңғыш доктор және академик. ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі II—IV шақырылымдарының депутаты. Еңбек Қызыл Ту, Құрмет Белгісі ордендерімен марапатталған.

Бүгінде Қожатоғай ауылында Т.Тәжібаев атында көше бар, Шардара және Шымкент қалаларында ескерткіш қойылған. Өзі бес жыл ректор болып басқарған қазіргі әл-Фараби атындағы университетте 1991 жылдан бері Т.Тәжібаев атындағы Республикалық этно-психологиялық ғылыми-зерттеу орталығы жұмыс істейді. Осы Орталықты ашқан оның талантты шәкірттерінің бірі — Құбығұл Жарықбаев еді...

Т.Тәжібаев БҰҰ жиналысында алғаш рет ағылшын тілінде баяндама жасаған

қоғам қайраткері. Қазақстанның БҰҰ-ға мүше болуын талап еткен жалынды қайраткер. Себебі ол тұста БҰҰ-ға мүше болған тек Ресей мен Украина ғана еді. Осы мәселе үшін оны Сталин жек көріп Қазақстан Сыртқы Істер министрлігінің штатын қысқартып және Қазақстан Компартиясына бағынатын етіп қояды. Қорыта айтқанда, мүмкіндіктерін мейлінше шектеді. Себебі бұл министрлік

бұрын СССР Сыртқы істер министрлігіне тікелей қарайтын еді...

Ақметжан Қойшығұлов (13 қаңтар 1905 жылы, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы — 17 тамыз, 1983 жылы) — Қазақстанның партия, кеңес қызметкері, 1932 жылдан КОКП мүшесі. 1918—1925 жылдары Қаратөбеде, Ойылда Алаш-орданың кезінде поштада телеграфист болды. 1925—1926 жылдары өз еркімен Қызыл Армия қатарында болды. 1926—1929 жылдары Ойыл ауданы, халық тергеушісі. 1929—1938 жылдары Мемл. сыртқы қауіпсіздік барлау органдарында істеді. 1933—1935 жылдары Ауғанстанда ағылшындардың Шымкентте салынып жатқан қорғасын зауытына арандатуға дайындап жатқан бандыны талқандауды ұйымдастырып, соғыс жылдары жауға атылған он оқтың тоғызын Қазақстан, ал жетеуін сол зауыт қамтамасыз етті. Алты ай Ауғанстанда зынданда жатты. 1935—1937 жылдары Қытайда гоминдан мен компартияның ара қатынастарын түзетіп жапондық интервенттерге бірге қарсы соғысуын ұйымдастырушылардың бірі болды. Екі жыл гоминдан түрмесінде жатты. 1937 жылдың аяғында елге қайтып, Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталып, барлау бағытынан ел ішінде басқару істеріне бағытталды. 1938—1943 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысы аткомының председателі, Қаз. КСР Автомоб. транспорты халкомы, Қаз.КСР халкомсовы председателінің орынбасары және Бақылау халкомы болды.

1943—1947 жылдары Қазақстан К(б) П ОК соғыс өндірісінің секретары. Өте ауыр да қауіпті кезең. Мәскеуге жиі барып Сталин мен Берияның алдында есеп беретін. Екі рет атылып кете жаздаған. Бірінде Лениннің соратнигі А.А.Андреев, енді бірінде Каганович ара түсіп аман қалған.

1942 жылы соғыста жарақаттанған болашақ атакты автоматтың авторы Матайға емделуге келген Калашников депода жасаған өзінің макетін Алматының военкоматына көрсеткенде қамауға алынды. Оны естіген Қойшығұлов Калашниковті қамаудан босатып, бар мүмкіндігін салып, қайтадан дұрыс макетін жасатып, өзі ресми түрде сынады... Калашниковті Самаркандтағы эвуакациядағы артилерия академиясының академигі Благонравовка жібереді. Сол автомат әлі күнге дейін дүниежүзінде теңдесі жоқ... Сонда Калашников 22 жаста, ал Қойшығұлов 37 жаста еді...

Одақтық дербес пенсияға шыққаннан кейінде Д. Қонаев онымен көп кездесіп, жауапты және күрделі мәселелерді ақылдасып отырған. Соның бірі — 1963 жылы тамыз айында Чехословакияда бүлік шығып жатқан кезде, Қонаев үйіне барып: «Брежнев бізден бір әскери құрама сұрап жатыр. Не істеу керек?» — деп кенес сұраған. «Сіздер бұл істі бүгін «интернационалдық борыш» деп



есептейсіздер. Бірақ уақыт өтіп, заман өзгереді. Мұның бәрі қараланады. Сонда Қазақстанға қара күйе болып жағылады, сондықтан бізден құрама емес, тіпті бір адам ол елдің жерін баспау керек», — деп Қойшығұлов тоқтау айтып, Брежневпен телефонмен сөйлесіп, келісімге келеді.

Қойшығұловтың адам танығыштығы, болашақты көргіштігі ерекше еді...

1947–1954 жылдары Қызылорда обл. аткомының председателі, Қаз. КСР Коммуналдық шаруашылық министрінің орынбасары, Қаз.КСР Мин. Советі жанындағы су шаруашылық басқармасы бастығының орынбасары, Қаз.КСР ауыл шаруашылығы министрлігінің көшіру-қондыру басқармасының бастығы. Еңбек Қызыл Ту, I-дәрежелі Отан соғысы, Қызыл Жұлдыз, Құрмет Белгісі ордендерімен және медальдармен марапатталған.

А.Қойшығұлов Алаш өкіметіне жас бала кезінен бастап қызмет еткен. Ол жас та болса аса білімді болғандықтан Алаш өкіметінің Батыс бөлімі Қаратөбеде, кейін Ойылға көшіп келгенде телеграфист болып жемісті қызмет атқарды. Алаш көшбасшылары жауапқа тартылғанда ол жас болғандықтан қара тізімге ілінбей қалған. Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің секретары болып тұрғанда Мәншүк Мәметоваға «Кенес Одағы Батырын» алуға көмектескені үшін «Халық жауының қызына батыр атағын беруге көмектесті» деп Мәскеуге шағымдар түскен... Алайда Мәншүктің шынымен ерлік көрсеткені ескеріліп, А.Қойшығұловты қаралай алмады...

Жалпы, майдандағы ерлік көрсеткен жауынгерлері үшін награда сұрау басқа республикаларда біздікінен бұрын басталыпты. Қазақстан басшылары Мәскеуден «запрос» келмесе өздері ештеңе сұрамапты. Мысалы, Мәлік Ғабдуллин ағамыз Мәскеуді қорғаған 316 дивизияда болып, көп ерлік көрсеткендердің бірі еді. Алайда оның 1942 жылы қаңтар-наурыз айларындағы Новгород аймағындағы майданда көрсеткен ерлігіне бір жылдан аса уақыттан соң, яғни 1943 жылы Кенес Одағы Батыры атағы берілген. Осынау процес Мәлік Ғабдуллин ағамыздың 1942 жылы ауыр жараланып, Алматыға келгеннен кейін

басталғаны ақиқат... Алайда Мәскеу запрос жасамаса біздің басшылар арасында өзі қимылдайтын басшылар бола қоймаған сияқты. Әрине, осы мәселеге қызу кіріскен адам Ақметжан Қойшығұлов екені сол заманның ақиқаты...

Бұған мысал ретінде Бауыржан Момышұлының «Менен басқа батырлардың бәрі Қойшығұлов жасаған батырлар» деген әзіл сөзі шындықты меңзейді...

Сақтаған Бәйішұлы Бәйішев (1.10.1909 жыл, Ақтөбе облысы Байғанин ауданы, Ақжар ауылы, 18.6.1982. Алматы) — қоғам қайраткері, ғалым, экономика ғылымдарының докторы, профессор (1962), Қазақстан Ғылым академиясының академигі (1956), Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1961). 1937 жылы Алматыдағы Марксизм-ленинизм институтын бітірген, 1937–1938 жылдары Қазақстан марксизм-ленинизм ғылыми зерттеу институтының директоры, 1938 — 1941 жылдары «Социалистік Қазақстан» («Егемен Қазақстан») газетінің жауапты редакторы қызметтерін атқарған, осылармен бір мезгілде Алматы жоғары оқу орындарында дәріс оқыған. Ұлы Отан соғысына басынан аяғына дейін қатысқан (100-атқыштар бригадасының, 364-атқыштар дивизиясының саяси бөлім бастығы, Кеңес Армиясы Саяси Бас басқармасы аппаратында жауапты қызметкер болды). 1946–1956 жылдары Қазақстан КП ОК жанындағы Партия тарихы институтының директоры, 1956 — 1968 жылдары Қазақстан Ғылым академиясының вице-президенті қызметімен қатар, Экономика институтының директоры (1963–1967), 1968–1982 жылдары осы институттың бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарды.

Осы жылдары ол елімізде ғылыми кадрлар даярлау, жаңа ғылым салаларын қалыптастыру ісіне елеулі үлес қосты. Қазақстандағы социал-демократиялық қозғалыстың тарихын жазу, марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударып, басып шығару жөнінде үлкен ұйымдастырушылық жұмыстар жүргізді. Оның ұсынысы бойынша Партия тарихы институтында арнаулы аударма секторы құрылды. Мұнда көптеген әлеуметтік-экономикалық ұғымдардың қазақ тіліндегі баламалары тұңғыш рет тілдік айналымға енгізіліп, әлеуметтік-экономикалық әдебиетті ғылыми тұрғыда аударудың негізі қаланды.

Бәйішевтің ғылыми еңбектері Қазақстандағы қоғамдық ұйымдардың тарихын, республика экономикасының даму кезеңдері мен саяси экономика мәселелерін зерттеуге арналған. Ғалым 300-ден аса ғылыми мақала, 7 монография жариялады. Бұл еңбектер сол кезеңмен үндес, республиканың әлеуметтік-экономикалық жағынан дамуындағы шұғыл қажеттіліктер талабына сай келді. Бәйішев Қазақстанның өндіріс күштерін орналастыру, республика еңбек ресурстарын саралау және оларды қоғамдық өндіріс мақсатына тиімді пайдалану, республикада экономика ғылымын дамытудың ірі де келешегі мол бағыттарын тұжырымдаудың көш басында болды.

Міне, осындай ұлы адамдардың Мәншүк секілді батыр қыздың өмірі мен тағдырына қатысы бар еді. «Жаксының жаксылығын айт, нұры тасысын!» деген оймен сөз шығарып отырмыз.

Сансызбай ҚУАТОВ,  
Самат ӨТЕНИЯЗОВ

## МАҢҒЫСТАУДА «ЖАСТАР EQ» ЖОБАСЫ ЖАЛҒАСЫН ТАППАҚ

**2024 жылы Маңғыстау облысы жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының тапсырысымен жастардың психикалық және менталдық денсаулығын нығайту, психологиялық мәдениетін қалыптастыру, эмоционалды интеллектісін дамыту мақсатында «Қолдау орталығы» жекеменшік мекемесі «Жастар EQ» әлеуметтік жобасын іске асырған болатын.**

Биыл аталған жоба жалғасын таппақ. Бұл туралы Қоғамдық коммуникация орталығында өткен брифингте Маңғыстау облысы жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының бас маманы Гауһар Шамқұлова хабарлады. Спикердің айтуынша, өткен жылы жоба барысында маңғыстаулық 20 психолог маман эмоционалды интеллект, суицидология, прафайлинг, дағдарыстық жағдайлар және ата-ана мен бала қарым-қатынасы бағыттары бойынша оқытылды.

— Оқыту аяқталғаннан кейін Ақтау, Жаңаөзен, Мұнайлы, Бейнеу, Түпқараған және Маңғыстау аудандарында жастарға арналған тренингтер мен кездесулер ұйымдастырылды. «Ағартушылар десанты» аясында психологтер мен сарапшылар әлеуметтік жағымсыз құбылыстардың алдын алу мақсатында ауыл-аймақтарды аралап, 18–35 жас аралығындағы жастармен кездесулер өткізді. Сонымен қатар суицид, зорлық-зомбылық және түрлі тәуелділіктің алдын алу мақсатында 40 беттен тұратын әдісте-



мелік құрал әзірленіп, өңірдегі психологтер мен жастар ресурстық орталықтарына таратылды, — деді Гауһар Шамқұлова.

Брифинг барысында «Қолдау орталығы» жекеменшік мекемесінің директоры Милана Елеусінова жобаның биылғы ерекшелігі мен жоспарын атап өтті.

— «Жастар EQ 2.0» жобасы 4 айға созылады. Сол аралықта жастардың кемінде 5%-ына менталдық денсаулық бойынша ақпарат ұсынылады. 20-дан астам психологке 4 компоненттік екі күндік оқыту ұйымдастырылады. Алматы мен Астанадағы жетекші орталықтарға стади-тур өтеді. Барлық аудан-қалаларда психологиялық семинар-тренингтер өтеді. «EQ mangystau\_jastary» және «Sana&Sezim» парақшалары арқылы сапалы контент таратылады. 10 психологтің жеке бренді мен имиджін дамытуға бағытталған менторлық қолдау көрсетіледі, — деді Милана Елеусінова.

## ІШКІ КӨШІ-ҚОНДЫ РЕТТЕУГЕ ҮЛЕС ҚОСАДЫ

«Қуатты өңірлер — ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы аясында халық тығыз қоныстанған оңтүстік өңірлерден еліміздің солтүстігіндегі жұмыс күші тапшы облыстарға қоныс аударушыларды ынталандыру мақсатында әлеуметтік қолдаулар қарастырылған.

Осы орайда «Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін ерікті түрде қоныс аударуға жәрдемдесу» бағытында Түркістан облысында өткізіліп келе жатқан өңіраралық «Қоныс аудару» жәрменкесінің маңызы зор. Биыл көктем айларында облыс орталығы мен Жетісай, Мақтарал және Сайрам аудандарында өткізілген жәрменкеге Абай, Қарағанды, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Ұлытау, Шығыс Қазақстан және Қостанай облыстарынан келген делегация өкілдерімен бетпе-бет сөйлесіп, әлеуметтік қолдаулар қарастырылған мемлекеттік бағдарламалардың қарапайым түрде түсіндірілуінің нәтижесінде 500 отбасы, мүшелерін қоса есептегенде 2000-ға жуық түркістандық теріскейге көшуге ниет білдірген. Осы ретте ішкі көші-қонды реттеуге көпбалалы отбасылар үлкен үлес қосатыны атап өтілді. Жұмыс орнын ұсынушылардың айтуынша, жалпы еңбек нарығында айтарлықтай өзгерістер жоқ, бүгінгі таңда денсаулық сақтау, білім беру, ауыл шаруашылығы, құрылыс, өнеркәсіп, көлік салалары бойынша мамандар тапшы.

Шілденің басындағы мәліметке қарағанда, Шымкенттен солтүстік өңірлерге 65 отбасы қоныс аударған. Жаңа мекенде олар тұрақты жұмыспен және мамандандырылған тұрғын үймен қамтамасыз етіледі. Жауапты органдардың мәліметінше, қазіргі күні қоныс аударушылардың 90 пайыздан астамы тұрақты жұмысқа орналасқан. Қоныс аударған отбасыларға 275 мың теңгеге дейін бір реттік жәрдемақы

және тұрғын үй құнының 50 пайызына дейінгі соманы жабуға арналған сертификаттар беріледі.

Еліміздің жұмыс күші жетіспейтін теріскей өңірлеріне халықты қоныстандыруға бағытталған өңіраралық іс-шара аясындағы жұмыстар Түркістан облысында 2015 жылдан бері жүргізіліп келеді. Облыстық жұмыспен қамту үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы көші-қон мәселелері жөніндегі бөлімінің мәліметіне сәйкес, 2015 жылдан бері Түркістан облысынан 15 589 адам солтүстік өңірлерге қоныс аударған.

Айта кетейік, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі биылғы жылға республика бойынша 7344 квота бөлді, Абай, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Ұлытау және Шығыс Қазақстан облыстары қоныс аударушылар үшін мемлекеттік қолдау көрсететін өңірлер болып белгіленді. Қоныс аударушыларды ынталандыру мақсатындағы әлеуметтік қолдау бағытында бағдарлама аясында қатысушыларға және олардың отбасы мүшелеріне бір рет 70 АЕК (275 240 теңге) мөлшерінде көмек беріледі. Сонымен қатар 12 ай бойы жалдамалы баспана мен коммуналдық төлемдерге арналған жәрдемақы, жұмыспен қамту, ауыл шаруашылығына жер бөлу, жеке кәсіп ашу мүмкіндіктері қарастырылған.

**Авут МӘСИМОВ,**

Қазақстан Жазушылар одағы  
Басқарма төрағасының  
Ұйғыр әдебиеті бойынша кеңесшісі,  
ұйғыр балалар жазушысы

«Бұл — өмір алдамшы екен, жанып,  
сөнетінін сезбеппін...»

Иә, бұл — жыр жолдары академик,  
ғалым, акын Махмут ака Абдрахмановтың қаламынан төгілген сөз маржаны.  
Мен эссені жазуды қолға алғанымда,  
басыма келген бастапқы жыр жолдары  
осы болды. Бойымды әлдеқандай сезімнің  
баурап алғаны ма, әлде талантты акын  
аға рухының құдіреті ме, білмедім.  
Әйтеуір, бір нәрсенің әсері болғаны анық.  
Хизмет ака туралы жазғанымда Махмут  
аканың еске оралатыны, оның жанынан  
ұдайы табылатынынан болса керек.  
Өйткені олар — ұлтымыздың ұлықтары,  
ілім-білім мен әдебиетімізді биік  
баспалдаққа алып шыққан, ұйғыр десе,  
ішкен асын жерге қоятын жандар және  
де екеуі ағалы-інілі, бір ауылдан баяндайлықтар.  
Айтайын дегенім, ағалы-інілі бауырлар  
бұл пәнидің қиындықтарымен бірге күрескен  
болса, қазір бақилықта мұңдасып, бір-біріне  
жанымен жаны қосылып, Құлжа жолын күзетіп,  
әулетінің тірлік-тіршілігін бақылап жатқандай...

Махмут ака өмірінде Хизмет аканың ақылы-кеңесін басшылыққа алып, өзіне ұстаз,  
пір тұтқанын жасырмайды. Бір естелігінде ол:  
«Әдебиетте бейшаралық жараспайды. Сен бұл  
майданға кірдің бе, болды!? Күштілер, дарындылар  
арасынан орын табуға ұмтыл! Тұлпар болуға тырыс!  
Бәйгеге қосылсаң, тұлпарлармен бірге шап.  
Талантсыздар арасында жүріп, «талантты»  
атанғаннан, жүйріктер қатарында болып,  
солардың арасынан табылғанға не жетсін!»  
деп жазды әрі бүкіл өмірін ұстазының жолына арнады.

Мына оқиға есімнен кетпейді. Қазақстан  
Жазушылар одағының жанынан ашылған  
«Арзу» журналы жабылып, оның архив  
материалдарын үйде сақтап қойғаным.  
Бір күні Хизмет аканың «Турпан төвәсиде»  
атты кітабы қолыма түсті. Ішін ашып,  
парақтадым. Қара сиямен абзац-абзац  
жерлерін аямай шимайлап түзетулер енгізіпті.  
«Тоба, мына кітаптың тамтығын қалдырмапты  
ғой, қара сиямен соншама бояп, обал-ай!»  
деп ойладым. Дереву Махмут акаға хабарласып,  
кітап жайын айттым. «Інім, мекен-жайынды  
айтшы! Қазір барамын» деген ол, жарты сағат  
өтпей есігіміздің табалдырығынан атады.  
Кітапты қолына алып: «Мен бұл кітапты  
іздемеген жерім қалмады. Саған рақмет,  
інім. Қажетті жәдігерді сақтап қалыпсың», —  
деп мені қайта-қайта құшақтап, ұзақ тұрды.  
Кейін білдім, бұл — қудалауға ұшыраған  
«Турпан төвәсиде» романының Хизмет аканың  
қайта өңдеп, қысқартқан нұсқасы екен.

Менің сол кездегі әсерлерімнің қаһарманы  
бұл өмірден өткені рас. «Өлгендер арасында  
тірілер, тірілер арасында өлгендер бар»  
деген пәлсапаға сүйенсек, Махмут аканың  
эссенің алғашқы жыр жолдарынан «өткеннің  
де қайта жанатыны» болады. Өшкенді қайта  
жандыру — ашығын айтқанда, тек бүгінгі  
емес, кейінгі әулеттің міндеті, борышы.  
Соны түсінуге біз дайынбыз ба? Ділді қытықтайтын  
намысты сұрақ. Егер біз бұл

сұраққа жауап таппасақ, ожданмызды оятпасақ,  
біздің ұлт болып қалу, тілімізді сақтау,  
әдебиетімізді әспеттейтін баға жетпес  
«Түркий тиллар дивани», «Он екі мұқам»  
сияқты тарихи мұраларымыздан мақрұм  
болғанмыз.

Қазақстандағы ұйғыр әдебиетінің маңдайы  
жарқыраған атакты жазушысы, халқымыздың  
мақтанышы Хизмет Абдуллинді тірісінде көре  
мін деп ешқашан ойламаппын. Мен оның өзімен  
емес, «Жутдашлар» повесі арқылы алғаш мектепте  
оқып жүргенде танысқанмын. Ол былай болған.  
Әр жылы 23 ақпан күні сыныбымыздағы қыздар  
бізді Қызыл армия мейрамымен құттықтап,  
әтір, сабын,

білмеппін. Ол кездесу былай болған.

Мен айтпақшы болған тоғыз қабатты ғимарат  
қазір бар. Өз орнында тұр.

Алматының әлемге әйгілі Көк базарының  
карсысындағы, сол кездегі «Баспасөз үйінің»  
сегізінші қабатында орналасқан «Коммунизм туғи»  
газетінің күнделікті жұмыс режимі ҚазТАГ-тан  
келген ресми хабарларды көз жүгіртуден  
басталады. Кейін оларды реттеп, бас редактор  
Турдахун ака Назаровқа көрсетіп, талқыдан  
өткіземін. Содан кейін бірінші кезекте ресми  
материалдар аудармашыларға беріліп,  
кезекті шығатын газет санының макетіне  
орналастырылады. Сол күні ресми материалдарды

— Долқун, мына жігіт қатырды. Ахметжан,  
Абдукерим, Савуттың ұрпағы ма деп қалдым.  
Бойына қарамай, мені түйеге тенең,  
мұрнымнан сүйреп, саған алып келді,  
— деп мені ишара етті.

Долқун ака да қалжыңды түсініп күлді.  
— Інім, сені танымадым. Кімнің баласысың?  
— деп енді маған сұрақ қойды.

— Химет ака, секретариатқа, Ғайнединге  
көмекші болып келген Авут Мәсимов деген  
жігіт болады, — деп Долқун ака мен үшін  
жауап берді.

— А-а сенің біраз жазғандарыңды оқып жүрмін.  
Жаз, жаз, інім. Сөйтіп жүріп, төселіп кетесің.  
Еңбегіңе де риза боласың, таяқ та жейсің,  
— деп ол

# МӘРМӘР ТАСТАҒЫ

( ЭССЕ )

кітап сыйлау әдетке айналған заман еді.  
Міне, осындай мейрамның бірінде 1967 жылы,  
8-сыныпта оқып жүрген кезде, қыздар маған  
Хизмет Абдуллиннің «Жутдашлар» деген кітабын  
сыйлады.

Газетке, сол кездегі «Коммунизм туғиға»  
(қазіргі «Ұйғыр авазы») Хизмет Абдуллиннің  
повесі, романдарынан үзінділер жарияланғанда  
қысқаша түсініктемелер де бірге берілетін.  
Газет-журналдардың пайдалы жағын сол кезде-ақ  
сезетін едім. Қысқа болса да жазушының өмірінен,  
шығармаларынан хабардар болатынымын.  
Сөйтіп, автордың не туралы жазып, не іспен  
айналысатынын сырттай, ел сөзінен естігеннен  
гөрі ұлттық басылымдардан оқып, көп мәлімет  
алушы едім. Кейін оқу дедік, жұмыс дедік,  
үйлендік, бала-шаға дедік, бірақ кітап оқудан  
бас тартпадық. Ол кезде телевизор жоқ,  
қазіргідей айфондарды түсімізде де көрмеген  
заман болатын.

Жоғары оқу орнында оқып, қалалық та  
болып алдым. Алматыға көшіп келгеніме он  
жылдан асса да, әртүрлі жұмыс орындарында  
істеген, оқуға түсіп, білімімізді шындаған  
жылдары да Хизмет аканы көрмеген де,  
кездестірген де едім. Кейін Қазақстан  
Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің  
«Дәуір» баспаханасынан ұйғыр халқының бірден-бір  
ұлттық айнасы «Коммунизм туғи» газетіне  
ауысып, қызмет істеп жүрген күндердің бірінде  
Хизмет ака Абдуллинмен кездесуді пешенеме  
жазыпты.

Кезінде Хизмет акамен жиі араласып,  
бір дастарқаннан дәм татқан кәсіптес ағаларым  
ол туралы бірде күліп, бірде қызынып сөйлейтін.  
Олар — Сейітахун Мәшуров, Туғлуқжан Талипов,  
Камал Асамдинов, Һезиз Һезимов, Ваһит Мәнсүров,  
Һезим Бәхнияз, Мәхсүт Норузов, Хелил Һәмрә,  
Нәсирдин Мәнсүров, Веләм Бақиев... Арасында  
Хизмет ака сияқты Ұлы Отан соғысына қатысқан  
құрдастары да жетерлік. Қысқасы, «Коммунизм туғи»,  
қазіргі «Ұйғыр авазы» газетінің алғашқы ардагерлері,  
баспасөзіміздің бетке ұстарлары даңқты жазушы  
туралы сағаттап ғажайып қырларын сөз ететін.  
Сол күндерді ойласам, оның әзілдері бүгінгі  
адамдардың кейіпіне келетініне қайран қаламын.  
Алайда бір кемшілікті айтпау мүмкін емес.  
Бүгінгі сөйлеушілер сол кездегі қызық оқиғаларды  
айтып жүргенімен, оның иесі Хизмет Абдуллин  
екенінен хабарсыз, өздерінің сөзіндей етіп  
айтатыны.

Уақыт зымырап өтіп жатыр. Жазушыны көрген,  
араласып сұхбаттасқан аға буынның да саны азайып  
барады. Осы олқылықтарды түзету ниетінде мен  
өзімнің басымнан өткерген оқиғаны, көргенім мен  
естігенімді еске алып, жазушы туралы жазуды  
жөн көрдім. Әдебиетіміздің көшбасшысы Хизмет ака  
Абдуллинмен тар, қараңғы дәліздегі сол кездесу  
алғаш әрі ақырғы екенін ол кезде

алдым, бас редактордың кабинетіне бет алдым.  
Сегізінші қабатқа көтерілетін лифт редактор бөлмесінің  
карсысында. Қабылдау бөлмесі есігінің тұтқасына  
енді көз соза бергенімде, лифт есігі шықырлап  
ашылып, ішінен ұзын бойлы, бұйра шашты,  
қара көзәйнек киген кісі шықты. Мен келген  
кісіге емес, лифтің шықырлап ашылғанына қайран  
қалып, сол жаққа назар аударғанмын. Өйткені лифт  
әр кезде дыбыс шығармай ашылатын. (Лифт  
Хизмет аканың салмағын көтере алмады ма,  
білмедім?! Бұл ойдан қазір де арылған жоқпын).  
Лифттен шығар жердегі әрқашан жанып тұратын  
лампа күйіп кеткен бе, қараңғылық орнаған.  
Жарық жерден қараңғыға тап болған кісі бағытынан  
адасып, мойнын созып, жан-жағына қарады.  
Сол жақтағы «ЙеңиҺаят», оң жақтағы «Коммунизм туғи»  
газетінің бөлмелері орналасқан дәлізде қайда  
барарын білмей тұрып қалды. «Редакцияны  
білмейтін, ауылдан келген адамға ұқсамайды.  
Жәрдем керек шығар» деп ойлап, бас редакторға  
кіретін өз ісімді кейінге ысырып, оның жанына  
бардым. Қою бұйра шашы құдды ұлы орыс халқының  
ақыны Александр Пушкинге ұқсайтын кісі, тіл қатпастан  
қолын созды.

Үлкен кісінің бірінші сәлем бергеніне ыңғайсызданып,  
оның қолын алдым. Кішкентай қолым оның  
алақанына сүнгіп, үңгірдің ішіне кіргендей сезіндім.

Ол адам қолымды алып тұрып, басын төмен  
иіп, маған сынап қарады. Кітап, газет беттерінен  
суретін көріп жүрген Хизмет аканы бірден таныдым.

—Інім-ай! Түс кезінде үйден шығып едім,  
кеш кірген бе? Мынаның іші не болып кеткен?  
Мен Алматыдан Нью Йоркке келдім бе? — деп  
сұрады салмақты үнмен.

Алдымда есімі баршаға мәшһүр, ұлтымыздың  
мақтанышы, Хизмет Абдуллин тұр. Менде үн жоқ.  
Ол тағы да үн қатты.

— Осы редакцияда өңкей сөзуарлар жұмыс  
істеуші еді. Не, сен мылқаусың ба? Жоқ, мен  
сияқты келгендісің бе? Қайда біздің жазғыштар?

«Жазғыштар» дегені жазушылар дегені шығар.  
Келгенді дегені не екен! Сырттан келген кісісің  
бе? — дегені болар.

— Кешіріңіз, Хизмет ака, мойныңызды созып,  
түйе сияқты ана жаққа бір, мына жаққа бір қарап  
тұрған сон, көмегім керек шығар деп, алдыңызға  
келдім, — дедім.

— Әй, інім, мойныма жақсы теңеу айттың.  
Қане енді жол көрсет! Мені әдебиет бөліміне,  
Долқун мен Савутқа алып бар? — деді күліп.

Ол кісінің күлгендегі мәнісін кейін, Долқун  
Ясинмен құшақтасып, амандасып, өзара сөйлескенде  
түсіндім.

Долқунға қарады.

Аты-жөнімді біледі екен. Жазған дүниелерімді  
де оқып жүр. Одан артық бақыт бар ма мен үшін.  
Бірақ жазғандарың жақсы не жаман деген жоқ.  
Ойымды Хизмет аканың сөзі бөліп жіберді.

— Осындай жастарға көз қырларыңды салғандарың  
дұрыс, Долқун. Бұлар — біздің келешегіміз,  
бұларды тәрбиелеу керек. Малға да жем беріп  
бақсаң, сүт, ет береді ғой. Сол сияқты бұларға да  
кеңес беру керек. Әдебиетіміздің, ұлтымыздың  
ізбасарлары осылар, — деп сөйлеп тұрғанда,  
бөлмеге әдебиет бөлімінің тілшісі, акын Савутжан  
Мәметқұлов кіріп келді.

— Уә, бәллі, Жаркенттің жарық жұлдызы бармысың?  
— деп ұзын бойлы Хизкең аласа бойлы Савутжанды  
құшақтап, иілген бойын түзеп, тік тұрып еді,  
ақынның екі аяғы жерге тимей салбырады да қалды.

— Хизмет ака, жіберіңіз, Савутты асып қоясыз ба?  
Буынып өлетін болды, — деп, Долқун ака ішек-сілесі  
қатып, күліп жатыр. Акасының құшағынан босаған  
Савут:

— Тенеспеген заман деген — осы. Біреуге  
Құдайым шаш пен түйедей бой береді, біреуін  
мен сияқты барлығынан жұлдай етеді. Бұрынғы  
замандарда күнәһарларды өлім жазасына тартқанда  
түйені пайдаланады екен. Шөккен екі түйенің  
өркешіне ағаш қойып, арқанды іліп, дөңгелектеп  
байланған ұшын жазаланушының мойнына іледі.  
Түйені тұрғызғанда, ана байқұс асылып өледі,  
— деп күлді.

— Долқунға рақмет айт! Жалынып сұрамағанда  
асылып қалар ма едің, — деп ағасы інісінің  
арқасынан қақты.

Олардың қалжың сөздерінен, жылы жүздерінен  
бір-біріне деген құрмет, сыйластық, мейірім айқын  
аңғарылып тұрды. Олар жандарында менің бар-жоғымды да  
ұмытқандай. «Менің ендігі керегім жоқ шығар,  
одан да өз ісімді жалғастырайын» деп есік жаққа  
беттей бергенімде, Хизмет аканың бұйыра сөйлегенін  
естіп, тұрып қалдым.

— Ей, жігіт. Мен сенімен сөзімді аяқтаған жоқпын.  
Рұқсат сұрамай, қайда кетіп барасың?

Маңдайымнан тер бұрқ ете түсті. «Абайсызда  
жат қылық көрсеттім бе? Қарт қаламгердің қаһарына  
іліктім бе?» деп ойладым. Ол:

— Мына сенен жасы үлкен Савут келген сон,  
оны күттірмей бауырыма басып, көрістім. Айтпағым,  
бағана маған жол көрсетіп, есік ашып бергенін,  
маған құрмет көрсеткенің нені білдіреді, білесің  
бе?

Хизмет ака сұрақ қойып, жауап бергенімді күтпей:

— Таңғалып тұрғанына қарағанда, білмейсің.  
Білмесең айтайын. Ол — өзіне есік ашқаның,  
өзінді құрметтегенің. Бүгін сен мені, үлкендерді  
құрметтесең, ертең саған жастар есік ашады.  
Бұл — өмір

заны. Осы есінде болсын! Жарай ма? Болды енді жүре бер! – деп ол Долкун мен Савутжанға қарап бұрылып, сөзін жалғастырып кетті.

Қаламдастарды оңаша қалдырып, сыртқа шықтым. Хизмет акамен осы, соңғы рет кездескенімді мүлде ойламаппын. Бүгін бұл кездесу естелік болып есте қалған күнге айналды. Өйткені арада біраз уақыт өткенде, 1986 жылы 61 жасында Хизмет Абдумуталипұлы бізді тастап, пәниден бақиға кеткен еді. Естуімше, ол аты жаман ауруға шалдыққан екен.

Хизмет ака сөзге шебер болған деседі. Ауырып жатқан күндердің бірінде

–Токтандар мен келдім, мен де түсіп қалайын,– деп асығып орын іздеген оны Хизмет аға токтатып:

–Ей, Қалмұхан, сен алысқа барма, менің жанымда тұр. Суретті көргендер сені Хизметтің кеудесіндегі медалі екен деп ойласын, – деп қалжындайды. Сапта тұрған Бауыржан Момышұлы, «Қатырдың Хизеке» деп, бас бармағын көрсетіпті.

Эссені жазу кезінде Хизмет аканың өмірбаянымен де таныстым. Мәліметтерді интернеттен де таба аласыз. Өткен жылдардағы естеліктер бүгінгі жаңа шыққан газет бетінде қалса, ертеңгі жастарға, кейінгі әулетке пайдасы тиіп

*Және үйреттім тірлік сырын балаға.  
Тастақ, құмды қиялардан өрледім,  
Қиындықтан сүріндім де, жығылдым.  
Елім үшін аянып мен көрмедім,  
Жоқтықтан да, аштықтан да бүгілдім.  
О, жан досым! Ренішім жоқ жалғанға,  
Жығылып та, кейде жығып*

*жүрдім мен.*

*Таяқ тиіп, жарақат алып қалғанда,  
Жер-анадан шипа алып тұрдым мен.  
Абзалы сол, көштен қалмай келемін,  
Жүгім ауыр, жолым алыс, бауырым.  
Ақиқаттың биігінде өлемін,  
Жеңілмеймін жерге тимей жсауырым.  
Ақырында бір қияда қалармын,*

# ЖЫР ЖОЛДАРЫ



жазушы досы Камал Асаудинов көңілін сұрап келеді. Ол кісі жазушылықтан басқа халықтық емшілікпен де айналысады екен. Әңгіме арасында ол Хизмет акаға:

– Досым, өзің білесің, менің халық емшілігінен хабарымның бар екенін. Осы сенің ауруыңа көдектің зәрі ем деседі. Бәлкім, соны пайдаланып көрерсің,– деп кеңес беріпті.

Дерттің зардабынан қиналып жатса да, досының сөзіне «жоқ» демепті. Ренжімей жымып:

– Досым, кеңесіңе көп рақмет! Өзің соны пайдаланып көрдің бе? Әуелі өзің ішіп көр. Егер бетіндегі ойық жоғалып кетсе, мен де ішейін,– депті.

Сыйластық пен мейірімге толы құрмет ізеті сақталған қалжың емес пе!?

Қазақ қаламдастарымен жиі араласып жүретін Хизмет ака бір күні жазушылармен суретке түсу үшін жиналыпты. Фотограф бойы аласаларды алдыңғы, ұзындарын артқы қатарға орналастырып тұрғанда, Қалмұхан Исабаев келіп қалады. Оның бойы аласа, басында шашы жоқ екен.

қалар деген ниетте қағаз бетіне түсіруді өз міндетім деп ойлаймын.

Хизмет Абдуллиннің Құлжа жолындағы қабіріне барғанда мәрмәр тасқа ойып жазылған мына жыр жолдарын әркез оқитын едім. Ол:

*О, жан досым! Ренішім жоқ жалғанға,  
Жығылып та, кейде жығып*

*жүрдім мен.*

*Таяқ тиіп, жарақат алып қалғанда,  
Жер-анадан шипа алып тұрдым мен.*

Ақын өзі жайлы жазылғанын біліп тұрса да, мен үшін аяқталмағандай сезілетін. Хизмет аканың кітаптары қазір дүкендерде жоқ. Сондықтан толық нұсқасымен танысу үшін интернетті пайдаландым. Рабик ака Исмаиловтың «Уйғур авазы» газетінде жарияланған бір мақаласында он екі жыр жолдары келтіріліпті. Кейін Махмут ака Абдурахмановтың кітабынан жиырма жолын оқыдым. Ол «Тәң йол» атты өлеңі екен. Сіздер де оқып, біліп қалыңыздар!

*Жолым сонау басталғандай өткеннен,  
Еңбек еттім ойлы-қырлы далада.  
Арық қазып, тәлім алдым кетпеннен,*

*Кейінгілер өткен күнді білсін деп,  
Жаратқандай таудай биік болармын,  
Қырандарым самғап ұшып жүрсін деп.  
Ақиқаттың биігінде ...*

Мұнымен Хизмет ака не демек болды екен? Иә, сабыр, ынсап, пейіл деген нәрселер сол заманда да болмаған ба? Солай сияқты. Бүгін де сол ахуал. Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Абайдың дана сөздерін оқып, ділге құйып тұрса да құлақ асып, ынсап, иман, сабыр, достық, бірлік сөздерге амал жасайтын зиялыларымыз ұсақталып кетті. Мәрмәр тасқа жазылған төрт жыр жолынан жазушының тартқан азаптарын, ауыртпалықтарын білу қиын емес. Енді 16 жыр жолын оқығаннан кейін ақын-жазушы өмірінің қалай өткенін білуге болады.

Х. Абдуллин 1925 жылы 10 қазан күні Алматы облысының қазіргі Еңбекшіқазақ ауданына қарасты Баяндай ауылында дүниеге келген. Ташкентте ауылындағы қазір өзінің атымен аталатын мектепке он шақырым жолды жаяу жүріп, жеті жыл қатынап оқып бітірген. Өлеңдегі алғашқы жолы және сол жол жайында айтылғаны анық. Қазір сол жолмен жиі жүретін болдым. Астымда машина, жана кітаптар баспадан жарық көрген кезде оқушыларға тарату ниетінде Хизмет ака атымен аталатын мектепке және жазушы туған Баяндай ауылының жұртына әрдайым жолығып тұрамын.

Хизмет ака 1943 жылы Армия қатарына шақырылып, жапон басқыншыларына қарсы соғысқа қатысып, 1950 жылға дейін жауынгерлік қызметте болды. Әскерден келген соң, Алматыдағы жанадан құрылып жатқан «Йеңиһаят» журналына жұмысқа орналасады. Абай атындағы Қазақ мемлекеттік институтын сырттай оқып, бітіреді. Ал 1958 жылы Қазақстан көркем әдебиет, кейін «Жазушы» баспаханасында редактор, 1962 жылы «Коммунизм туғи» (қазіргі «Уйғур авазы») газетіне ауысып, бөлім менгерушісі болып қызмет етеді. Одан соң Қазақстан Жазушылар одағында Ұйғыр секциясын басқарумен қатар, әдеби байланысты нығайту бөлімінде кеңесші болады.

1954 жылдан КСРО Жазушылар одағының мүшесі Х.Абдуллин сол жылы КСРО Жазушыларының ІІ съезіне Мұхтар Әуезовпен бірге делегат болып қатысады. 1957 жылы академик-жазушы Ғабит Мүсірепов басшылығындағы Қазақстан делегациясының құрамында Шыңжаң Ұйғыр Автоном районында болып, көптеген тарихи жерлерді зиярат етеді. Зия Сәмәдий, Тейипжан Илиев, Бұқара Тышқанбаев, Абдулқай Розимен танысады. Қазақстандағы ұйғыр әдебиеті 50-жылдардың бірінші жартысында қайтадан өрлеу дәуірі басталғанда Хизмет ака алғашқылар болып, ата жұртка, Отанға махаббатпен суарылған өлеңдерін жазады. Бара-бара өлеңдерінде эпикалық жанр жанданып, «Анайәт», «Давутжан»

поэмаларын дүниеге әкеледі. «Дидар ғенимәт», «Көңүлдә қалмисун арман» атты өлең топтамалары оның ақындық асқардан көрінгенін дәлелдейді.

Хизмет Абдуллин поэзия мен проза жанрында да қалам тартып, 1954 жылы алғашқы «Гүлстан» повесі жарық көреді. Одан кейін «Турпан төвәсидә», «Жутдашлар», «Тәғдир», «Отлук чәм-бәр» романдары, «Бенакарлар», «Һәк егиләр, сунмас», «Муһажирә», «Қиранлар», «Дилкәшләр», «Жухаза», «Айдин булакәвлияси» атты басқа да ондаған әңгімелерімен оқушыларға таныс. Бұл біздің соғыстан кейінгі әдебиетіміз еді.

Көркем сөздің шебері әртүрлі жанрларда қалам тартты. Мысалы, «Яр-кәнт наваси», «Лутпулла», «Шавқун», «Чинтөмүр батур» пьесаларын жазып, ұйғыр театр сахнасына алып шықты. Жазушы бұл туындыларымен ұлттық сөз өнерінің мәдениетін биік белеске шығарып, реалистік шынайылығын, көркемдік дәрежесін арттырды. Жан-жақты талант иесі аудармаға да көңіл бөліп, ұйғыр оқырмандарын орыс әдебиетімен таныстыру үшін М.Лермонтовтың үш поэмасын, А.С.Пушкиннің «Цыганы» поэмасы мен бірнеше өлеңдерін, Л.Толстойдың «Севастопольские рассказы» кітабын, Р.Тагордың хикаяларын, Д.М.Фурмановтың «Чапаев», М.Исаковскийдің «О поэтическом мастерстве» кітаптарын аударды. Өзінің кітаптары да қазақ және орыс тілдеріне тәржімаланды.

Өз кезінде Хизмет Абдуллин көрнекті қазақ жазушылары – Ғабит Мүсірепов, Тахауи Ахтанов, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Сафуан Шаймерденов, Қуандық Шаңғытбаев, Хамит Ерғалиев, Шөмішбай Сариевтің кітаптарын ұйғыр тіліне аудару арқылы, олардың шеберлігі туралы публицистикалық мақалалар жазып, ұлтаралық достықтың беріктігін одан әрі шыңдай түсті.

Ол туралы қазақ қаламдастары көп пікірлерін жазып, қалдырған. Мәселен, Қабдеш Жүмәділов: «Хизмет Абдуллин – жай жазушы емес, өмір мен өлімді түсінген үлкен философ... Ол өз өмірінің нүктесін қалай тауып қойғанын қараңдаршы! Адамның кім екенін оның өмірімен емес, қалай өлетінін білуімен өлшенсе керек. Оның мәңгі мекені жанынан машиналар тоқтамай өтіп тұрады. Бейіттің қасынан өткен мұсылман адам дұға жасап өтеді. Мұндай құрмет иманды адамдардың пешенесіне жазылған...».

Ал Ахмет Жүсіпов болса: «...Ұйғырдың жан-жақты жетілген, бойына табиғат бар байлықты аямаған бұл ақын-жазушы, біздің асыл досымыз Хизмет Абдуллин бізден қанша ризашылық көрсе, бізді де сонша риза ететін еді...» деп ризашылығын білдіреді.

«Хизметтің «Яркәнт наваси» повесін оқып шыққаннан кейін мен оған өз пікірімді айтқанмын. «Ұйғырлар ежелден ән-саға бай халық. Олар өмірге «Он екі мұқам» сияқты әлемде теңдесі жоқ қазына әкелген. Сен болсаң, бұл повесінде ұйғырларға саз үйретуге келген бір орыс адамын мадақтайсың. Оны Жаркенттегі балаларға ұстаз етіп көрсетесің. Саз тартуды үйрететіндей бір ұйғыр табылмады ма, не?» – дедім. Ол нағыз интернационалист болған соң жауап қатпады. Бұл – қазақ, бұл – ұйғыр, ал анау – орыс деп бөлуді білмейтін әділ жазушы еді...» деп жазады жақын досы Сафуан Шаймерденов.

Эссені танымал ақын Абдумежит Дөләтовтің сөзімен аяқтамақпын. «Ол өлгенмен, тәні жерге көмілгенмен, рухы біздің төбемізде айналып жүр. Сондықтан біздің келешекке деген үміт-сеніміміз ешқашан өлмейді. Ал Хизмет аканың асқар рухы бізді қашанда қолдап, қолқанат болғаны, болған. Бұл сөзге менің алып қосарым жоқ.

## ТЕРЕҢ ДЕ КҮРДЕЛІ ТҰЛҒА ЕДІ

Лирикалық жырлары мен әндері арқылы жастайымыздан атына қанық болған ақынмен тоқсаныншы жылдардың ортасында танысып, ширек ғасырдай аға мен іні, армандас азаматтар ретінде сыйласа, сырласа сұхбаттасқан әр сәтте Исраил аға әлемінің алуан бояулы, қатпар мазмұнды, сезім мен сана бірде қанаттасып, бірде қайшылыққа түсетін тұңғық екені сезілетін.

Өмірде де әдебиетте де үзеңгілес інісі болған лириканың тағы бір ғажап өкілі Ибрагим Исаев екеуімен бірге болған сәттерде олардың ұқсастықтарымен қатар ерекшеліктері де айшықталушы еді.

Өмірден ерте кеткен Ибрагим аға тұлғабойы елжіреген таза лирика болатын. Өзінен үлкен Исраил аға, Құман аға Тас-танбеков, Кеңес аға Дүйсекеевтерге інілік ерекше ізетпен, інілерге шуағын шашар жылылықпен лебізін білдіргенде, еріп кетердей елжірегенде тұлғалық болмысы да тұнған сезім, лирика екені көрінетін.

Ал елжіреген жүрегімен егіз емендей берік дінгегі, нәзік сезіммен арпалысқан терең дүниетанымы тарихи құбылыстарға да, ағымдық үдерістерге де берген бағасынан көзге ұрып тұратын Исраил ағаның кейбір сәттерде салқынқанды ойшылдығы, тәуекелшіл қайраткерлігі нәзік лирикасынан басым тұратын.

Кезінде саяси-экономикалық бағдарламамызға қысқа да нұсқа ат қою керек болғанда мәтінді оқысымен Исраил ағаның «Уәде бітпейді, уақыт күтпейді» деп бағдарлама мазмұны мен өзегін дөп басып таңғалдырғаны осының бір жарқын көрінісі еді.

Алматыда тұрғанымда реті келгенде қаламгер ағаларымызбен бильярд добын да домалататынбыз. Ибрагим, Исраил,

Қажытай ағаларымыздың мергендігі бар еді.

Исраил ағамыздың ерекшелігі Кейкі мерген секілді ұзақ көздемей ататын. Ал кейде бір қолмен ғана ұрып дөп тигізетін. Ойындағы осы ерекшеліктері де күрделі тұлғасының сыртқы көрінісіндей еді.

Төрегелді Шарманов секілді Исраил ағамызбен қатынасымызда әзілдің де өзіндік орны болды. Екі ағамыз да жарасымды әзілдің жасампаз әлеуетін бағалай білетін. Екі жыл бұрын Жүсіпбек Қорғасбектің «Үркер» бағдарламасы Исраил Сапарбайдың шығармалығына арналып, ақын, қайраткер Қазыбек Исамен бірге бағдарламаға қатысып, шыққан соң бәріміз Төрегелді Шарманұлына сәлем беруге бардық. Сол жерде де әдеттегідей терең тақырыптармен бірге әзілге де кезек беріп, жақсы отырыс болған еді.

Сол маслихат жақсы ағаларымның бір-бірімен соңғы кездесуі болған екен. Былтыр Төкең мәңгілік сапарына аттанғанда мен Тбилисиде едім. Қайғылы хабар жетсімен ұшаққа билет табылып, топырақ салуға үлгердім. Жолай Исраил ағаға да хабарлағанымда өзі де науқастанып жүрген ағамыз телефонмен көңіл айтқан еді.

Содан кейін менің бір сұхбатымды көрген соң телефон соғып, ризашылығын білдірді. Енді, міне екі күн интернеті жоқ жерде жүргенімде Исраил аға да мәңгілік сапарына аттанды.

Өзінің тұңғық та ғажап әлемін қалыптастырып, адамзаттың ұлы көшінде өшпес із қалдырған жақсы ағаны сағына, қамыға еске аламыз.

Жаны жәннатта, иманы саламат болсын!

Әлихан БАЙМЕН

## ЖҮРЕГІМІЗДЕ АСҚАҚ СЕЗІМДЕР МЕН МӘҢГІЛІК МҰРА ҚАЛДЫ

Биыл. Аз уақытта. Тұтас дәуір көшті. Бір кезеңнің адамдары, теңтұс болған соң ол заңдылық та шығар. Олар алыптар дәуірін қалыптастыра алды. Мұхтар, Дулат, Мекемтас, Әкім, Темірхан ағалардың қатарына Исраил аға да қосылды. Бәлкім, арғы дүниеде де олар бірін-бірі толықтыруы үшін құдіретті күштен осындай «пәрмен» болған шығар... «Аға, осы рас па? Шәмшінің бір кезде таборға ілесіп кеткені рас болған ма? Күні ертең басымызға бөле болмай ма бұл?» — деп сұрадым әйгілі «Сыған серенадасының» авторынан. «Бекжан, менің басым екеу емес қой». Исраил ағамның жауабы осы болды.

Аңызға бергісіз оқиғаның өтірік-шынына бас қатырып қайтеміз, бастысы — көрерменнің жалықпай көретін сүйікті қойылымына айналғаны.

Поэзияда лирикалық образдар мен сырлы туындылар арқылы ерекше із қал-

дырған Исраил аға ұлы әдебиетіміздің кең тынысын ашып, жүректі тебірткен сырлы сөздің ғана емес, лирикалық әндердің де авторы еді. Оның суырылып шығатын нәзік сезімді лирикасы көпшілікке өзін қайта табуға сеп болды. Әр өлеңі — жүректің үні, әр сөзі халықтың сыры еді. Өзінің кештері болатын кезде айтатын, арнайы шақыратын. Қашанда жұп-жұмсақ қалпымен ән айтып кетуімді өтінетін. Гастрольде болмасам, бармай қалған кезім жоқ екен. Көңілге осы да жұбаныш... Жаратқанның сызығынан ешкім аттап кетпейді. Қолымнан келер құдірет болса, игі жақсылардың тез арада қазақты бірінен кейін бірі тастап кетпегенін, аялдай тұрғанын, арамдызда жүре беретіндей етер едім ғой. Амалым қанша? Біз бар болғаны пендеміз. Сізді ақырғы сапарға шығарып салып, жүрегімізде асқақ сезімдер мен мәңгілік мұра қалды. Қош, аға...

Бекжан ТҰРЫС

## АБЗАЛ АҒА

Ақын өмірден озғанда жүрегің сыздайды, жаның мұздайды. Неге десеңіз, бес күндік мынау жалғанда тіршіліктің көленкелі тұстары да, қоғамдағы түрлі келеңсіздіктер де, барлық жайсыз жайт ақын жүрегі арқылы өтеді. Мүмкін, бұл жаны нәзік, қиялы үшқыр, ойы терең ақынның соның бәрін жанына жақын қабылдайтындықтан да болар.

Ақын шығармаларына арқау болған елдік, ұлттық мәселелер оның ой-санасында пісіп-жетіліп, түн ұйқысын қашырып, күндіз жанын жегідей жеп барып, өлең болып ақ қағазда өрілгенше сезімтал жүрегі қаншама қиналысқа түседі десеңізші!

Қазақстанның халық жазушысы, Түркі поэзиясы фестивалінің, Қазақстан Жазушылар одағының І.Жансүгіров атындағы сыйлығының, Тәуелсіз «Платиналы Тарлан» сыйлығының лауреаты Исраил Сапарбайдың өмірден озғанын естіген сәтте осындай ой кештім.

Нұрлан ҚАЛҚА

## ТАРЛАН АҚЫННАН АЙЫРЫЛДЫҚ

Исраил ағамыз бұл дүниеден озғанын кезекті еңбек демалысында жүріп естідім. Жүрек шым етті. Жақсы сыйласқан, бірнеше сапарға бірге шыққан ақкөңіл, елпідеген ағамыз еді.

Ақын ретінде өзін әбден мойындатқан тұлғадан айырылды. Біз студент болып жүргенде шыққан «Қызыл-жасыл дүние» атты кітабы арқылы танысып едік. Өзімен танысқанымызға да қырық жыл болыпты. Біздің толқынға шын жанашыр аға бола білді. «Қазақ әдебиеті» газетінің поэзия бөлімінің меңгерушісі болып жүргенінде қамқор болып, өлдерімізді жариялады. Кейінгі жылдары Ибрагим Иса аға үшеуіміз кездесіп, апта сайын тастаяқ ойнаушы едік. Кейде түн ортасы ауғанда тарқайтынбыз. Небір әңгімелерін сол кездерде өз аузынан естідім. Ибрагим аға қайтыс болғаннан кейін Қаскелен жақта тұратын Исраил ағамызбен кездесе алмай қалдық. Жұпар жеңешем дүние салған соң Исағам сынарынан айырылған аққудай мұнайып, аурушаң болып кетті. Ол кісінің өзі шығарған 50 ән мен 200-

ге тарта ән мәтіндері халқымен бірге жасай береді. Небір жүрек тебіренерлік әндер. Ал лирикалық жырлары да қазақ поэзиясының антологиясынан ойып тұрып орын алды. Өткен жылы ғана Қазақстанның Халық жазушысы құрметті атағын иеленді. Бірнеше драмалық шығармалар жазып, пьесалары республика театрларының сахнасында қойылды.

Тарлан ақын, талантты драматург, сыршыл композитор ағамыздан көз жазып қалдық. Көкірекке өксік тығылып, көзге жас келеді. Жасы сексеннің бел ортасына жақындаса да, ақын ағамыздың қаламы қолынан түспей, жігіт қалпындағы жас сымбатын өмір-бақи сақтай білді. Исағанды сексеннің сенірінде деп ешкім ойламайтын. Оны жас көрсететін бойға біткен тума ақындық қасиеті еді! Ақындар өлмес болсайшы!

Алланың жазуына көнеміз де! Жатқан жері жәннаттың төрі болсын, әуесар бұлағынан сусындасын! Бақұл бол, Исаға!

Бауыржан ЖАҚЫП

## БІЗДІ ТАНЫСТЫРҒАН ӨЛЕҢ МЕН ӘННІҢ ҚҰДІРЕТІ

«Неменеге жетістің, бала батыр? Қариялар азайып бара жатыр. Бірі — мініп келместің кемесіне, Бірі — күтіп, әнеки, жағада тұр», — деп Хантәңірдің мұзбалағы Мұқағали жырлағандай, мінеки қазақтың көрнекті де керемет ақыны жанымдай жақсы көретін танымал драматург, композитор Исраил ағамыздан айырылып, қабырғамыз қайысып тұр, ағайын.

Мен алғаш рет ағамен 1970-жылдары таныстым. Содан бері арамыз-

дағы қарым-қатынас үзілген емес. Таныстығымыз достыққа айналып, шығармашылық байланысымыз нығая түсті. Екеуіміз бірігіп бірнеше ән жазып, тыңдарман қауымның ризашылығына бөленгеніміз де рас. Ажал айтып келмейді. Соңында ағамыздың халқына арнаған өшпестей өлең-жырлары, әндері, шығармашылық туындылары қалды.

Асыл аға! Жаныңыз жәннатта, топырағыңыз торқа болсын!

Алтынбек ҚОРАЗБАЕВ

## СЫРЫ БАСҚА, ЖЫРЫ БӨЛЕК ДРАМАТУРГ

Өнер атаулының шешілмес ескі түйіні қашаннан жауапсыз сұрақ, мәңгі дау. Балалық шақ. Бұйырмаған базарлық. Өскен орта. Соңғы биіктік. Өз тағдырын.

Әр шығармаға (пьеса) ой жүгіртсек, жазған оқиға, айтылған сөз, келтірген бейнен, көрсеткен тартыстарың, драма жанрына толықтай пана болыпты. Жансірі талант бірлікпен жиган осындай абыройың театр өнеріне ұят келтірген емес. Сахна. Премьера. Аншлағ.

«Дүниемді қоймадың-ау» деп (реті келмей жүр) сырттан ғайбат сөз айтып, тас атқан жерің және жоқ. Қашан болса да (өнер адамдарына) құрметпен қарап мадақтаумен өттің. Парасат. Келбет. Сыйласым. Бұл да — бір өмір.

Осындай қысқа өмірдің кимас базарында еш ренішсіз жақсы жастың жотасында осылайша, тік өттің. Азаматтық парызың үлгі.

Мұндайда көз көрген көрермендеріңнен айтылар жылы лебіз: «Жақсылар дүниеден өтсе де, өнерге ашқан шымылдығы жабылмас». Бақұл бол!

Ерсайын ТӨЛЕУБАЙ

## ӨЛМЕЙТІН ӘН ҚАЛДЫРДЫ

Тыңдағанда көңіл қылын шертетін, тұлғабойыңды шымырлататын лириктер шоғырында жұлдызы жарқырап тұрар Исраил Сапарбай дүние салды. Махаббат жыршысы ғұмырының соңына дейін жігіт, ер, яғни еуропа тілімен айтқанда джентельмен болып өтті. Ол нәзік-жандыларға ерекше ізетін, жылы жүрегін, мейірімін ғана емес, ақындық ақылын, ермінезділігін, өмірге ғашықтығын, сезімталдығын, серілігін, сергектігін, қарапайымдылығын, қайырымдылығын өмірде көрсете білді.

Мұндай қасиеттері болмаса, еңбек жолында журналистық, дипломатиялық, жазушылық, өзге де жауапты қызметтерде бағын сынау бақыты оған бұйырмас та еді. Кезінде партия мектебінде тәлім алып, кезегінде жана дәуірдің партия құрылысы ісіне араласа жүріп, бар талантын халқына арнауы — көпке үлгі боларлық өнеге. Оның туындылары елге тез тарады, танымал үздіктердің қатарына енді. Нағыз хитке айналған әндердің атауларының өзі айтып тұрғандай емес пе?

«Сағыныш сазы», «Махаббат мәңгі ертегі», «Егіз лебіз», «Бір тамшы көздің жасындай», «Сағындым сені», «Қоштасудың қиыны-ай», «Алақанымнан

ұшқан аққуым», «Сен болмасан», «Жұлдызым», өзге де көптеген әндері әуенімен, сазымен, сөзімен ғана емес, орындаушыларымен есте қалды.

Әнге мәтін жазуға талпынып, ақыл сұрағанымда бәлсінбей, білгенін ашық айтты. Қаншама қазаққа мәтін жазу әліппесін үйреткенін айтып, кеудесін қақпады, мақтанбады. Ол кез келген адамның сезімін, сенімін сыйлай білді.

Иә, жақсы ән жақсы адамдарға күш-қуат сыйлайды, жүрегіне от беріп, қанат қақтырады.

Бір өлеңінде ақын Исраил Сапарбай: «Сыйынарым, сүйінерім — бір Алла! Тылсым бар-ау, Бір сыр бар-ау, сірә, онда?.. Шоқ-шоқ болып өспейді ғой шынар да!

Топ-топ болып ұшпайды ғой қыран да!» — деп жазған еді.

Шындығында, елімізде жүздеген әнге мәтін жазған ақындар көп емес. Әні бар кезде қазақтың рухын ешкім жыға алмайды. Халқымыз аман тұрғанда өлмейтін ән қалдырған Исраил аға Сапарбайдың аты да өшпейді. Алла разы болсын!

Дархан МЫҢБАЙ

## ЖАНАРТАУЫ СӨНБЕЙТІН...

Жаны – жұмбақ, көңілі-ақ, мінезі – ашық, ұстанымы – берік, мұраты – биік, ансары – өлең, ансаты – сұлу саз, арманы – асқақ Исраил ақынның ғажайып өз әлемі бар еді. Ол қазағым, ұлтым, халқым, қалың кара орманым деп ғұмыр кешті. Ол кеудесін кермеген, намысын бермеген, өзекжарды ойларын сұлу өлеңмен зерлеген, әсем сазбен тербеген өнер иесі еді! Өмірде қарапайым, адами қарым-қатынаста ізетті, үлкенге де, кішіге де сыйлы азамат еді! Ұлтшыл еді! Жанартауы сөнбейтін, жырларымен жүрек дертін емдейтін ақын еді! Амал қанша, фәниден бақиға озды... Бақұл болыңыз, аға!

Әділғазы ҚАЙЫРБЕКОВ

## АҢДЫП КЕЛГЕН АЖАЛҒА АЙЛАСЫ ЖОҚ АҚЫННЫҢ

*Үй ішінде білте шам өлімсірей  
жанып тұр,  
Таңға жетпей жарықтың  
өшетіні анық-дұр.  
Аңдып келген ажалға айласы  
жоқ ақынның,  
Ат басындай жүрегі әлсін-әлсін  
соғып тұр,* –

деген Исраил атамыз да дүниеден қайтыпты. Атамыздың артына қалдырған шығармалары бір төбе болса, қылышынан қан тамып, арыстанның аузынан ас, қылыштың жүзінен су ішкен уақытта қалмақ шал мен інісі, «Ясауиді соттап», Исмадулла ақсақалды қаралап, «Алланы мақтадың, мадақтадың (зекіреттің), қазақтың қарағөз бозбаласын теріс жолдан бұрып, халықты вахабизммен улауға кедергі

келтірдің», – деп айыптау науқаны жүріп жатқанда, Ыбырайым пайғамбарды Намрұттай дінсіздің отынан құтқарамын деп қанатымен су сепкен қарлығаштай Исраил атамыз да қазақтың бір топ зиялысымен ашық хатқа қол қойған еді, Исмадулла ақсақалды жақтап, араша түсіп еді, қазақтың руханиятына арашасы болып еді.

Атамыздың дүниедегі жақсылығының жанында бұл қайсарлығы өзінше бір төбе. Адам қуанарлық, Құдай қош көрерлік іс. Өкініштісі сол, ақиқатты түсінген қазақтың қайсар қариялары азайып барады. Атамыздың осы жақсылығы қабірінде шырақ, жәннатта мінер пырақ болғай!

Ғабит ДАЙЫНОВ

## КӨҢІЛІ АЛТЫН САНДЫҚ АҒАМЫЗ ЕДІ

Таңғы сағат сегіздерде әлеуметтік желіден Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары Қасымхан Бегмановтың аса бір қастерлі де сыйлы ақын ағамыз Исраил Сапарбайдың қазасы жайлы суық хабарын оқып, төбемізден жай түскендей болдық. Өзіміз үлгі-өнеге тұтатын ағамызбен алғашқы таныстығымыз, бірге жүрген күндеріміз күні кешегідей санамыздан кинолентасындай сырғып өте берген соң, амалсыз ноутбукқа отыруымызға тура келген еді.

1985 жылдың қоңыр күзі. Өтепберген Ақыпбекұлының Талдықорғаннан келетін көшін күтіп алып, жүгін түсірісуге «Қазақ әдебиеті» газетінің бір топ жігіттерін бастап келген Иса-ағамызбен етене таныстығымыз осылай басталды. Дастарқан басында бір-екі жаңа әнін де тындап үлгергенбіз. Көп кешікпей ақын ағамыз «Жазушы» баспасының поэзия редакциясына менгеруші болып келіп, бір ұжымда қызметтес болдық. Ағамыз ол кезде бізге жас көрінетін. Өз басым Жарасқан, Ибрагимдер тұрғылас шығар деп ойлайтынмын. Мінезі жібектей, жалпы болмысы өте сұпайы, кішіпейіл, сегіз қырлы, бір сырлы ағамызды құрмет тұттық.

2009 жылы танымал меценат Исмабек Салжанов ініміздің шақыруымен Үмбетбай ағамыз бар, Иса-аға бәріміз Ақтөбе қаласында бір жұмадай құрметті қонақ болдық. Бұл біздің жақынырақ танысып-білісе түсуімізге мүм-

кіндік туғызған сәтті де, пайдалы сапар еді. Ақын ағамыздың жасы жетпіске таяп қалғанын сонда ғана біліп, тәнті болғаным бар. Сөйтсем, жаны мен тәні саф алтындай таза ән мен жырға тұнған нағыз өнер адамы қартаймайды екен ғой! Сол сапардан түйіп қайтқан ойымыз осы еді. Ақтөбеден оралған бетте, ағамызбен ақылдаса келе, алдағы жетпіс жылдығына орай Исмабек бауырымыздың демеушілігімен «Махаббат маусымы» атты жыр жинағын шығардық та, сол тартуымызды арқалап, Шымкент, Жетісай қалаларын аралап, Иса-ағамыздың қалың оқырмандарын қуантып қайтқанымыз бар еді.

Иә, ол бір қайталанбас тарихи күндер екен ғой, шіркін! «Жазмыштан озмыш жоқ» деп өзімізді, ағамыздың отбасын, қалың көрермені мен жырсуіер, әнсүйер қауымын жұбатқаннан өзге қолдан келер шара қайсы?! Қимас шырайлы шақтарды өткен шақта еске алудың өзі қандай ауыр еді, десенізі! Мәшһүр Жүсіптің: «Адам қайтыс болған күні өлмейді, ұмытылған күні өледі» деген ұлағатты сөзіне жүгінетін болсақ, Исраил Сапарбай ағамыздың есімі ешқашан ұмытылмасы хақ. Қазақ деген халық барда, қазақ тілі барда жаңғырып, жасай бермек.

Бақұл болыңыз, ардақты да аяулы, абзал аға! Алламыз алдыңыздан жарылқап, жайлы орныңыз бейіштің төрінен болсын!

Арасанбай ЕСТЕН

## Қош, аға!

Исраил ағамен марқұм Қуандық Ақан досым таныстырамын деп ниеттеніп жүрген еді. Сөйтіп жүріп, кездестіре алмай, ақыры қайтыс болып кетті ғой досым. Бірақ оған ватсаптан шимайымды жіберіп тұрған екен. Бір күні ағаның жазған пікірін жіберді: «Мына балада бірдеңе бар, тоқтатпасын, ізденсін! Сөздері ірі де терең екен. Өз-өзін қамшылай берсін. Қазір

жастар жалқау, іздене бермейді» дегені есімде қалыпты. Қуандық қайтқан соң өзім ағаны іздеп барып, танысып келіп еді. Ол да болмады. Ойда жоқта ауырып қалдым, әкем қайты, әйтеуір, бір бітпейтін шаруа. Көре алмай қалдым ағаны. Тілдесе алмай қалдым. «Күллі қазаққа танымал И.Сапарбай дүниеден өтіпті» дегенді естіп, жүрегім ауырды. Қайтейін... өкініш-ай... Иманы жолдасы болсын!

Қайрат ТІЛЕКҚАБЫЛҰЛЫ

## Қайрат КЕМАЛОВ

Қазақстанның театр және кино өнерінің майталманы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Парасат орденінің иегері Қайрат Кемалұлы Кемалов 67 жасында дүниеден озды.

Қайрат Кемалұлы Кемалов – кенестік және қазақстандық театр және кино актері. Ол «Қазақ хандығы» фильміндегі Керей ханның рөлі арқылы көрерменге кеңінен танылған.

Өнер мақтанышы 1958 жылы, 8 қаңтарда қазіргі Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданының Атасу кентінде дүниеге келген. 1978 жылы Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының театр факультетін бітірген, драма театрының актері. 1978 жылдары М. Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының актері.

1980–1983 жылдары, 1985–1994 жылдары С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық қазақ драма театрының актері. 1990–1995 жылдары – Ақмола облыстық қазақ музыкалық-драма театрының актері. 1995 жылдың қыркүйек айынан бері – С. Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық қазақ драма театрының артисі.

## ӨЛМЕС МҰРА ҚАЛДЫРДЫҢ

Досым Қайрат, курстасым, мына жалғанмен сен де қоштасыпсың. Жаманат хабар жеткенде төбеме жай түскендей болды. Талантың консерваторияда оқып жүрген кезде-ақ жарқылдап, курстың өнердегі Темірқазығы болдың. Көзің күлімдеп, қою, қуатты үнің арқырап Ақан сері, Петручио сияқты актердің актері ғана бара алар рөлдерді еркін алып кетуші-ен. Ұстазымыз Ыдырыс Ноғайбаев болып, «Мен келем-ай, Қаракыпшақ Қобыланды!» деп күркірегенінде, тура Ыдырыс аға едің!.. Қайран, Қайрекем!.. Домбыранды алып, халық әндерін салғаныңда арқаланып, күдіреттеніп кететінсің... Бір, екі ғасыр ерте тусан, бүгінде Ақан сері, Біржан салдар сияқты аты өшпес мұрамыз болар едің... Дипломдық жұмысыңды көрген Әзірбайжан Мәмбетов бірден М.Әуезов театрына алды. Тағдыр желі теріс соқпағанда бойыңдағы арқыраған алапат дарының арнасын

тауып, телегей теңізге айналар ма еді... Киноға кеш келдің. Нағыз ұлттық герой едің ғой. Талант... харизма... энергетика... Кинодағы Керейің қандай! Театр актерінің бай тәжірибесі киноэкранның сараң тілімен ұштасып, «Міне! Қазақ актері, міне, осы!» дегізетін образ сомдадың... Он екі-он үш жыл бұрын Алматыға бір келгенінде, аты жаман ауру жабысқанын айтып ең. Ол жалмауызды жеңіп ең... Т.Жүргенов академиясында жүргеніңде «Қарағандыданмын, Қайрат Кемаловтың шәкіртімін...» деп келетін үміткерлерді көргенімде, өзіндік көргендей қуанатын едім, досым!.. Амал нешік... Енді сен туралы өткен шақпен сөйлейміз... Сен бірақ аса дарыныңмен өлмес мұра қалдырдың, досым! Бір өкініштісі, театр актерінің еңбегі құмға жазған хаттай... Ал сенің кинодағы еңбегің өзіннің көзі тірі бейнең!.. Жаның жәннатта болсын! Қош, Қайрекем!

Асылбек ИХСАН

## Мұхтар ТҮМЕНБАЙ

Тамаша публицист, шебер тележүргізуші, ғажап документалист. Адал азамат, ұлт патриоты. Елдік, ұлттық мәселеге келгенде өз ұстанымынан қайтпайтын қайсар еді. Бір сөзбен айтқанда, ол нағыз жазушының баласы еді. Елін, жерін еміреніп сүйді. Оның ұлттық арна қорында терең білімі мен биік парасатын дәлелдейтін ұлт тағдыры, оның тұлғалары туралы дайындаған мазмұн мен мағынаға толы хабарлары қалды.

## АЙДАРЛЫ ҰЛЫҢНАН АЙРЫЛДЫҢ, ҚАЗАҒЫМ...

Осыдан 5 жыл бұрын «Қазақ әдебиеті» апталығында «Әкеге хат» атты айдар ашып, өмірден озған ақын-жазушылардың ұрпағына (ұлдары мен қыздарына) сөз бердік. Әкеге хаттың алғашқы авторы Мұхтар болып еді. Мұхтар Түменбай. Бұрыннан таныс-біліс едік, осыдан кейін Мұхтармен жақын араласып кеттік. Іштесіп ұғыстық. Ол үнемі ізденіп жүретін, білмекке ұмтылатын, әдебиетке, тарихқа, философияға қатысты өзіндік байламы, пікірі бар азамат еді. Мұхтардың бір-екі әңгімесін әдеби басылымға сұрап алып жарияладық та. Ол соған ыңғайсызданып, қысылып жүрді. «Мен – жазушының баласымын. Сондықтан да жазу – мен үшін қасиетті, қастерлі дүние. Мына

әңгімеді жазушы ағалар оқыса, не айтады?» – деп, кәдімгідей тартынып, ұялды. Бетті, кеуделі жігіттің бұл ұялысы бізге қызық көрінді әрі оған риза болдық.

Бәріміз де «туған елімізді жақсы көреміз» дейміз ғой. Мұхтар елін алабөтен жақсы көретін. Ол қазақ халқын аппақ жүрегімен, мол білімімен сүйді. Ол қазағы үшін қабырғасын сөгіп беруге дайын жүретін қабылан ердің сойынан еді. Сені сүйген, сен үшін жаның құрбан етуден тайынбаған айдарлы ұлыңнан айырылдың, қазағым... Амал кем...

Бақұл бол, бауырым! Жаның жәннатта болсын!



Дәурен ҚҰАТ

## ОРЫНЫҢ ПЕЙШТІҢ ТӨРІНДЕ ШАЛҚЫСЫН

19 шілдеде, 63 жасында қазақ поэзиясының аққуы атанған, түркі әлемі поэзиясының патшайымдарының бірі Марфуға Ғалиқызы Айтхожинаның қызы Жанбота Айтхожина дүниеден өтті. Ол жастайынан аса талантты, бұршегел, еңбекқорлығымен танылып, Алматы қаласындағы №17 қазақ орта мектебін алтын белгімен тамамдап, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің философия, саяси экономика факультетін алдыңғылар қатарлы бітірді. Жанбота – өз мамандығын уақыт талабына сай игере жүріп, бизнес әлеміне алғаш ден қойған қазақ қыздарының бірегейі. Оның мейірімділік қор құрып, жұртшылыққа қайырымдылық жасағанының да куәсі болғанбыз. Үлкенмен де, кішімен де тіл табыса біліп, шетелдіктермен де тоннын ішкі бауындай араласқаны рас. Алматыдан арнайы емдеу орнын дайындап, шетелдік маман дәрігерлер шақыртып, алматылықтарды әр алуан аурулардан емдеткенін оның шапағатын көргендер әлі ұмыта қойған жоқ.

Ең бастысы, Жанбота халыққа кеңінен танымал, көрнекті ақын анасының арқасүйері, тірегі, ақылшысы болып, бұл өмірден озғанынша жанында болғаны. Қолын ыстық суға батырып, кеңжайлау үй салдыртып бергені. Марфуға Айтхожинаның тәні мен қанынан жаратылып, тағылым, тәрбиесін алған оның осындай болуы тиіс еді.

Бір айландырғанды шыр айландырған ауру оны ақыры алып тынды. Тағдырдың жазмышына не шара! Жаның жәннатта, орының пейіштің төрінде шалқысын!






# КҮЛЕМІЗ БЕ, ҚАЙТЕМІЗ?..



Умбетбай Уайдаулы – өмірден өзі өтсе де, шығармашылығы көңілдерден кетпейтін сирек тұлғалы сықақшы. «Оң көзім – поэзия, сол көзім – сатира» деп өзі айтпақшы, ол қоғамның көлеңкелі жақтарын түгел шолатын қыран көз еді. Ендеше, тікен тілдіміздің өткен күндерінде туындаған іштен шыққан «шұбар жыландарына» тағы бір көз жүгіртейікші.

**Умбетбай УАЙДИН**

## КҮЙЕУ, КҮЙЕУ, КҮЙЕУЛЕР...



**Анау:** Оқып отырғаныңыз қай газет, қарындас?

**Мынау:** «Жарнама».

**Анау:** «Жарнама?» Иә, ал «Жарнамада» не жазылыпты? Бойы қанша см ұзын, қанша см қысқа. Мойны қанша см жуан, қанша см жіңішке – тұла бойларынан толып жатқан мағлұмат беріп, кілең бай іздеген, қатын іздеген қасқаларды жазған да?

**Мынау:** Біріншіден, бұл – баспасөз. Екіншіден, тағдырды сіздің олай сайқымазақ қылуға хақыңыз жоқ, ағасы.

**Анау:** Ойбай, қарындас, өзімнің де жетісіп жүргенім шамалы. Жай айтам... Ал сіздің тұрмыста не өзгеріс, не жаңалық?

**Мынау:** Сіздің өз тұрмысыңызда не өзгеріс, не жаңалық?

**Анау:** Сол... оңбай тұр ғой.

**Мынау (күліп):** Бізде де бәлендей көп өзгеріс, не жаңалық болмай тұр ғой.

**Анау (қутыңдап):** Болмаса болдырмаймыз ба? Ол дегеніңіз, қолда тұр ғой?

**Мынау (ырышып):** Ой, жоқ!

**Анау:** Немене, «ой, жоқ?» Өміріңізге өзгеріс-жаңалық әкелетін қиялыңыздағы ол адамыңыз менен артық деймісіз?

**Мынау (сықылықтап күліп):** Қиялымдағы адамды сіз білмейсіз ғой.

### ҰЯТ МӘСЕЛЕ

Доп ойнайтын төбене кейде шығып, Пендешілік деген бар, пендешілік. Неге екенін, кей кезде мәселелер, Ол келгенде кетеді демде шіріп.

Пендешілік келгенде, пендешілік, Принциптің тамыры демде шіріп. Ұят байғұс бозарып, іштен тынып, Жылжи-жылжи кетеді елден шығып!

Пендешілік дейсіз бе, пендешілік? Содан өнген деседі елде шылық. Содан дейді, кім білсін, митингілер... Жыртсам ба екен тамақты мен де шығып?!

Мәселе боп қаралса пендешілік, Сөз сөйлеймін ұялмай мен де шығып. Түртпін кетіп талайды принципім, Елден шыға жаздадым, елден шығып!

**Анау (залға қаран):** Қандай адам, қандай күйеу болды екен, ей, мынаның қиялына түнеп жүрген? (Қызға қаран.) Сізге кереметі, меніңше, мандайы жарқыраған, маңғаз және мәшинесі бар бастық күйеу?

**Мынау (күліп):** Жо-ға.

**Анау:** Ендеше, былай болсын: мен осы қазір өзім білетін біраз күйеулерді іждағаттап айтып шығайын. Жолшыбай көңіліңізге ұнаған біреуін ұстасаныз, «стоп!» дерсіз.

**Мынау (күліп):** Иә, ал?..

**Анау:** Көзінен ұяты, бетінен иманы тамған ибалы күйеу; құласан, қолтығыннан демеп, қуансаң, қоса қуанып, жақсылық десе жаны кіретін, жамандық десе жанып өлетін күрескер күйеу; балаларын мойнына мінгізіп, шанаға салып сүйретіп, балабақшаға бара жататын, балабақшадан келе жататын, келіншегін арықтан аттатып, сөмкесін қолдасып, базарға бара жататын, базардан қайтып келе жататын «мынауский» күйеу... Күлдінің ғой, таптым білем?

**Мынау:** Айта беріңіз.

**Анау:** Айта берсем, әлқисса, қайын атасымен де, қайын енесімен де қалжыңдасатын, әдеп әлемінен бейхабар, берекесіз күйеу; үлкен отыр демей, кіші отыр демей қалыңдығын қапсыра құшақтап, жауырынын күтірлетіп сүйетін көргенсіз күйеу (күлменің, басыңызға келеді); үй күшік

кілең сүргін жүріспен шапқылап жүріп, өмірі мектеп есігін ашпайтын жұмысбасты күйеу... Күлдінің ғой, тоқтайын ба?

**Мынау:** Жай, өзімше...

**Анау:** Жақындап қалдым. Сусылдап әркімге

әйелін жамандайтын, зуылдап бармайтын жері жоқ, ашпайтын есігі, білмейтін тесігі және жоқ, кәдімгі жұмыстан жұмыс шак келтірмейтін сұйық күйеу; кіре беріс, шыға берісте, киоск-ларектерде, көшеде, кафеде, ана жерлерде, өңді қыз-келіншектер көрсе, беті жыбырлап, көзі жымындап: не анекдот, не бір ауыз әзіл тастап, қапелімде улана қалатын немесе бір аяғын, болмаса бір иығын алға жіберіп: «Мынау Киевтен келген дәм», «Мынау Мәскеуден келген дәм», – деп, конфет үлестіретін, өзінше көп нәрсе білетін, өзінше өзін сал-сері санайтын, ой, әдірам қал... «жентелменсымақ» күйеу; қу басы телефондандырылған, электрлендірілген, отын кіргізіп, от жақпайтын бір-екі бөлмелі үйде тұратын, «Үй болайық», – деп, әр әйелді үйіне бір шақырып, дәмелендіріп қоя беретін дәйіс күйеу... Неге күлдіңіз, жайшылық па?

**Мынау:** Жайшылық.

**Анау:** Қазір, міне, жақындап қалдым. Әншейінде әр жерде Бауыржандай батыр болып сөйлейтін, екіталай уақытта басқаны ұстап беріп, өзі басын сауғалап аман қалаты, қара бет күйеу; бір ауық Қасымдай қайсар ақын болғанып, бір ауық Қожанасыр болғанып, не боларын білмей жүретін «жалдап» күйеу. Күлдіңіз ғой, аманшылық па?

**Мынау:** Аманшылық.

**Анау:** Міне, біттім. Қалалы жерде қазір көбейіп кеткен, яғни өйтіп-бүйтіп бір әйелдің сеніміне кіріп, үйіне еніп, «пропискаға» отырып алатын алаяқ... кешіріңіздер, күшік күйеу; «пропискада» жоқ, бірақ «пропискаға» отырғанша бір әйелдің үйінде қалбалқтап жүре беретін қолбала күйеу... Сонымен, қарындас, осы айтқандарымның ішінен қайсысын ұстадыңыз?

**Мынау:** Ешқайсысын да...

### КІРІПТАРЛЫҚ, ОХ, КІРІПТАРЛЫҚ!

Кіріптарлық, екеуміз, кіріптарлық Қанша еңкейіп ана үйге кіріп бардық. Кіріп барлық қанша рет боп-боз бетпен, Қу тіршілік сирақтан іліп-тартып!

Кіріптарлық, о, қасқа, кіріптарлық... – Қаншама рет ана үйге кіріп бардық?... Кіріп барлық үкінің көзіменен, Орта жолда іркіліп тірлік барлық.

Көріне ме қасірет, қайғы ішінен, Қаранызшы көзіне қайыршының?! Қаранызшы, немесе ырк-ырк күлген Енді анау көзіне бай кісінің!

Кіріптарлық... о-о, қасқа, кіріптарлық, Мұқатпады кімдерді ол іліп-тартып. Өтінішін, мұқтажын жеткізе алмай, Қанша көздер жұмылды құрып қалғыр!

Пендешілік. Принцип. Кіріптарлық Осы үшеуі түйскен тірлік барлық. ...Ұят болды-ау. Ұяттан, кіріптарлық Босағада мөліп тұрып қалып!

Тұла бойы тұратын қайшылықтан, Пендешілік алдында қайсың мықты, ал? Кіріптардың басымен ойлайықшы Дүниені осы бір жайшылықта...

**Анау:** Ендеше, бұл дүниеден күйеусіз өтейін дегеніңіз де?

**Мынау:** Талап қылып жүр едім, бүкіл еркекті іске асырмай, өзіңіз ғой...

**Анау:** Ондашы, ұят болмаса, қиялыңыздағы кісіні білуге болар ма екен?

**Мынау:** Отан десе, отбасы десе ойы бөлінетін, ұйқысы бұзылатын, жора-жолдастарын жоғалтса, жарты жасы кемитін – бүкіл ар, ұят, намыс атаулыны бойына жинаған нарқасқа жігіттер қайда? Адамға – адам, анаға – жар, балаға – әке, қайда қайран еркек, қайран әкелер?!

**Анау:** «Отырған қыз орнын табады» деген, үндеме, тауып беремін. (Өзін көрсетіп.) Түбі осы кісіден ондысы жоқ...

ҚҰРЫЛТАЙШЫ – ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫ

Редакторлар кеңесінің төрағасы **Мереке ҚҰЛКЕНОВ**

Бас редактор **Бауыржан ЖАҚЫП**

Бас редактордың орынбасары **Қали СӘРСЕНБАЙ**

Редакция алқасының мүшелері:

**АЙТҚОЖИНА** Марфуға, **ӘБДІҚҰЛЫ** Төлен, **БАҚТЫГЕРЕЕВА** Ақұштап, **ЕЛУБАЙ** Смағұл, **ИРАН-ҒАЙЫП**, **КӨПІШ** Әшірбек, **ҚАБЫШҰЛЫ** Ғаббас, **ҚАНАЗ** Молдахмет, **ҚОШЫМ-НОҒАЙ** Байбота, **НҰРЖЕКЕ-ҰЛЫ** Бексұлтан, **НҰРМАҒАНБЕТОВ** Тынымбай, **ОРАЗАЛИН** Нұрлан, **САПАРБАЙ** Исраил, **СЕГІЗБАЕВ** Кәдірбек, **СЕЙСЕНБАЕВ** Роллан, **СМАТАЕВ** Софы, **ШАХАНОВ** Мұхтар, **ЫСҚАҚБАЙ** Марал

Жауапты хатшы **Мұратқали ДҮЙСЕНБАЕВ**

Әдебиет бөлімі: **Еркін ЖАППАСҰЛЫ**, **Еділбек ДҮЙСЕН**

Мәдениет және руханият бөлімі: **Мөлдір РАЙЫМБЕКОВА**

Әлеумет, тарих бөлімі: **Рымтай КӨКЕНАЙҚЫЗЫ** **Жүніс ОМАР**

Art-редактор **Марат СӘБДІКЕН**

Компьютер орталығының жетекшісі **Данияр ҚАБА**

Терімші **Рисқұл ЖҰМАБАЕВА**

Корректорлар: **Айнаш ӘЛДИБЕК**, **Гүлбану ЕРКІН**

Меншікті тілшілер:

**Астана қаласы**, **Ақмола**, **Солтүстік Қазақстан**, **Қарағанды**, **Ұлытау** облыстары **Айтбай СӘУЛЕБЕК**, Алматы облысы **Ержан ТОҚТАРҰЛЫ** Абай облысы **Дәулет СЕЙСЕНҰЛЫ** Ақтөбе облысы **Бауыржан ҚҰРМАНҚҰЛ** Атырау облысы **Әлия ДӘУЛЕТБАЕВА** Батыс Қазақстан облысы **Мәрлен ҒИЛМАНОВ** Жамбыл облысы **Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ** Жетісу облысы **Жангелді НЕМЕРЕБАЙ** Қостанай облысы **Жанұзақ АЯЗБЕКҰЛЫ** Қызылорда облысы **Қаршыға ЕСІМСЕЙІТОВА** Маңғыстау облысы **Сағындық РЗАХМЕТ** Павлодар облысы **Серік ЕЛІКБАЙ** Түркістан облысы **Айдар СЕЙДӨЗІМ** Шығыс Қазақстан облысы **Тоқтарбек МАҒЗҰМОВ** Шымкент қаласы **Момбек ӘБДӘКІМҰЛЫ**

Кезекші **Еркін ЖАППАСҰЛЫ**

РЕДАКЦИЯНЫҢ БАЙЛАНЫС ЖҮЙЕСІ: **8 (727) 272-88-17**

**e-mail:** [Kazakh\\_adebiety@mail.ru](mailto:Kazakh_adebiety@mail.ru)  
**Мекенжайымыз:** 050009. Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 105-үй. 3-қабат.

Индекс 65353

Газетте жарияланған авторлар пікірі редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Материалдарды көшіріп басқанда редакцияға сілтеме жасау міндетті. Кей суреттер ғаламтордан алынады. Редакцияға келген хаттарға жауап жазылмайды, қолжазба авторға қайтарылмайды.

Газет Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2011 жылғы 21 қарашада №12120-Г күәлігі берілген.

Газет Алматы – Болашақ АҚ баспаханасында басылады. С.Мұқанов, 223-В. • Офсеттік басылым.

Газет материалдары «Қазақ әдебиеті» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Тараымы 15 000. Тапсырыс 895